


12008

3188К

Тілеугазы
БЕЙСЕМБЕК

ӨНЕР



САНЛАКТАРЫ



Тілеуғазы Бейсембек

ӨҢЕР
САЛЛАҚТАРЫ

Қарағанды - 2007

ББК 84 Каз 7-5

Б 38

Кітапты шығаруға демеушілік еткен аяулы азамат Айбол
Жасұйымұлы Бидайбековке автор шексіз алғысын білдіреді.

**Б 38 Бейсембек Тілеуғазы «Өнер саңлақтары»-
Қарағанды, 2007 - 138 бет**

ISBN 9965-21-322-4

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын, композитор Тілеуғазы Бейсембектің бұл жинағына оның өнер адамдары туралы зерттеулері, олардың шығармашылықтары жайында жазылған жыр туындылары топтастырылған. Кітапта композиторлар М.Төлебаев, Л.Хамиди, С.Мұхаметжанов, дирижер Ш.Қажығалиев, әншілер Н.Нұсіпжанов, Қ.Байжанов, А.Әлиева, З.Жұбатова, күйши М.Битенов туралы тың деректер бар. Жинақ өнер зерттеушілері, мәдениет қызметкерлері, студенттер мен мектеп окушылары, жалпы оқырман қауым үшін көп мағлұмат береді.


4702250202

Б _____
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-21-322-4

© Бейсембек Т., 2007



Біріншиі ғөлім

ӨНЕР ӨЛАКЕСІНДЕ



Мұқан және **оның тұған** **топырағы**

Қазақтың түнгіш кәсіби композиторы, халқымыздың біргуар дарынды перзенті **Мұқан Төлебаев** туралы аз жазылған жоқ. Академик Ахмет Жұбановтың, композитор Евгений Брусиловскийдің жазбалары мен ғылым кандидаты Нұрғиян Сәлімқызы Кетегенованың монографиясын айтса да жеткілікті.

Біз бұл еңбегімізде жоғарыда аталған ғалымдардың қаламына ілінбей қалған кейбір жайларды баяндауды мақсат еттік.

Мұқан Толебаев қазіргі Алматы облысының бұрынғы Бөрілітебе ауданында, Лепсі өзенінің Көкше теңізге (Балқаш көлі) құяр тұсындағы Шұбартаубек деген жерде 1913 жылдың 13 наурызында дүниеге келіпті. Экесі Төлебай Үйсімбайұлы (1861 - 1933) біртоға, момын адам болса керек. Мұқанның кенже інісі Әбілмәжіннің: «әкеміз қарапайым, ақылды, ешкімді жатсынбайтын кеңпейіл, мейірімді адам еді» деген сөздері бар. Бұл – осы жолдардың авторы Әбілмәжінмен талай кездесіп, оның үйінде болып, көп әңгімелескенде айтқаны еді.

Мұқанның анасы Тәжібала (1888 - 1972) Найманның Садыр бұтағынаң тараған Етектегі Ерші (ел ішінде Лепсі өзенінің бас жағындағы, тау бектеріндегі Ершілерді - Өрдегі Ерші, ал сол өзенінің Балқашка құяр тұсындағы Ершілерді Етектегі Ерші деген) Ақшал деген адамның бәйбішесінен туған алты қыздың үлкені екен. Тәжібаланың сіңлісі Күріштің баласы Төреғали Усанов: «есімді біле бастаған

кезімде Күріш шешем: «әкем ақын еді, әнді де өте жақсы айтатын, дауысы да сондай адамға жағымды еді. Менің өнерге бейімділігім де әкемнен қонған» деп айтып отыратын еді» дейді. Содан әрі Төреғали анасы Күріштің суырыпсалма ақын болғанын айттып, оның бір айттысын еске алған еді. Бірде ауылда бір думан больш, анасы Күріш бір жігітпен айттыска түседі. Жігіт те осал емес еken. Күрішке жеңістік бермей, бастырмалатып бара жатса керек. Осыны байқаған әкесі Ақшал үйінде отырған Тәжібалаға айтады. Тәжібала әлгі той болып жатқан жерге барып, адамдармен сөйлесіп, ақын жігіт туралы мәлімет алады. Сосын Күріштің қасына отыра қалып, қинальп отырған сіңлісінің құлағына сыйырлап, «мынаның әйелі үйінде отырып бала тауышты» дейді. Сол-ақ еken Күріш шабыттанып:

*Өлеңге сен де дұмді, мен де дұмді,
Қазысса екі дұмді, қазар мінді.
Тогызды шаптай алған жүйрік едім,
Талайдың айттысам деп сагы сынды.*

*Өлеңге сен де дұмді, мен де дұмді,
Қазысса екі дұмді табар мінді.
Әйеліңің кінәсін білмедің бе,*

Үйінде бала тауып болған мұңды? – деп, өлеңді төгіп-төгіп жібергенде, ақын жігіт айттарға сөз таптай, төмен қарап отырып қалған дейді. Сөйтіп, әпкесі көмектесіп, жеңіс әперген осы айттыс туралы Күріш балаларына айттып отырады еken.

«Үйдің жақсы болмағы – ағашынан, үлдің жақсы болмағы – нағашыдан» деп қазақ бекер айтпаса керек. Мұқанның нағашы жұрты өнерлі еken. Оның анасы Тәжібала нағыз «от ауызды, орақ тілді» ақын болған деседі. Ақын деген атағы біраз жерге жетсе керек. Жетісулың созге жүйрік ақындарының бірі Қуат Терібаевтың: «...Тәжібала деген ақын әйел бар... Азу тісі балғадай, жалын жалап, от шайнаған ақын. Қарашайым қазақ әйелінің одан асқан талқырлығын,

одан өткен созге жүйрік дүлдүліп өзім көрген де, естіген де емеспін» деген сөздері бұған дәлел.

Ақын Мәриям Хакімжанованаң: «... Ілияс Жансұғіров ағайдаңың аузынан белгілі ақын Тастанбекқызы Сарамен қатар Жетісу бойындағы Тәжібала деген бір ақын әйелдің есімін естігсінім бар-ды» деген сөзіне қарағанда Тәжібаланы Ілияс та білген, бағалаған. Ендеше Тәжібала сол өнірдегі ақындармен талай айттысқа түскен болуы мүмкін. Алайда, ондай деректер, айттыстардың мәтіндері сақталмаған. Дегенмен оның сұрынысалып айтқан өлеңдерінің кейір шумақтары ел аузында қалған.

Момын шаруа Төлебай кеш үйленіпті. Үйленгеннен кейін де балалары түрмай, бір жас нәрестені сағыныш, аңсап жүрген кездे Мұқан туылты. Содан Төлебай да, Тәжібала да тұңғыштарын ерекше жақсы көріпті. Мұқан туарда Тәжібала тұс қөріпті деген аңыз бар. Тұсінде Тәжібала бір құсты ұстап алыпты. Еркіндікке үйренген құс емес пе? Қанатымен сабалап, Тәжібаланың қолынан шығып кетпек болады. Тәжібала құсты қолынан шығармай, құшағына қысып жатып оянады. Содан үйқысы анылып кеткен ана «мына күтіп жүрген сәбиім тағы да колымга түрмай, құс болып ұшып кетейін деп жүр ме?» деген күдікпен уайымдап, таңертең тұрысымен ауылдың бір сыйлы ақсақалына барып, тұсін жорытады. Негізі тұсті жақсыға жорыған жөн ғой. Ақсақал сонда: «қарагым, құсты қолынан шығармай, бауырыңа басып, ұстап қалғаның дұрыс болған. Нәрестелі боласың. Ұланың құс қанаты жететін биікке самғап, атағы аспан әлемін шарлайтын елінің абзal азаматы болады екен» - деп, батасын беріпті дейді.

Мұқан туғанда Төлебай қатты қуанып, молданы алдырыш, құран аштырып, азан шақыртып, Мұхамедсәлім деп атын қойдырыпты. Ата-анасы оны еркелетіп, Мұқан деп, содан ағайын-туыс, ауыл-аймақ түгел солай атап кеткен. Композитор осы Мұқан атымен әлемге әйгілі болды.

Мұқанға музыкалық қабілет, жалны өнерге деген бейімділік тек қана нағашы жүртynan дарыған десек кателесеміз. Толебай өнерге талпынбай, шаруамен айналысып кеткен. Әйтпесе, оның тұқымында да өнерлі жандар баршылық. Садырдан тарайтын Тобышақ ішінде Төлебайдың аталас туысы Құл деген айтулы ақын, сері болған. Құл ақын (1844 – 1914) өнер күшіп, серлікпен жүріп, үйленбей өткен. Ол үстіне ұзындығы тізесінен түсетін көйлек киіп, оған неше түрлі сылдырмақ тағып, домбырасын қанжыгасына байлап алғып, ел аралаш, кездескен ақындармен, қыз-келіншектермен, тіпті келіндерімен де айтыса береді еken. Содан елі оның Құл деген атына «сері» деген сөзді қосып, «Құл сері» атап кеткен. Әбілмәжіннің айтуынша Тәжібала сол сері-қайынағасымен де айтысқан көрінеді.

Тобышактың ұрпағы, Құл ақын мен Мұқанның аталас туысы, Лепсі кентіндегі М.Төлебаев мұражайының директоры Қажыбай Хасенұлы Дүйсенбеков кезінде Жексембай деген бидің Құл ақынға берген сипаттамасын келтіреді. Онда Құл ақынды былай суреттеген:

*Аққұба, отты қөзді, сирек сақал,
Кияқ мұрт, тілі үшкір созге басар.
Қыр мұрын, жазық маңдай, қаусырма жасақ,
Көмейден сөзі ағылса, көңіл ашар.
Кең ишік, ұзын бойлы, тік денелі,
Құрбыдан артық тұрап, тұрса қатар.
Қолында төрт бұрышты күміс жузік,
Жарқырапт қөзге тұсер жақұт, гауңар.
Қадалған жеселбегейге қоңырау сылдыр,
Ақынның елге таққан сөзі мөлдір.
Парасат, ақыл, білім ерге бітсе,
Адамның қанаттысы, мынаны біл.*

Бұған қарағанда Құл ақын бойына ақыл мен парасаты біткен, білімді адам болған. Сонымен қатар, Құл сері әрі ақын, әнші, композитор еken. Оның «Шұбарағаш, Ойжайлау», «Жетісу жерім-ай», «Ойжайлау», «Өтебай», тагы

басқа әнлөрі ел ішіне кеңінен тараған. «Өтебай» әнін Мұқан «Біржан – Сара» операсының екінші актысына жазған кіріспеде пайдаланды.

Сондай-ақ, Құл ақын айтыпты деген шымшыма өткір сөздерді халық әлі де ұмытқан жоқ. Солардың бір-екеуін келтірейік. Ауылда бір көсө адам болыпты. Нағыз «шықбермestін» өзі екен. Ешкім одан ештеңе сұрап ала алмапты. Бір күні көсө қырман бастырып жатқанда оған Құл сері келіпті. Ол:

*Ассалаумагаләйкүм, ұлken көсө сен едің,
Кіші көсө мен едім.
Қыдырылды қырман деген соң,
Кеусен сұрап кеп едім.
Бермейтұғын сен емес,
Алмайтұғын мен емес,
Келе сала сұраган
Менікі де жөн емес.
Екеуміз де көсеміз,
Көсө гып тапқан шешеміз.
Мал мен басты көп беріп,
Сонымен толған есеміз.
Құмга шықкан селеудей,
Жылтырап тұр мұртымыз.
Көңіліңіз орге шапса да,
Солып қапты-ау ұртыңыз.
Бір қап тары бер-дағы,
Көсениң көзін құртыңыз – дегенде, көсө
адамдарына «мынаның сұраганын беріндер, әйтпесе алмай
кетпейтін түрі бар» десе керек.*

*Ақ далам, армысың сен, жалқын атқан,
Балқашым, буырқанып, шалқып жатқан.
Лепсі Алатаудан бастау алып,
Өбісіп бауырыңа басып жатқап.*

*Бабамның мекені бул – Шубартұбек,
Сан үрпақ қанаттанып, ұшқан түлел.*

*Бойға қуат, санага сана қосқан,
Киелі ата қоныс орның болек – деп*

Мұқанның інісі Әбілмәжін жазғандай, осы киелі өнірде Апыrbай Әуелбайұлы (1861 - 1934) деген ақын, әнші, домбырашы-күйші өмір сүрген. Мұқанның әнгес, күйге құмарлығын байқаған Апыrbай оны осы өнерге баулыш, жиын-тойларға ертіп барып жүрген. Бір кездері Апыrbайды Мұқанның нағашысы деген жаңсақ пікір қалыптасқан еді. Қазір де құмәндاناңдар болуы мүмкін. Шын мәнісінде Апыrbай Мұқанның немере ағасы. Аталарын атап, жіктеп айтатын болсақ, Тобышактан тарайтын Баңың – Біреуіл, Қапсалан деген балалары болған. Біреуілден – Төлебайдың әкесі Үйсімбай, ал Қапсаланнан – Апыrbайдың әкесі Әуелбай туады. Қажыбай Дүйсембековтен алған дерек бойынша осылай.

Мұқанның өнерге басқан алғашқы қадамына әсер еткен, оның ел ішінде әнші атанып, үлкен өнерге қанаттануына шабыт берген де немере ағасы Апыrbай болғаны анық.

Апыrbай ақынның қызы Наушатай (Наушарбан) әкесі туралы біраз әңгімелеген еді. Ақындықты жаңа бастап жүрген кезінде, оның дарынына сенген Садыр елінің үлкен ақсақалы ақын Саякен Апыrbайға: «Балам, кисыны келгенде етігінмен су кешерсін, ұзаққа шабасың, алған бетің дұрыс. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген, тартынбай сөйле» деп, батасын берген дейді. Содан Апыrbай айтysқан адамдарына «бетің бар, жүзің бар» демей, аңы шындықты айтап, өткір сөзбен тіліп тастап отырады еken. «Басқа пәле - қызыл тілден» демекші, бірде мынадай оқиға болыпты. Ертеректе Нияз деген батыр болған еken. Сол елдің ақыннымен айтysып отырып Апыrbай:

*Сенгенің Қайырбек пен Қайранбек пе,
Жақыбың алтыпқашпа, тым желокпе.*

Ендігі жамандардан қорықпаймын,

Өліп қалған тіріліп Нияз кеп не? – дегенде,

аты аталиған тірілер на мыстынып, «аруаққа тіл тигізді» дегенді желеу етіп, күш көрсетіп, Апырбайдың аяғына кісен салып, қамал тастаған екен. Содан Апырбайдың екі досы оның үйіне барып, байлаулы тұрған ала сиырды айыпқа береміз деп апара жатқанын көрген Ахметжан деген ауылдың сыйлы ақсақалы өзі барып, озбырларды ұялтып, ақынды да, ала сиырды да босатып алған дейді.

Апырбайдың айттыстары сақталмаған, бірақ әр айттысынан үзінділер, өткір сөздері ел аузында жүр. Ақынның Баймолда деген қурдасымен айттысынан қалған шумақтарға назар аударайық.

Баймолда: *Орыстың зымырайсың кемесіндей,*
Мастердің зырылдайсың шегесіндей.

Қарасам, бет-аузыңда бір тал тук жоқ,
Жартастың жалтыраган төбесіндей, -

деп Апырбайдың көсөлігін айттып түррейді.

Апырбай: - *Тас төбең тасбақаның сүйегіндей,*
Сақалың тоқты қошқар күйегіндей.
Түк басып бет-аузыңды кетіпті гой,
Теңіздің қамыс-қоға жиегіндей.

Баймолда: - *Әуелі сөз сойлейік Апырбайдан,*
Менімен бір жыл туды кәпір қайдан?!
Тап-тақыр иегіңде қылтанақ жоқ,
Елдің әйел дейтіні осындаидан.

Апырбай: - *Басы бар Баймолданың сырлагашадай,*
Жап-жалтыр тағасызыз бит түрмагандай.
Басыңды омыртқадан құрт жеп жатыр,
Күдайдың бірдеңесін үрлагандай.

Осы қысқа үзінділерден-ақ екі айттыскердің де тапқырлығын, сезге жүйріктігін, өткір тілін, өресі биік, ауқымы кең ақындық деңгейін анғаруға болады.

Апыrbай ақынның туган жер туралы, өмір жайлары өлең-толғаулары оның қызы Наушатайды бар. Наушатайдың анасы Зылиха да ақын болған. Апыrbай мен Зылиханың отау күруы да аңызға бергісіз әңгіме. Әйгілі Құл сері Зылиханың әкесі Жақыппен сыйлас адамдар екен. Бір күні сері сырласы Жақыпқа келіп, Апыrbай жайында айттып, оған Зылиханы қосуды сұрайды. Қыз әкесі қарсы емес, бірақ оған қыз қалай қарайды? Содан Апыrbай мен Зылиха айттысатын болады. Сол айттыс – қыз бен жігіт айттысының тамаша бір үлгісі болған екен дейді көнекөз қариялар. Айттыстың шарты бойынша Апыrbай жеңсе, Зылиха оған тұрмысқа шығуы керек екен. Ақын жігіттің дарыны мен арынына тәнті болған қыз әдейі жеңілді ме, болмаса жігіттің мысы шынымен басым болды ма, кім білсін? Әйтеуір, Апыrbайдың мерейі үстем болып, Зылихаға үйленіпті. Бұл туралы анасынан естігенін Наушатай жырғып айтады.

Міне, осындай дарынды ақындар мен әншілер өнген топырақта туыш, өскен Мұқан қалай дарынды болмасын. Туган жердің жұпар ауасы, Балқаштың асау толқындары оған әруақытта шабыт берді. Содан болар ол алғашқы көлемді туындысын, кейін әлемге әйгілі болғап, казак музыка өнерінің озық үлгісі «Біржан – Сара» операсын сол Шұбартұбекте бастап жазды. 1944 жылдың маусым айында Мұқан туган ауылына келіп, операны бастамақшы болады. «Пианино тауыш қойындар» деп үй ішіне хат жазады. Бұған ауыл-аймақ қуанып, күйсандықты іздестіреді. Сол кезде аудан орталығы болған Бөрлітөбе деген жердегі орта мектепте пианино бар екен. Аудандық оку бөлімінің бастығы Мұқан Жылысбаев деген кісі иғілікті іске қажет екенін естіген соң, күйсандықты беруге рұксат етеді. Мұқан Жылысбаевты бала кезімде көргенім бар. Әкеммен сыйлас болатын. Бетінде шешек дағы бар, қызыл шырайлы, келбетті кісі еді. Ол да әнді жақсы айтатын, ұмытпағасам, дауысы – баритон болатын. Ал оның інісі, Қазақстанның халық артисі, әйгілі әнші Бекен Жылысбаевин кейіннен таныстым. Содан

пианиноны Бәрлітебе пристанына жеткізіп, одан кемемен Қарашығанға апарып түсіреді. Одан әрі өгіз жеккен арбамен, көптеген қындықтармен ауылға әкелгенін Әбілмәжін тәнітіштеп жазған.

Сөйтіп, сол ауылда әйгілі «Біржан – Сара» операсының екі актысы жазылды. Мұқан операны 1946 жылы толық аяқтап шықты. Оның либреттосын ақын, ғалым Қажым (Қажығали) Жұмалиев жазды. Операның озық шығарма боларын аңғарған өнер шеберлері оны жарыққа шығаруға құлышына кірісті. Оны Қазақстанның халық артисі, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, режиссер Құрманбек Жандарбеков (1905 - 1973) тұнғыш рет сахнага шығарды.

Операның тұнғыш дирижері, Одессада опера және балет театрының бас дирижері, консерватория ректоры болған қайраткер, Петербург консерваториясының түлегі, тамаша музыкант Григорий Арнольдович Столяров (1892 – 1963) еді. Ол 1945 – 48 жылдары Абай атындағы опера және балет театрында бас дирижер болып қызмет етті. Ол операга жоғары баға берді. Кейін Мәскеуден Мұқанға жазған хатында: «Ваш «первенец» «Биржан-сал» найдет горячий отклик в моем творчестве дирижера» - деп шын ниетін білдірді. 1948 жылты оның ұсынысымен және дирижерлік етуімен «Біржан – Сара» операсы Улксен театр әншілерінің орындауда Бүкілодақтық радиога жазылды.

Белгілі театр суретшісі Анатолий Иванович Ненашев (1903 – 1967) операның сахналық декорациясын жасады. Ол 1937 жылы Париже өткен Бүкілдүниежүзілік көрмеде «Қызы Жібек» операсының декорация эскизі үшін алтын медаль алған өнер қайраткері еді.

Операдағы би сахналарын А.В.Луначарский атындағы театр өнері институтының балетмейстерлер бөлімін бітірген Даурен Әбіров қойды. Ол – халық билерін сахнага ықшамдағ қойған қазақтың тұнғыш кәсіби балетмейстері, әрі бишилік еді. Операдағы би музыкасы оның да көңілінен шығып, ойна-

өрнек қосып, қиялына қанат бітірді. Сәтті шыққан би сахналарына өзі де риза болып, Мұқан музыкасының маңызына мән беріп: «Біржан – Сара» операсының Ш-актысындағы «Биге» жазған оның музыкасы профессионалды сахнада қазақ би өнерінің дамып, қалыптасуы үшін үлкен әсер етті» - деп жазды. Д.Әбіров айтқан осы шығарма туралы кейінірек либретто авторы Қажым Жұмалиевтың қызы, музыка зерттеушісі, ғалым Тамара Жұмалиева: «К этой монументальной фреске тянутся нити, непосредственно идущие от «Половецких плясок с хором», яғни «Осынау монументальді фрескаға тартылған жіптің бір үшін сезсіз «Далалықтар би мен хорында» жатыр» - деп жана пікір айтты. Бұл жерде ғалым А.Бородиннің «Князь Игорь» операсындағы «Қыпшақтар би мен хорын» меңзеп отыр. Әлем музыкасында ерекше орын алатын осы бір лапылдаған отты бидің жалының «Біржан – Сарадан» көрген сыншы сезін құптамауға болмайды. Қалай болғанда да операдағы осы би музыкасының орны ерекше екені анық.

Дарынды композитордың қаламынан туып, жоғарыда аталған өнер шеберлері сахналаган «Біржан – Сара» операсы халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, музыка мамандарынан жоғары баға алды. Орыс композиторы, академик Б.Асафьев «ән – опера» деп мойындағы. Академик А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Қ.Қожамъяров, М.Ахметова сияқты Қазақстан музыка қайраткерлері операның табысын куана жазды. Татар композиторы Нәзіб Жиганов, езбек композиторы Мұтәл Бурханов, грузин композиторы Отар Тактакишили Мұқанның ұлттық опера жазудағы өнегесі мен шеберлігіне таңғалып, оның дарындылығын бірауыздан құлтады.

Алғашқы қазақ операларын жазған композитор Е.Брусиловский: «Оперу «Биржан и Сара» по праву можно назвать выдающимся достижением современной казахской музыки, первой оригинальной казахской оперой, написанной национальным композитором» - деп жазды. Бұл сөздерді

түпнұсқада берудің мәні бар. Қазақ музыкасының ақсақалы «ұлт композиторы жазған» деп мәймөңкелесе де, «ерекше сәтті жазылған тұңғыш қазақ операсы» деуі көп нәрсені анғартады.

Енді операның құндылығы неде, соған келейік. М.Төлебаев шыгармашылығын зерттеушілер опера музыкасы қарабайыр тілмен емес, әлемдік деңгейдегі вокалдық ерекшеліктерді сақтай отырып, классикалық музыка тілімен жазылғанына ерекше мән береді. Сондай-ак операда пайдаланылған халық және халық композиторларының әндері мен қүйлері сол қалпында емес, кейбіреуінің интонациясы ғана алынып, Мұқан лабораториясынан адам танымастай өзгеріп, тың әуен болып шыққанын жазады. Музыкасының дыбыстар үйлесімділігімен, бүкіл болмыс-бітімімен нағыз қазақтың ұлттық музыкасы екенін дәлелдей отырып, Мұқанның үлкен азаматтығының, оның осы тақырыпты неге таңдағанының байыбына бара бермейміз.

Мұқан бұл тақырыпты тегін таңдамаған. Осы сюжет арқылы қазақтың үш түрлі ұлттық қасиетін көрсетудің мүмкіндігі бар еді. Олар: айтыс, «жар-жар» және жоқтау. Тұысқан шығыс халықтарында мұндай дәстүрлер бар. Алайда, әлемдік музыкада бұрын-соңды болмаған, европалық мәдениестте атымсын жоқ осы жанрларды бірінші боли сахнаға шығарып, қазақ деген халықтың шынайы ұлттық дәстүрлері ретінде музыка әлеміне таныту – Мұқанның үлкен азаматтығы, даналығы деуге болады.

«Біржан – Сара» сияқты ұлы операның қасиетті Балқаштың жағасында, киелі Шұбартұбек топырағынан бастау алуы табиғи зандылық сияқты. Қаншама өнерпаздар өрбіген жерде осындағы бір көркем дүниенің туғанына таңдануга да болмайды. Жоғарыда аталған Құл ақын, Апырбай, Баймолда ғана емес, Шұбартұбек жерінде ағайынды Рахмади мен Айтқали деген ақындар ғұмыр кешкен. Олар алыстағы құмды ауылдан ұзап шыға алмағаны

болмаса, тілі мірдің оғындаі, тепкіні қатты, тігеурінді ақын болған деседі. Осы кісілердің агалас туысы, дарынды актер Сламбек Әйнекбайұлының айтуынша, бір күні аталары түс көріпті. Түсінде ақ киім киген, ақ сақалды адам келіп: «көген аласың ба, әлде өлең аласың ба?» деп сұрапты. Сонда атасы ойланып: «Көген алсам, бай болармын. Айналамдағы өзге жұрт кедей болса, менің байлығымнан халыққа пайда бар ма? Өлең алсам, халықтың көңілін көтеріп, сергітуге жаарармын. Өлең аламын» - деген екен. Содан тұқымдарымен ақын, әнші, өнерге бейім болыпты-мыс. Сол Рахмади ақынының баласы Еркегали әкесі сияқты ақын болмаса да, Мұқан ағасына еліктең, музыка жолына түседі. Мұқан музыка окуында жүрген Еркегалидың дарынын жоғары бағалап, оның болашағынан үлкен үміт күтіп, оған қамқорлық жасап жүрген. Бірде Мұқан Шұбартұбекке, туған жеріне барғанда, қасына Еркегалиды да ертіп алады. Бұлар ауылға келгенде ел-жұрт қуана қарсы алыш, думан құратын еді. Бұл жолы да халық екі өнерпазды ортаға алыш, думандатады. Өн айтылып, күй тартылады. Ақындар сөз маржанын тогеді. Мұқанның анасы Тәжібала да омірін өнермен ұштастырған екі ұланың мақтан етіп, мадактап, ұзак жыр толғайды. Сол толғаудан ел аузында:

*Мұқажсан, Еркегали – екі шырақ,
Сендерді біз отырмыз тамашалап.
Балқаш пен қасиетті Шұбартұбек
Сыйлапты екеуіңе таудай талап,* - деген

жалғыз шумақ қана сакталып қалыпты.

Сол Мұқан ағасының сонынан ерген жас өнерпаз бүгінде қазақ музыка өнерінің тарланы, композитор Еркегали Рахмадисев еді. Ол – «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Абылай хан» сияқты ұлттық музыканың тамаша үлгісі болыш саналатын, еңсөлі де, сүбелі опералардың авторы. Ол – халқымыздың күй мұрасын классикалық музыка дәрежесіне жеткізген суреткер. Ер-аганың «Дайрабай», «Құдаша – думан» симфониялық күйлері Азия, Африка және Латын

Америкасы елдерінің музыка форумында үздік шығармалар деп танылып, бұқіл әлемге жария болды.

Осы өнірде өсіл-өнген тағы бір өнер тарланын атап откеніміз жөн. Ол – Мұқанмен бірге Мәскеу консерваториясының әншілік бөлімінде оқыған дарынды әнші Бекен Жылдысбаев. Мұқанның «Кестелі орамалының» бабына келтіріп айтатын әнші, роман сөзінің авторы ақын Асқар Лекеров жазғандай, «қас дүшіпан, мейірімсіз жауыздан қасық қанын аямай» соғысқан ержүрек жауынгер өнер майданында да үнемі алдыңғы шеңте болды. Мұқанның ән-романстарының ішінде әнші Бекеннің назарынан тыс қалғандары жоқ десе де болады. Әсіресе, Мұқанның «Коммунизм оттары» (қазір «Қазақстан» деп аталып жүр) кантатасында Иса Байзақовтың «Желдірмесі» негізінде жазылған ақын әні Бекен ағамыздың орыпдауында қайталанбас өнер туындысына айналды. Оның айтқаны, оның трактовкасы эталон болып қалды. Бір гажабы, одан басқа әншілердің айтқаны пародия сияқты естілетін болды. Бұл әнші ағамыздың өнерінің құдіреті болса керек. Өнер адамдары арасында мыналай бір азыз бар. М.Төлебаевтың 70 жылдығы Мәскеуде аталып өтетін болып, «Кантатаның» дайындығы жүріп жатады. Дирижерлік тұғырда белгілі шебер Фуат Мансуров екен. Шығармадағы ақынның әнін айтатын әншінің орындағаны дирижерге ұнамапты. Бұрын Бекеннің айтқанын естіген дирижер: «мұны Бекеннең басқа ешкім айта алмайды» деп, табандап отырып алыпты. Содан ұйымдастырушылар амалсыз сонау Алматыдан Мәскеуге Бекен ағамызды алдырыпты. Әнші келген бетте «Желдірмені» тақылдатып айта жөнелгенде, хор да, оркестр де музыканы оп-оңай дөңгелентіп әкеткен екен дейді. Белгілі дирижер Шамғон Қажығалиев: «Бекен Жылдысбаев – ешкімге ұқсамайтын, қайталанбас дарынды әнші. Мен симфониялық оркестрді басқарып жүрген кезімде Бекеннің қатысуымен Мұқанның «Кантатасын» радиоға жаздырдым. Сонда Бекеннің өнердегі ірі және дара тұлға екенине көз жеткіздім» - деп еске алады. Мұқанның өзі де

жақсы әнші болған ғой. Композитор осы Кантатаны жазу үстінде Бекеннің дауысына, оның айту мәнеріне, шеберлігіне қатты қызығып, желдірмені қайта-қайта айтқызып, әншінің дауыс ыңғайына қарай жазғаны мәлім. Әнші ағамыздың композитор ойын терең түсініп, әуенниң характерін жеткізе айтуы да содан болса керек. Бекен ағамыз Мұқанды қатты сыйлаған. Мәскеуде оқыған жылдардан бастап екеуінің арасында бір-біріне деген ыстық сыйластық, шынайы достық орнаган еді. Бекеннің: «мен әуелі үлкен өнерге, соナン соң өнердегі Мұқанның зангар биік тұлғасына бас иемін» - деуі де сондықтан.

«Қыз Жібек» пен «Біржан – Сара» операларындағы Шеге мен Естайдың әндерін шарықтата шырқайтын Манарабектен кейін екпінінен жел есетін Фарифолла келді. Фарифолла сахнадан кетсе, орнын кім басар екен деген сұрақ режиссерларды мазалай беретін. Қазақ даласы дарындыларға жомарт қой. Киелі Шұбартұбек жерінің жұпар ауасын жұтып, сұының тұнығын ішкен тағы бір дарынды әнші келді. Ол – Кеңес Бақтаев еді. Ол опера сахнасында көп жыл өнер көрсетіп, небір тамаша образдар сомдады. Қазақстанда опера өнерінің қалыптасып, өркен жаюына елеулі үлес қосты.

Мұқан туған Шұбартұбектен түлеп ұлқан өнср адамдарын санасак, қос қолдың саусақтары аздық етері сөзсіз. Эстрада әншілерінің падишасы Ирма Яунземнің өзінен дәріс тыңдалап, батасын алған Қазақстанның халық артисі Сара Тыныштығулова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Келгенбай Төлеутаев, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Кәдірбек Демесінов, актер Мұрат Әйнекбайұлы, әрі қарай айта берсе көп.

Мұқан туған жерін қадір тұтып, қастерлеп өтті. Ән – жырға жомарт өлкеге жиі келіп, шабыт алып қайтады екен. Денсаулығына сызат түскен Мұқан соңғы бір келгенинде туған жерімен, ауыл – аймақпен қоштасқандай, адамдармен сөйлесіп, бала кезіндес ойнайтын «Шойтабан» аталған төбеге

шығып, Лепсінің жағасына барып, ағыс іірімдеріне ойланып ұзак қарап отырады екен. Ұлының терең ойда, бүйірін ұстап, ауырсынып тұрғанын көрген анасы Тәжібала қатты уайымдаган. Бірде Мұқан демалып жатқанда сәлем беруге келген ауылдастарына мұңын шаққан ана:

*Ешкіөлмес пен Шатыrbай,
Сәулем ұйықтап жатыр ма-ай.
Ақырын гана оятыши,
Бармагыңды батырмай.
Белі ауырып жсүр еді,
Демін алып тұр еді.
Мазалай көрме құлышымды,
Апырмай, жсүртый, апырмай.
Жар бола гор, жасаған,
Ай – күнімді батырмай,
Ақ сүтімді қатырмай,*

Апырмай, құлышым, апырмай, - деп, жүргегі езіле отырып, жыр төгіп, козіне жас альшты дейді. Бұл келтіргеніміз ұзак өлеңнің ел есінде қалған соңғы шумақтары болса керек.

Мұқанның өлімі – қазақ музыка өнері үшін қайғылы қаза болды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов: «Біз баршамыз орны толмайтын ауыр қазага душар болдық. Сүйікті Мұқаннан айрылып, омырауымызды қасірет жасымен жудық» - деп жазды. Ақын Сырбай Мәуленов Мұқан қабірінің басында оқыған азалы өлеңін:

*Тоқта, ақсал, азалы үн!
Өмірдің шалқып ес күйі.
Қош бол, қайран сабазым,
Қазақтың Чайковский,*

Қазақтың Чайковскийі – деген сөздермен аяқтады. Композитордың анасы Тәжібала ұзақ жоқтау айтып анырапты. Оның мәтіні Мемлекеттік мұражайда сақтаулы.

Апырбайдың әйелі Зылиха да жоқтау шығарып айтқан. Ол мынау:

Арысым менің құлады,
Селге кетті маңайым.
Жиналған көп ағайын,
Мұңымды айтып шағайын.
Есіркеген ағайын
Менімен бірге жыласын.
Табалаған дүшпанның
Арысы мендей құласын.

Опасы жоқ жалған-ай,
Тұрақтап кімге қалған-ай,
Жастай кетті-ау қарғам-ай.

Он саусағың ойнаған,
Рояль тартсаң сайраған.
Кең маңдайға жарасып,
Отты көзің жайнаған.
Мұқажан, сенен айрылып,
Сорым менің қайнаған.

Өндірім-ай,
Тұнық судай мөлдірім-ай,
Құдай басқа салған соң көндірдің-ай.

Құлады менің терегім,
Ағайынға керегім.
Жас та болса, бас болған,
Ақылға диқан зерегім.
Аздан шыққан ақылым,
Көпке басын баласқан.
Көптен шыққан жүйрік ең,
Мұдірмей барып бел асқан.
Мұдірмей шаптың жарыста,
Қолың жеткен арысқа.
Бәрін бірдей көруші ең
Жақын менен алысты.
Қыын-қыстау іс болса,
Жібермеуші едің намысты.

Боздағым-ай,
Ішімдегі бар дергі қозғадың-ай.

Тезекбай еді жолдасың,
Қиынға салса болмасың.
Кішкентайдан бірге өскен,
Таласып тайға мінгескен.
Әзілің әбден жарасқан,
Қиылып қатты қарасқан.
Мұқажан сапар шекті де,
Айналып кетті-ау жер, аспан.

Адалым-ай,
Орның толмас,
Қайғың кетпес сабазым-ай.

Көзімнің жасы жосылған,
Келмес пе қарғам осыдан.
Мақсұт еді жолдасың,
Гармонь тартсаң қосылған.
Қайрылтмай кетіп артыңа,
Айрылдың талай досыңдан.

Ақылым-ай,
Құдайдан соңғы жақыным-ай.

Тал бесіктей тербедім,
Балапандай жем бердім.
Алты жасқа келсең де,
Алдымға салып өңгердім.
Бөтендігің жоқ еді,
Өзегімді өртедің.

Адалым-ай,
Ақылым-ай, сабазым-ай.

Сыйлаушы едің анам деп,
Сипаушы едім балам деп.
Отырмын енді зарығын,

Іздесем қайдан табам деп.
Қас-қабактан таныған,
Бар ма екен сендей әділ жан.
Қысылғанда жаны ашып,
Қасымнан менің табылған.

Ақылым-ай,
Адалым-ай, маңғазым-ай.
Отырган жерің той-думан,
Жаман адам сөз қуған.
Жастай кетіп, қарғам-ай,
47 жаста көз жүмған.
Мұқажаным кетті ме,
Алланың өзі епті ме?
Сенбей әлі отырмын,
Өлді деуге тіпті де.
Өзің кеттің биікке,
Тастап кеттің күйікке.
Неге отырмын қарайып,
Опасы жок тірлікте.

Жаратылысың ерекше еді,
Отырысың бөлекше еді.
Өзегімді өртедің-ау,
Көкейімнен кетпедің-ау.
Арманыңа, қарғам, жетпелдің-ау.

Алыстап кеттің бертінде,
Тұрушы едің сертінде.
Қаралсан да дәрігерге,
Болмады-ау шипа дертіңе.
Сабырлы едің, сабазым,
Тарттың-ау дерттің азабын.
Ескермей жүріп ауруды,
Кеттің-ау ерте, қарағым.
Мұқажаным, маңғазым,
Алдыңа бір жан салмадың.

О дүниеде кездессем,
Болмас еді арманым.

Сүт бетінде қаймагыл-ай,
Ақ тілеумен алақаным жайғанмын-ай.

Аямаған, Аллам-ай,
Орнына мені алмады-ай.
Есімің тұрар есімде,
Өкінемін несіне,
О дүниеге барған соң
Айтамын бәрін шешіле.

Ақылым-ай,
Құдайдан соңғы жақыным-ай.

Бұл – Зылиханың ұзақ жоқтауының оның қызы
Наушатайдың есінде қалғаны.

Осыдан үш жыл өткен соң осы жолдардың авторы, консерватория студенті композитордың туғанына 50 жыл толуына орай қабырға газетін шығарып, онда Мұқан ағаның қазасына арнап жазған толғауын «Еске алу» деген атпен бастырды. Бұл газет кейін композитордың анасы мен бауырларының қолына тиді. Енді сол өлеңді жария етуді жөн көрдік.

Ол кезде жасырақ ем, балғын едім,
Сезімім бір үрейді шалды менің.
Жүгіріп жеттім Балқаш жағасына,
Күрсініп теңіз ауыр алды демін.

Жан едім шуылына құмар жастан,
Аспаның бүгін неге мұнар басқан.
Түнерген бұлт астынан жай атылып,
Шатынаи, қақ айрылып сынар ма аспан?!

Жатқандай көктен ауыр тас құлатып,
Көк теңіз күніреніп тасқын атып,
Толқындар пан жартастың төсін соғып,
Ашумен жіберердей тасты уатып.

Естілді бір кез зарлы, өксіген үн,
Сел етіп көзден жасын төкті де күн,
Ай ұрыш табиғаттың курсінгені
Қиналтып, қабырғамды сөкті менің.

Дір етіп жас жүрегім шошынды да,
Үрейлі көңіліме үрей қосылды да,
Сезбедім, омырауды жуып жатты
Көзімнен жас домалап жосылды да.

Келіп ем көтерер деп көңілімді,
Балқашым, қинағаның нең ұлынды?
Қайғынды көтере алса жас сезімім
Айт маған, жасырып ем не мұнымды?

Көңілім сұып қалды сағынышты,
Өзегім неге өртенбес, жалын ішті.
Дауылмен арпағысқан шағаланың
Дауысы естіледі жалынышты.

Мен қазір сол дәрменсіз шағаладай,
Тағдырым қоймады ғой табаламай.
Тербеткен ән мен жырға қазағымды,
Дарига – ай, мені алсаши, ағаны алмай.

Өз ағам, асыл әнші, ақын ағам,
Жанымнан ардақты еді-ау аты маған.
Ол жазған сырлы, сұлу әуендері
Мен түтіл, досым түтіл, жатқа ұнаған.

О, тағдыр, күнәсіз ем, тәнім таза,
Жанымда батты-ау менің ауыр қаза.
Қаралы бұл хабарды естігенише
Шыдар ем бұйырсаң да қандай жаза.

Балқашым – мейірлі ана, күйзелесің,
Қиналып, неше түрлі күйге енесің.
Қайтесің қимағанмен өлді деуге,
Ұлыңың ақырғы рет сүй денесін.

Күрсіндің неге? Қажып қалдың ба сен?
Ұят қой, қайратты ана, талдым десен.
Қажыма батса-дағы жанға қаза,
Мен көріп қуатыңда алдыңда өсем.

Тұрмайтын бар өмірім бағасына,
Үзілді, жетті де күй сағасына.
Балқашым, толқының боп тулаап өстім,
Тағдырдың мойымаспын табасына.

Сол сәтте көңілі азалы, қаяулы ана
Күрсінді соңғы рет баяу ғана.
Мен-дағы жасын сарқып екі көздің,
«Қош – дедім, қош, ардақты, аяулы аға!»

Мұлгіді бар табиғат иіп басын,
Жаралы жас жанымда күйік қалсын!
Жан аға! Суарамын көз жасыммен,
Гүл егіп, қабірінің сүйіп тасын...

... Езілді жас жүрегім, балғын едім,
Қайғырып теңіз де ауыр алды демін.
Азабы сол күндердің өкінішті
Шер болып көкірегімде қалды менің.

(1962 ж.)

Жоғарыда келтірілген Зылиха ақынның жоқтауын оның қызы Наушатай жазып берген еді. Наушатайдың өзі де ақын. 1993 жылы композитордың туганына 80 жыл толуы атап өтілді. Лепсі кентінде Мұқанның мұражайы ашылып, оның алдына композитордың ескерткіші қойылды. Мұсінші

Едіге Рахмадиев жас Мұқанның шабытты шағын әдемі бейнеледі. Осы мерейтойға байланысты мәдени шараларды іске асыруға сол кездегі Мәдениет министрі Еркеғали Рахмадиев белсene араласып, іскерлікпен басшылық стті. Сол үлкен іске осы жолдардың авторы да өз үлесін қосты. Мұражайдың экспозициялық жоспарын жасады, экспонаттарын жинауга араласты. Лепсі кентінің жанындағы қыр басында өткен тойда көрсетілген театрландырылған көріністің сценарийін жазып, музыкамен көркемдеп, таспаға түсіріп, даладагы спектакльдің қоюышы режиссері де өзі болды. Сол жолы Наушатайдың да өлең жазатының қуәсі болды. Ол:

*Жылағанды жұбатқан,
Жүргегіңді қуантқан,
Әніменен әлдилеп,*

Музыкасы үн қатқан – деп бастап, Мұқан туралы ұзак өлең жазып берген болатын. Сонымен қатар, біздің де еңбегімізге риза болып, дұрыс бағалап, батаға бергісіз ұзын сонар толғауын сыйлаған еді. Содан үзінді ғана келтірейік:

*Ән мен күйге қамқор бол,
Қоргадың ага намысын.
Көлденең сөз кездеспей,
Қайырлы болсын табысың.
Бәйгеге түсші іркілмей,
Сүрінбесін шабысың.
Жүргегіңде талап бар,
Кеудең толған талант бар.
Бойыңда күш-қайрат бар,
Ажарыңда айбат бар.
Сөз түсінер басың бар,
Елуге шығар жасың бар.
Шығасың әлі биікке,
Домалар өрге тасың бар.
... Тілеугазы, берсін саған*

*Бар жақсылық тәңірім.
Үйін-тогін берер едім,
Жетін тұрса әмірім.
Алғыстан басқа
қолдан келер шара жоқ,
Алғысымды қабыл алишы,
Ақ батаммен барлығын.*

Мына шумактардан Наушатайдың бойындағы ақындық шабытты аңғару қыши емес. Бұл да сол киелі Шұбартұбек топырағында өнген тума дарын.

«Біржан – Сара» операсының либреттосының авторы Мұқаннның сырласы, досы Қажым Жұмалиев:

*Шырқатармыз әніңді,
Күңірентерміз күйіңді.
Туар бір ұл өзіңдей,
Куар сенің жолыңды – деп жазған екен.*

Мұқан туған қасиетті топырақтан әлі де талай дарын туарына күмән келтірмейміз.

Мұқан жазған Мемлекеттік гимн туралы бірер сөз. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары композитордың інісі Әбілмәжін гимнің авторлығын Мұқанға қайтару керек деген мәселе котерді. Гимнің әуенін Мұқан өзі шығарып, оны достары ақын Гали Орманов пен Мақсұт Майшыновқа корсетіп, өзі орында бергені дәлелденді. Мұқан бұл туындысын композитор ағалары Е.Брусиловский мен Л.Хамидиге де корсетіп, олардың ақыл-кеңесін алған. Ал 1945 жылы гимнді қабылдату үшін Мәскеуге өзі барған. Шығарманың авторы ретінде өз фамилиясының жанына Е.Брусиловский мен Л.Хамидидің аттарын өз қолымен жазған екен. Бәлкім, сол кездегі саясатқа байланысты болған шығар. Әбілмәжіннің көтерген мәселесі бойынша композиторлар одағында комиссия құрылып, зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде комиссия жоғарыда аталған композиторлар Мұқанға кеңес берген, сонымен қатар Е.Брусиловский гимнді симфониялық оркестрге түсіруге

көмектескен, оларды авторлықта Мұқанның өзі қоскан, сондықтан оны өзгертуге болмайды деген шешімге келеді. Гимн деген ән емес, бөлек жанр. Бұл туралы бір кезде:

*Кім айтар ел қадірін из үқты деп,
Ол үшін азаматтық – қазық, тірек.
Куанды ел Мемлекеттің ән-уранын,
Мұқаны Толебайдың жазыпты деп.*

*Желбіреп Тұымыздың желге етегі,
Жас ұрпақ Гимнді естіп ержетеді.
Гимн бізді оятып таң алдында,
Әуенімен ұйықтарда тербетеді – деп жазған*

едік.

Мұқанның классикалық гимн ұлгісінде жазылған тамаша шығармасы еліміздің мәртебесін көтеріп, мерейін асқақтатып 60 жыл бойы шырқалды.

Халқымыздың біртуар дарынды ұлы туралы шағын еңбегімізді акын Әбділда Тәжібаевтың: «Сұлу үннің шабытты ақыны, ән мен күйдің жаңа аққуларын, бұлбұлдарын ұшырган Мұқан қашанда туған халқымен мәңгі бірге» - деген сөздерімен аяқтауды жөн көрдік.



«Қазақ ғалысінің» авторы

Қазақстанның халық артисі, Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік гимнінің авторларының бірі, композитор **Латиф Абдулхайұлы Хамиидің** есімін елімізде білмейтін жан жоқ десек, артық айтпаған болар едік.

Латиф Хамиди 1906 жылы Қазан губерниясының Бувалы ауылында туған. Тұрмыс тапшылдығын көп корген әкесі Абдулхай Донбаста шахтер болып, Кавказдың зауыттарында балға соғып, Өзбекстан жерінде агаш ұстасы болып күн көреді. Латиф бала кезінен-ақ әртүрлі халықтардың әуендерін естіп өседі. Туган жері Бувалыда татар әндерін естісе, Кавказ бен Өзбекстанда басқа халықтардың әндерімен танысады. Латифтің балалық шағы Өзбекстанның Каттакорған қаласында өтеді. Ол зерек болып, алты жасынан хат танып, өздігінен оқып, жаза бастайды. Сондықтан мектепке барғанда оны бірден екінші сыйныңқа отырғызады. Мектепте ән-күй сабагы жүретін. Латифті музыкаға баулыған мектептің көркемөнерлаздар үйірмесін басқарған мұғалімі Ғимат Темірболатов еді. Ол алғаш мандолина ойнауды осы ұстазынан үйрептеген болатын. Хамиди тек музыкаға ғана бейім болып қойған жоқ, оның әдебиетке деген талабы да зор еді. Оқушысының бүл қабілетін аңғарған мектеп мұғалімі, белгілі татар жазушысы Захида Бурнашева оның өлең, әңгіме жазуына көмектесіп, ақыл-кеңес беріп отырған. Бурнашеваның көмсігімен Латифтің мектептегі музыка пәні жөніндегі мақаласы мен әңгіме, өлендері 1919 жылы «Балалар юлдашы» деген

журналда жарық көрген. Сол жылдары Каттакорғанда музика мектебі ашылып, Латиф фортепиано мен скрипкада ойнауды үйренеді.

1920 жылы Ташкентке келіп, татар оку-агарту институтына түседі. Мұнда студенттердің эстетикалық тәрбие алуына зор көзіл бөлінетін. Музикалық үйрмелерді, орыс халық аспаптары оркестрін жақсы музикант, ері композитор Федор Петрович Вынежиев басқаратын. Хамиди бос уақытында музикамен әуестеніп, оркестрде мандолина ойнап, дирижерге көмекші ретінде де көркеменерпаздар үйрмесіне белсене араласады. Үйрме мүшелері жиі концерттерге шығады. Осындағы концерттердің бірінде ол қазак әнін естиді. Әнді айтушы институттың қазақ бөлімінің студенті, кейін Қазақстанның халық артисі атанып, казак өнеріне үлкен еңбек сінірген Құрманбек Жандарбеков еді. Құрманбектің орындаған «Қараторғай», т.б. қазақтың халық әндері Хамидиге үлкен әсер етеді. Бірақ ол кезде қазақ әні өзіне өмір бойы серік боларын, Құрманбекпен қатар жүріп, қазақ өнерін дамытуға атсалысарын жас Латиф ойлаған да, білген де жоқ еді.

Институт қабырғасында жүріп-ақ ол ән шығарумен айналысады. Оның алғашқы әндері «Бірінші вальс» және «Комсомол, алга» деген маршы халық арасында кең тарал, кейін Москвадан басылып шықты. Алайда, композитор болу үшін музикалық білімінің жеткілікісіз екенін біліп, ері қарай окуға Қазан қаласына барады. Осында жүріп белгілі татар ақыны Мұса Жәлилмен танысып, достасады. Мұса поэзиясымен ол Ташкентте жүргендеге-ақ таныс болатын. Жоғарыда аталған «Бірінші вальс» әні сол Мұсаның сезіне жазылған еді.

1927 жылы Л.Хамиди Москванды музикалық техникумының композиторлар даярлайтын біліміне окуға түседі. Оған музика теориясы мен композициядан профессор Болеслав Леопольдович Яворский, ал музика тарихынан Арнольд Александрович Альшванг сабак береді. Осы екі

ұстаздың берген білімі мен тәрбиесі Хамидидің онерге, музыкаға деген көзқарасының қалыптасуына көп әсер етеді. Техникумда композиторлық бөлімде оқитын студенттерді орыстың халық аспаптары тарихымен таныстыратын. Хамиди осындағы орыс халық оркестріне қатысып, оның жетекшісі Александр Сергеевич Илюхиннен оркестрге түсіру өнерінен дәріс алады. Илюхиннен алған білімі мен тәжірибесі кейін қазақ халық аспаптары оркестрімен жұмыс істегендегі пайдала асты. Москваға келген соң ол Мұса Жәлилмен тағы кездеседі. Бұл кезде МГУ-де оқып жүрген Мұса екеудің көрші тұрады. Екеуінің арасындағы достық, шығармашылық байланыс бұрынғыдан да нығая түседі. Мұса «Октябрь баласы» деген балалар журналының редакторлық міндетін аткарады екен. Бұл кезде балалар әндері өте тапшы еді. Сондықтан акын мен композитор оқушыларға арнап жақсы әндер шығаруды қолға алады. Мұсаның жазған өлеңдеріне Хамиди ән шығарыш, ол әндердің тәуірлері аталған журналда жарияланып тұрды. Ұлы акын мен дарынды композитордың осындай шығармашылық бірлестігінің нәтижесінде тамаша әндер туып, Москва мен Татарстан оқушыларының алдында айттылып, олардың рухани азығына айналды. Осында жүріп қазақтың халық әндерін жинаушы А.В.Затаевич, қазақ драма театрының бас режиссері Жұмат Шанин және акын Асқар Тоқмагамбетов, г.б. опер қайраткерлерімен танысады. Олардан қазак музыкасы мен өнері жайында концепция мен мағлұмат алады. Әсіресе, Затаевичтің Қазакстанның тамаша табиғаты, қазақтың дархандығы, халықтың дарынды әншілері мен домбырашы-куйшілері туралы айтқан әнгімесі жас композиторды бұрынғыдан да еліктіре түседі. Затаевич жазып алған әндер мен қүйлерді көре отырыш, олардың әуен байлығына танғалып, этнографтың үлкен табысына қызыға да, қызғана да қарайды. Кейін Затаевичтің бірлесе жұмыс істеді. 1933 жылы Затаевич жинаған әндерді редакциялап, «Қазақстан татарларының 50 әні» деген жинақ шығарып,

оның алғы сезін де өзі жазды. Жас композитор сол кезде-ақ қазактың музикалық фольклорына қызығыш, оны зерттеуді армандайды. Оның бұл арманы Қазақстанға келген 1933 жылдан іске аса бастайды. Содан байлай Қазақстан Л.Хамиидидің дарыны мен еңбегін, бүкіл өмірін арнаған отанына айналады.

Отызыншы жылдар Қазақстан мәдениетінің даму жылдары болды. Астанада опера және балет театры, драма театры, филармония, музикалық және хореографиялық училищелер ашылды. 1933 жылдың қазір дүние жүзіне әйгілі Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің негізі қаланды. Сол жылды Ленинградтан Ахмет Жұбанов пен Евгений Брусиловский келіп, Қазақстан мәдениетін өркендетуге араласып кетті. Міне осындай үлкен еңбек қаркынына Хамиди де өз үлесін қосты. Келген бетте ол қазак драма театрына дирижер, композитор, музика бөлімінің менгерушісі болып орналасты. Оның бірінші еңбегі татар жазушысы А.Тазетдиновтың «Документ» пьесасына жазған музикасы болды. Кейін композитор С.Шабельскиймен біріге отырып М.Әуезовтың «Тұнгі сарын», «Қобыланды» спектакльдерінде музика жазды.

1934 жылды Қазақстан мәдениеті тарихында елеулі оқиға болды. Сол жылдың маусым айында Алматыда халық оперпаздарының Бүкілқазақстандық бірінші слеті өтті. Жюри мүшесі болып Москвадан А.Затаевич те келген еді. Осы слетте көптеген халық таланттары көзге түсті. Домбырашылар Уакап Қабиғожин, Қали Жантілеуов, Лұқпан Мұхитов, қобызыны Жаппас Қаламбаев, сыбызығышы Ыскак Уәлиев, әнші Фарифолла Құрманғалиев т.б. өнеріне жүрт сүйсіне кол соқты. Жюри мүшесі болған Латиф Абдулхайұлы Наркомпростың мәдениет бөлімінің тапсыруы бойынша слетке қатысқан өнерпаздардан көптеген әндер мен күйлерді жазып алды. Кейін оларды өңдеи, оркестрге түсіріп, өзінің кейбір шығармаларына арқау етті.

1936 жылдың мамыр айында Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігі өтті. Үлкен театр сахнасында казақтың алғашқы опералары «Қызы Жібек» пен «Жалбыр» қойылып, қазақ халық аспаптар оркестрі мен филармония артисттері өнер көрсетті. Онкүндік қазақ өнерінің аз уақыт ішінде қарыштал өскендігін танытты. Алайда, Қазақстан композиторларының алдында үлкен міндеттер тұрды. Музыка өнерін дамыту үшін әндер мен хорлар, опера мен балет, симфониялық шығармаларды көптеп жазу қажет еді. Хамиди өзінің музыка жазудаты шеберлігін шындалап, білімін көтеру керек екенін түсінеді. Осы мақсатпен сол жылдың қараша айында Москва консерваториясының жаңындағы татар студиясына окуға түсіп, музыка теориясы мен композициядан профессор Г.Ч.Литинскийден сабақ алады.

Студияны бітірген жылды Хамииді Қазан қаласына қызметке шакырады. Бірақ Қазақстанға оралу ойында жүретін ол екі дай болады. Сол кезде «Аманкелді» фильмін түсіруге қатысып, Ленинградтан келе жатқан достары Калибек Куанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақовтарға кездесіп қалады. Ескі достар Хамииді Алматыға шакырады. Сол жолы Москвада М.Оуезовпен жолығып, көп әңгімелеседі. Белгілі жазушы оның қайтып оралуына ақыл қосып, Қазақстанға білімді музыка мамандарының қажет екенін айтады.

Осы әңгімендегі кейіп Латиф Хамиди 1938 жылы Алматыға келіп, Құрмангазы атындағы халық аспаптары оркестріне бас дирижер болады. Латиф Абдулхайұлы келген кезде оркестр репертуарында небәрі жатқа ойналатын 40 шақты қазақтың халық әндері мен күйлері, нотаға түсірілген бірнеше әндер мен орыс және шетел классиктерінің бірді-екілі туындыларыға бар еді. Ол келген бойда көптеген халық әндері мен күйлерін нотаға түсіріп, партитуралар жазды. Сонымен қатар оркестр мүшелеріне нота сауатын үйретіп, жас орындаушыларды тәрбиелеуге көп еңбек сінірді. Сол кезеңде Л.Хамиидидің ұстаздық камкорлығымен әуескөй

композитор Мәлік Жаппасбаев дирижер тұғырына шығып, оркестрмен бірқатар шығармалар орындаиды. Сонымен катар, ол оркестр құрамындағы Смағұл Қошекбаев, Рамазан Елубаев сияқты жас композиторларға ұстаздық етті.

Хамидидің дирижерлік және ұстаздық қызметі оның композиторлық еңбегіне бөгет бола алмады. Ол С.Шабельскиймен бірігіп «Бірінші қазақ сюитасын» жазды. Жеке дауысқа арнап «Жазғы таңда», «Жайлауым бақша жайнаған», «Бұлбұл», хорға арнап «Қазақстан», «Отан» әндерін шығарды. 1940 жылы С.Мұқановтың «Екі той» атты радиопьесасына музика жазды. Осы пьесадағы басты кейіпкер Сайраның әні кейін «Қазақ вальсі» деген атпен әлемге әйгілі болды. Бір қызығы вальс ырғағында жазылған осы ән тындаушыларға бірден ұнай қалған жок. Қазак әндеріне вальс ырғағы жараспайды деп дауласқандар да болған. Сөйтіп, көркемдік кеңес қабылдамай, қайта өндеп әкелуді ұсынған. Бұл жөнінде композитордың өз аузынан естігеніміз бар. Осы жолдардың авторы консерваторияда оқып жүргендеген профессор Латиф Абдулхайұлынан аспалтану пәнінен бірнеше жыл дәріс алған. Латекен аккөңіл, елпілдеген адам еді. Шәкірт көңілінде бір сұрақтың ұшы қылтиса, соны тәлтіштеп, түсіндіріп айтуга жалықпайтын. Сондай бір сәтте Латиф Абдулхайұлы вальс ырғағындағы әнді серіктес достары да түсінбей, «әуені әдемі екен, ырғағын өзгерт» деп, қайта жазуға кеңес бергенін айтқан еді. Содан композитор әннің ырғағын, оның аккомпанементін өзгертіп, қайта жазып алғып барады. Мұны естіген кеңес мүшелері әннің алғашқы нұсқасының жақсы екенін мойындаған, соны қабылдауды үйғарыпты. Сөйтіп, қазақ музыкасындағы алғашқы вальс дүниеге келіп, өзінен кейінгілерге даңғыл жол ашып берді.

1940 жылы Л.Хамиди қазақтың хор капелласына көркемдік жетекші, әрі дирижер боп барады. Мұнда да ол капелланың шығармашылық өсуіне, оның репертуарын байытуға үлкен күш-жігермен атсалысады. Ұлы Отан соғыс

жылдары композитор басқа да өнер адамдары сияқты халықты жауға қарсы шығып, Отанымызды қорғауға шақырған патриоттық әндер шығарды. Оның «Партизандар әні», Совет Одағының батыры Мәншүк Мәметоваға арналған «Батыр қыз» атты әндері Отанға деген үлкен сүйіспеншіліктен туған шығармалар.

1944 жыл Қазақстан өнері үшін елеулі жыл болды. Алматыда Қазақтың Мемлекеттік консерваториясы ашылады. Латиф Абдулхайұлы халық аспаптары факультетіне оқытушы бол орналасады. Үстаздық қызметті атқара жүріп, ол шығармашылықтан де айналысады. Оркестрде істеген тәжірибесін пайдалана отырып, ғылыми еңбектер жазумен де шүғылданды. Ол Б.Гизатовиен бірігіп «Домбыра үйрену мектебі» окулығын жазды. Сонымен катар оның аспаптану өнері жайында жазған еңбектерін де айтуга болады. Л.Хамидидің халық аспаптарына арнап жазған музыкалық шығармалары да барышылық. Оның домбырага арналған «Ән», «Юмореска» сияқты пьесалары, көбізга арналған «Романсы», домбыра-примаға арналған «Концерті» күнды туындылар. Бұл шығармалар халық әуендерінің интонациясында, әр аспаптың техникалық жетістіктері толық пайдаланылып жазылған.

«Абай» операсының премьерасы да сол 1944 жылы болды. Бұл операны М.Әуезовтың либреттосы бойынша композиторлар А.Жұбанов пен Л.Хамиди 1943 жылдан жаза бастаған еді. Абай әндерін зерттең, жазып алу Л.Хамидиге үлы ойшылдың образын жасайтын кесек шығарма жазуға ертеден-ақ ой салған болатын. 1935 жылы Хамиди Семей облыстық музыкалық драма театрына барған. Сол жылы Латиф Абай отанына келіп, үлы ақын жайлы роман-эпопея жазу үшін мәлімет жинап жүрген жазушы М.Әуезовке жолығады. Жазушының айтуымен ол Абайдың немересі Архам Ысқақовтан Абайдың 18 әнін жазып алады. Хамидидің сол жазып алғандары Абай әндерінің ең бір дұрыс нұсқасы болып табылады. Абайды көзімен көріп,

айтқан әндерін өз құлағымен естіп, үйренген Архамның музыкалық дарының Хамиди жоғары бағалады. Сол әндерді опера шебер пайдалана білді. Сонымен қатар, опера композитордың өзіне тән қолтаңбасы да бар. Айталақ, бірінші актідегі Абай ариясының «Қай талқы құл алдына құрылмаған», «Жалғыз жол, адаптация жолым бұрылмаған» деп келетін жерлерінде Хамиидидің «Қазақ вальсі» әнінің әуенін аңғаруға болады.

Бұдан кейін Хамиди «Жамбыл мен Айкүміс» деген бір актілі опера жазды. Ал 1947 жылы опера театрының сахнасында А.Жұбановпен бірігіп жазған «Төлеген Тоқтаров» операсы қойылды. Бұл Қазақстанда Ұлы Отан соғыс тақырыбына жазылған бірінші опера болды. Мұнан кейін ол өзі жеке «Жамбыл» операсын жазды. Оперетта жанрына да қалам тартып көрді. 1948 жылы жазылған «Балбұлақ» опереттасы кезінде көрермендер көңілінен шыққан туынды.

Л.Хамиди көптеген өнер шеберлерін тәрбиелеп шығарған ұлагатты ұстаз, қабілетті дирижер, музика қайраткері еді. Көрнекті композитор 1983 жылы қайтыс болды. Өзі өлсе де, оның артында өміршең музыкасы, өлмейтін әндері қалды. Өзінің дарыны мен қажырлы еңбегін, бүкіл өмірін қазақ өнеріне арнаған композиторды қазак халқы өз ұлындай көріп, қадір тұтып, қастерлейді.

Шалқар шабыт

иесі

Кеңес Одағының халық артисі, композитор **Сыдық Мұхаметжанов** - шығармаларынан ұлттық музыканың ісі аңқып тұратын дарындылардың бірі. Оның музыкасының әуені бай, ұлттық нақышы басым, бояуы қанық. Сондықтан оның ән, романстары, хорлары мен симфониялық шығармалары халықтың құлагына жағымды жүргегіне жылды тиеді.

Сыдық Мұхаметжанов 1924 жылы 5 тамызда Қарағанды облысының Шет ауданында, Үлженбұлақ деген жерде туады. Сыдыктың музыкаға қабілеті жас кезінен-ақ байқалады. Ол алғаш рет қазактың ән-күйлерін оз әкессі, домбырашы, әрі қобызыны Мұхаметжаннан естиді. Анасы Ақборық та әнші болған деседі.

Музыкаға қабілеті бар Сыдық Алматы музыка училищесіне оқуга түсіп, оны бітіргеннен кейін Мемлекеттік консерваторияның композиторлық бөліміне Е.Брусиловскийдің сыныбына қабылданады. Сыдық консерваторияда оқып жүріп, «Шолпаным», «Ауыл түні», «Жылқышы әні» сияқты әндер шыгарумен қатар, скрипка үшін Соната, қобызға арналған пьесалар, хорлар мен драма спектакльдеріне музыка, қазактың халық аспаптары оркестріне арнап «Балқадиша» вариациясын, «Қыз қуу» симфониялық суреттемесін, «Домбыра туралы баллада», «Шаттық отаны» симфониялық поэмаларын жазды. Композитордың атын шығарып, оны концерттікке танымал еткен осы соңғы поэмасы болды. Оның негізіне күй

ырғағы алынғанмен, ол - қазақтың дәстүрлі күйлерінен түбірімен өзгеше жанр. Бір кезде М.Төлебаев халық аспаптары оркестріне арнап музыка жазуды құтап. қуаттап: «ғажайып республикалық халық аспаптары оркестріне /жетекшісі - Ш.Қажығалиев/ арнап жазудан бас тартқан біздің жас авторларымыз кепірілмес қате жасайды деп ойлаймын. Өйткені шығармашылықтың бұл саласы фольклордан кәсіби өнердің курделі формаларына өтетін жол » - деген еді. Бұл поэма - сол М.Төлебаев айтқан «ұлттық музыканың кәсіби үлгіде» дамуынан туған симфониялық күй. Осы шығармамен казақ музыкасында жаңа жаңр туды деуге болады. Алайда, Сыдық тыңдан жол салған жоқ. Өйткені, оған дейін «Біржан-Сара» операсында «Соқыр Ешан» күйін классикалық түрғыда өндеп жазған М.Төлебаевтың үлгісі бар болатын. Бұдан кейін Е.Рахмадиевтің әлемге әйгілі «Дайрабай», «Құдаша-думан», М.Маңғытаевтың «Концерттік күй», Т.Қажығалиевтің «Қыз куу» т.б. шығармалары дүниеге келді. 1953 жылы Бухарестегі Бүкілдүниежүзілік фестивальге барған Құрмангазы оркестрінің бағдарламасына М.Төлебаевтың «Венгр тақырыбына жазылған Фантазиясы», Е.Брусиловскийдің «Румын әуендері», М.Глинканың «Вальс-фантазиясы», И.Брамстың «Венгр билері», румын композиторы Г.Диникудің «Хора стаккато» шығармаларымен қатар «Шаттық отаны» атты симфониялық поэма да енгізілді. Кейін бұл шығармага Жамбыл атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. Жас композитор үшін бұл үлкен табыс еді.

Дирижер Ш.Қажығалиев пен композитор С.Мұхаметжановтың ізгі сыйластыққа, шығармашылық достыққа айналған алғашқы таныстығы сол жылдары басталып еді. Музыка жайындағы бір әңгіме кезінде Шәкен әнші дауысына арнап Концерт жазу жөнінде Сыдыққа ой салады. Мемлекеттік сыйлықтың бірнеше дүркін иегері Н.Д.Шпиллер және тамаша әнші Д.Я.Пантофель-Нечецкая

орындаған Р.Глиэрдің жеке дауыска жазған «Концертін» тыңдауға кеңес береді. Шәкенің бұл ұсынысы тамыры халықтық музыканың топырағында өнген әуенге жаңы бай композитордың көңіліне кона кетеді. Көп үзамай Жарылғапбердің «Ардақ» әнінің негізінде сопрано дауысына арналған тамаша «Концерт» дүниеге келеді. 1958 жылы аталмыш «Концерт» Мәскеуде откен қазак әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде үлкен табысқа ие болды. Кейін бұл шығарма Б.Төлегенованның орындауында Ш.Қажығалиевтің дирижерлігімен Армения Мемлекеттік симфониялық оркестрінің сүйемелдеуінде таспаға түсіл. Бүкілодактық радионың алтын қорына қосылды. Әнші дауысына жазылған «Концерт» қазақ музыкасы тарихында осы жанрдагы тұңғыш, әрі күні бүгінге дейін жалғыз туынды болып отыр.

С.Мұхаметжановтың шығармашылығына зейін койып қарасаңыз, оның қазақ музыкасындағы көптеген жанрга тұңғыш қалам тартқан композитор екенін аңғарасыз. Оның домбыра мен халық аспаптары оркестрі үшін қобыз бен халық аспаптары оркестрі үшін жазған «Концерттері» бұған дәлел. Оған дейін композитор Л.Хамиидидің домбыра-прима аспабына жазған «Концерті» ғана бар еді. Домбыра мен қобызға арнайы жазылған кішігірім дүниелерден басқа кесек туынды жоқ болатын. Үстірт ойлаған адамға композитор бәсеке қуып, әр жанрда тұңғыш болуға тырысқан сияқты көрінеді. Алайда, олай емес. Үлкен өнер иесі қазақ музыкасындағы кенже қалған жанрды дамытуды, кейінгілерге үлі көрсетіп, із қалдыруды мақсат тұтты. Мұндай мақсат ұлтының өнерін өркендесем деген азаматтық ойдан туады. Сонымен қатар, бұл озіне оңтайлы жанрда ғана жазып қоймай, композитордың кез келген жанрды менгеріп кете алатын шығармашылық қуатын, суреткерлік өресін, дарын деңгейін білдірсе керек.

Қазақ өнерінде күлдіргі опера жоқ еді. Сыдық бұрыныракта өзі музыка жазған «Беу, қыздар-ай» комедиялық спектаклін пегізге алды. Қ.Шаңғытбаев пен Қ.Байсейітов бірігін жазған спектакль сюжеті күлдіргі операга сұраныш-ак тұр еді. Қөнілді ырғаққа, құлқілі көріністерге, әзіл әуендерге толы опера көрсermenін көзайымына айналды. 1964 жылы операның премьerasы алдында театрда қойылымды талқылау болды. Мәжіліске өнер адамдары: композиторлар, әншілер және акындар қатысты. Консерваторияның студенті мен де отырдым. Әртүрлі пікірлер айттылды. Қазақстаниң халық артисі Қанабек Байсейітовтың созі есімде қалыпты. «Кейбір композиторларымыз күрделі гармонияға әуес. Оны жүрт түсінсе жақсы. Сыдықтың музыкасы әуенділігімен, саздылығымен ерекшеленеді. Сосын да құлаққа жағымды, жанга жақын, халыққа түсінікті» - деген еді өнер тарланы. Композиторға берілген әділ баға, замандастарының пікірі бүгін де маңызын жойған жок. Осыдан 40 жыл бұрын сахнага шыққан казақтың тұңғыш күлдіргі операсы «Айсұлудан» кейін бұл жанрга қалам тартқан ешкім болмады.

1960 жылы Мәскеуде Сыдықтың «Гасырлар үні» ораториясы орындалды. Хор мен симфониялық оркестрге арналған көп бөлімді күрделі шығарманың өнс бойынан халық әні «Елім-айдың» әуені мен елім деген ердің асқақ рухы сезіліп тұрды. Бұл - қазақ музыкасындағы тұңғыш оратория еді. Көп ұзамай Ф.Жұбановның «Дала шұғыласы» ораториясы жарық көрді.

Сыдықтың ән-романстарының өзі бір тәбе. Оның әндері әсем сазды, кең тынысты, әуенді болып келеді. «Қырманға кел, қалқатай», «Тербеледі тың даңа», «Жарқырайды Теміргаудың оттары» әндері кезінде енбек гимніне айналды десек дау туғызбас. Оның Абай сөздеріне жазған «Қақтаған ақ құмістей кең мандайты», «Ғашықтың тілі - тілсіз тіл», «Таңғажайыш бұл қалай


хат?», «Озгеге, көңілім, тоярсың», «Жарқ етпес қара көңілім» сияқты он бес шақты романстары ерекше құнды дүниелер. Композитор Абай өлеңдерінің табиғатын танып, Абай философиясын ойлы да, терен әуендермен жеткізе білген. Сыдық романстарының әуезді нақышы мен қоңыр үні Абай әндерімен үйлесіп жатады.

Казақстан композиторларының қаламынан туған симфониялық шығармалар баршылық. Е.Брусиловский бірнеше симфония, М.Төлебаев «Қазақстан», Е.Рахмадиев «Амангелді», «Толғай» симфониялық поэмаларын, Қ.Мусин, Ф.Жұбанова, Т.Базарбаев, М.Сағатов бірді-екілі симфонияларын жазды. Симфония жанрында өндіріп енбек еткен Е.Брусиловский, сосын көлемді төрт симфония жазған С.Мұхаметжанов болды. Оның «Дауыл» атты алғашқы симфониясы 1968 жылдың 19-ші наурызында жазылды. Бұл шығармада халқымыздың тарихы, заман ағысының иірімдеріндегі ел тағдыры суреттелді. Сол жылдар туралы дирижер Шамғон Қажығалиев: «Сыдық ете сезімтал, тәрбие!і, абзal жан еді. 1968 жыл болатын. Оның «Дауыл» атты бірінші симфониясын дайындалған кезім (бұл кезде Шамғон симфониялық оркестрдің бас дирижері). Симфонияның қалың партитурасын таңертен – жұмысқа, кешкісін – үйге, күнде тасымын. Соны білетін ол таңертен мені үйдің маңында күтіп тұрады. Соның қолымдағы ауыр партитураны алып: «Шәке, саган оркестрмен жұмыс істеу керек. Қолың талмасын, меп көтерейін» - дейді. Жұмыстан бірге қайтамыз. Симфония туралы көп сөйлесетін едік. Ақыры оның алғашқы симфониясы сәтті орындалып, композитор да, көрермен де отс риза болды» деп, еске алады.

Композитор көптеген драмалық спектакльдер мен кинофильмдерге музыка жазды. Ол көлемді үш операның авторы. «Айсұлудан» кейін Сыдық «Жұмбак қызы», «Ақансері-Ақтоқты» операларын жазып, тарихи оқиғаларды музыкасына арқау етті. Кейінгі кезде ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсын қолға алған екен.

Бұл сюжетке опера жазуды кезінде М.Төлебаев та бастаған болатын. Сәтті басталған опера аяғына жетсе, «еуропалық Ромео-Джульєтта» сюжетінен кем болмайды» деп үміттенген композитор арманына жете алмай кеткен еді. Сыдықтың да бастаған операсын аяқтауға өмірі жетпеді. Өкінішті-ақ.

Алайда, Сыдық Мұхаметжанов қазақ музыка өнерінде өз үнін, өз келбетін танытып, артында өшпес із қалдырған композитор. Оның музыкасы уақыт өткен сайын егеменді елінің рухын асқақтатып, туған халқының сарқылмас рухани азығына айналып келеді.



Шамғон және қазақ мұзыка өнері

Заманымыздың заңғар жазушыларының бірі Габиден Мұстафиннің: «Таланттың ерте не кеш туып қалатын кездері бар. Заманында туган талант ерке, еркін өседі» - деген сөздері қазақтың түңгыш кәсіби дирижері Шамғон Қажығалиевқа арнап айтылған сиякты көрінеді. Заманының еркелеткені емес не – оған ұлттық дәстүрімізде жоқ өнерді сыйлапты. Сонау 18-ғасырдың аяғына қарай Еуропада табан жолын таныған дирижерлік онер 19-ғасырдың орта шеніне қарай жүйесін тапқан еді. Сол жүйелі де киелі өнерді қазақ жеріне ғұламағалым, композитор Ахмет Жұбанов алыш келді. Алғаш қазақ оркестрін құрып, оның түнғыш дирижері де өзі болды. Оркестрді аяғынан тік тұрғызу оқай болмады. Қазақ музыка өнерінде бүрениң-соңды болмаған бұл жаңалықты түсінбеген кейбір керітартпалар «домбыра мен кобыз – феодалдық заманның сарқышишағы, оларды музейге қою керек» деп даурықты. Тағы бір қыындық ансамбльдік орындаушылық мәденисттің томендігінде болды. Жеке-жеке күй тартқанда шашқан аттай көслетін домбырашылар ансамбль бол бас қосқапда кібіртікеп қала берді. Ол кезде оншақты адамның алдына шығып, дирижерлік етудің өзі қазақ үшін тосын жаңалық еді. Бұл жаңалықты да қазақ онеріне ала келген А.Жұбанов болды.

Ал Шамғон дирижер боламын деп ойлаган да емес. Скрипка мен домбыраны жетік менгерген маман болуды мақсат тұтты. Солай бола тұра, Артуро Тосканини, Отто Клемперер, Юджин Орманди, Андре Клюйтенс сиякты ол да

дирижерлік мамандыққа ойда жоқ жерде келді. Оған А.Жұбановтың ықпалы болды. Бір күні үшінші курсты енді бастаған Шамғонды консерватория ректоры А.Жұбанов кабинетіне шақырып, «сен екі бірдей мамандықты менгеріп жүр екенсің, оркестрде, ансамбльде ойнаған тәжірибелі де бар. Сені студенттік оркестрмен жұмыс істеу үшін өзімे асистент етіп алсан деп едім. Бұған қалай қарайсын?» - деп сұрайды. Шамғон болса, ат-тонын ала қашады. Ахан оған: «ойлануга уақыт беремін. Жауабын өзің келіп айтарсын» - дейді. Арада біраз күндер өтеді. Дирижер болғысы келіп жүрген Шамғон жоқ. Ректор оны екінші рет шақыртады. Шамғон бұл жолы да келісім бермейді. Біраз уақыт өткен соң Ахан Шамғонды шақырып алады да, алғашқы сұрағын қайтарап: «екінің бірі, - дейді, - не келісім бересің, не консерваториядан шығарамын. Болаптағына талпынбайтын, онеріміздің өркендеуіне өз улесін қоскысы келмейтін, өз дарынын халықтың игілігінен аяған адам бізге керек емес». Шамғон шынымен қорқып кетеді. Шығарамын десе қолында. Ғұлама ұстаз оның қабілетін байқап, біліп, оны осы жолға бағыттап отырса, мұның қашқақтағаны жөн бе еken? Шамғон кателескенін түсіне қояды. Сосын профессорынан кешірім сұрап, келісімін береді. Ертеңінде Ахан оны оркестрдің алдына шығарып, студенттерге өзінің шешімін айтады. «Бұл - менің асистентім, яғни он қолым. Мұның айтқанын, менің айтқаным деп қабылдап, талабын қалтқысыз орындаңдар» - дейді. Бұл – 1946 жыл болатын. Сол күннен бастап, дайындығы болмаса да, білімі мен қабілеті жететінін сезген Шамғон А.Жұбановтың батасын алып, дирижерлік мамандықты біржола таңдал, соған өзін дайындауды.

1950 жылы консерваторияны дирижерлік мамандық бойынша Л.Шаргородскийден, домбырадан – Қ.Жантілеуовтен бітіріп, Құрманғазы оркестріне дирижер болып барғанда Шамғон небәрі 23 жаста екен. Ал оркестрде жасы жағынан үлкен, тәжірибесі мол, тісқаққан азулы музиканттар отырды. Сол кезде оркестр құрамында Гүлнағис Баязитова, Қали

Жантілеуов, Лұқпан Мұхитов, Жаппас Қаламбаев, Темірбек Ахметов, Жәлекеш Айпаков және консерваторияның тұнғыш түлектері Құбыш Мұхитов, Фатима Балғаева, Хабидолла Тастанов, Болат Сарыбаев, Орынбай Майспекин, басқа да, оркестрде он жылдай тәжірибе алған талабы таудай, талғамы зор артистер бар еді. Осындай оресі биік, өлшемі кең өнер адамдарының алдына шығып, дирижерлік тұғырга тұру үшін жас маманға «жүрекжүтқан» батылдық керек болатын. Өзінің шалқар білімі мен дархан дарының еңсөлі ұжымға таныту, мойындуғу үшін талпынған көңіл, бұлқынған жүрек, жұлқынған жігер керек болатын. Осы қасиеттер Шамғонның бойынан табылды да. Сөйтіп, ол Қазақстанның халық артисі, белгілі опера дирижері Тұрғыт Османовтың сөзімен айтқанда: «Жұбанов сияқты титаннан эстафетаны қабылдалап алды».

Жас дирижер бір жарым айға толмайтын уақыт ішінде бағдарлама дайындалап, өзінің тұнғыш жеке концертін берді. Мұның өзі оның білімі мен дирижерлік талабын былай қойғанда, оркестрмен тіл табысының, үлкен ұжымды менгере білген үйымдастырушылық, басшылық қабілетін де көрсетті. Концерттің бағдарламасында оркестрдің бұрыннан орындалған кейбір шығармалары болса да, көрермен қауым оларды бірінші рет тындан отырғандай жылы лебізben қарсы алды. Жас дирижер алғашқы концерттің өзінде-ақ белгілі неміс дирижері Бруно Вальтердің «шығарма тындаушыға әруақытта бірінші рет орындалып жатқандай естілуі керек» деген талабынан шықты. Табысты өткен алғашқы концерті - оны үлкен өнер жолына бастаған алғашқы сәтті соқпағы болды.

1952 жылы оны оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері етіп тағайындағанда, Шамғон бір жарым жыл ішінде ірлі-ұсакты сындардан мұдірмей өтіп, дирижерлік өнерді өмірінің мәні мен мақсаты деп танып, қызығы мен қындығы мол мамандыққа бүкіл өмірін багыштап, психологиялық жағынан ауыр жүкті мойнымен көтеруге

дайын тұрған шағы еді. Республиқадагы бірінші және бірегей халық аспаптары оркестріне бас дирижер болу – жас маман үшін әрі құрметті дәреже, әрі үлкен жауапты міндеп. Бұл кезде Республикамызда одан басқа халық аспаптары оркестрі жоқ болатын. Сондыктан біреуден көріп, басқамен тәжірибе алмасу да мүмкін емес-тін. Сондай-ақ ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан симфониялық оркестр сияқты емес, құрылғанына 18 жыл ғана болған, кәмелетке жаңа толған оркестрдің репертуар жағынан да кеңейтіп, шіберлігін дамытып, аспаптар тұрғысынан жетілдіре түсетін тұстары көп болатын. Барды қанагат тұттай, болашақты болжай қарап, биікке талпыну жас дирижердің білімі мен дарын деңгейіне, қажыр-қайратына байланысты. Салмақты да, жауапты міндептерді екі мүшелге тола қоймаған Шамгонга жүктегендеге, оның осындай қасиеттеріне сенген болар. Әйтпесе, 25 жасында Мемлекеттік оркестрге көркемдік жетекші, әрі бас дирижер, 60 адамдық ұжымға ақылышы, басшы болу – дирижерлік өнерде өте сирек кездесетін құбылыс. 19 жасында дирижерлік тұғырға тұрып, 70 жылдан сайнадан түспеген әйгілі дирижер Артуро Тосканинидің өзі «Ла Скала» театрына бас дирижер болғанда жасы 31 – де екен. Белгілі венгр дирижері Артур Никиш 23 жасында Лейпциг опера театрында екінші дирижер және хормейстер мәртебесіне ие болса да, тек 27 жасында ғана бас дирижер дәрежесінс қөтеріліпті. Ал мына жағдайды «Шамғонның феномені» деу керек.

Талабы мен талпынысы зор жас дирижерді алғашқы ірі женісі көп күттірген жоқ. Ол 1953 жылы Бухаресте өткен Дүниежүзілік фестивальде алдынан шықты. Бұл жөнінде композитор Еркеғали Рахмадиев: «Он сегіз мемлекеттің оркестрлері қатысқан фестивальде Құрманғазы оркестрі румын оркестрімен иық тристіре финалға шықты. Оркестр қазақ күйлерін, сонымен қатар И.Брамстың «Венгер биі», М.Глинканың «Вальс-фантазиясы» сияқты классикалық шығармаларды да орындалап, ұлт деңгейінде ғана емес,

лұниежүзілік мәдениеттің, өркенистің барлық саласын менгергенін көрсетіп, өзінің жоғары деңгейде екенін дәлелдеді. Сол жолы бірінші орын алып, қазақ өнерінің алғашқы алтын медалін әтерген Шамғон еді. Содан бері әңбекін есептемегеннің озінде, Қажығалиевты ардақтау үшін казактың омырауына қадаған сол алтын медальдің өзі жеткілікті» - деп, жоғары бағалаған екен.

Шынында, бұл – оркестрдің, Шамғонның гана емес, қазақ музыка өнерінің жеңісі еді. Оркестр Бухарестен оралғанда бүкіл Алматы қарсы алуға келгендсій, ғұл шоқтарын құшактаған халық перронга симай кетті. Қыркүйек айында оркестр есептік концертін Абай атындағы опера және балет театрында өткізді. Концертке билет таппай сабылған көше толы халықта есеп жоқ еді. Бұрын да көрерменнен тапшылық көрмейтін оркестрдің концертіне дәл осындай құштарлық болмайтын. Ұлттық опердің дүниежүзілік деңгейдегі үлкен жеңісіне масаттанған халықтың қуанышында шек жоқ. Олар елдің еңсесін көтеріп, осындай қуаныш сыйлаған оркестр мен оның бас дирижеріне алғыстарын жаудырып жатты. Билет таппаган жастардың көбі шаттықтың әсерінен концерт біткенше театр алаңынан тарқамай қойды.

Бұл – оркестр тарихындағы тұнғыш аншлаг, сенсация болды. Мұндай аншлаг ірі өнер ұжымдарының өмірінде көп кездессе бермейді. Құрманғазы оркестрі мұндай жағдайды тагы да екі рет бастаң кешірді. 1984 жылы Атырау қаласында катарынан жеті күн болған оркестр концерттерінде ине шаншар жер болмаса да, халық легі толастаманты. 1988 жылы Шымкент мұнай өнімдерін өндөу зауытының мың адам сиятын сарайында он күн бойы бір бос орын болмапты. Осының өзі оркестрдің орындау шеберлігінің биік дейгейін, репертуар байлығын, оркестрге және оның бас дирижері Шамғонға деген халық сүйіспеншілігін көрсетсек керек.

Шамғон Сагаддинұлы – қазақ оркестрінің аспаптарын кайта жаңғыртып, елеулі өзгерістер енгізген жаңашыл

дирижер. Ол оркестрге келген күннен бастап аспаптарды жетілдіру мәселесін ойластыра бастаған. Оған көнтеген себептер тұртқи болды. Шамғонның алдында оркестрдің репертуарын кеңейту, оның тек ұлттық туындылармен шектеліп қалмауын ескеріп, классикалық шығармаларды көбірек енгізу мәселелері тұрды. Ондай күрделі шығармалардың қазақ оркестрінің осуіне көп септігін тигізетіні даусыз. Классикалық туындылар фольклормен ғана әуестеніп келген оркестр мүшелеріне сан қылыш гармониялық үндестіктерді қабылдауға, кепүнділік (полифония) жазу мөнерін ести білуғе, күрделі шығармалардың сан түрлі құрылымын түсінуге көмектесер еді. Бұл мәселені түбекейлі зерттеген маэстро ондай туындыларды орындау кезінде ортағы регистрдің жұтаң болатынын, көптеген тембрлердің жетіспейтіндігін, оны жүзеге асыру үшін жаңа аспаптар енгізіп, бұрынғыларын жетілдіру керектігін түсінді.

Қазақ өнерінің тарихында ұлттық музыка аспаптарын жетілдіру, яғни реконструкциялау түнгыш рет 1933 – 1937 жылдар аралығында академик А.Жұбановтың басшылығымен және музыка аспаптарын жасаушы шеберлер Эммануил Романенко мен Қамар Қасымовтың қатысуымен жасалған болатын. Оркестрдегі үш сым шекті қобыздар, қобыздың бас және контрабас түрлери, домбыраның қос сым шекті прима, қос кеттүт шекті бас және контрабас түрлери де сол кездес туған еді. Арада 20 жылдан астам уақыт өткенде аспаптардың дыбыстық бояуы, техникалық мүмкіншіліктері, динамикалық қауқары ізденгіш, жаңашыл дирижер Шамғонды қанағаттандырмады. Ол 1958 жылы Мәскеуде өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігін желеу етіп, КСРО мәдениет Министрлігінің музыкалық аспаптар фабрикасына жаңа үлгімен жасалатын 80 аспапқа мемлекеттік тапсырыс бергізді. Шамғонның ұсынысымен қобыз тобындағы аспаптар торт шекті жүйеге түсірілді. Сейтіп, олардың шеберлік шенбері кеңейін, динамикалық икемділігі арта түсті. Домбыра тобында никколо, секунда,

аңыт, баритон сиякты жаңа аспаптар пайдада болды. Бұл өзгерістер ғылыми негізде, аспалтар бұрауы кварта-квinta шеңбері бойынша акустика заңдылықтары ескерілп жасалды. Олар домбыра тобындағы аспаптардың ортаңы регистріндегі бос кеңістікті дыбыспен толықтырын, өзіндік бояу қосты.

Шамғон тағы бір батыл қадам жасады. Ол бұрын-соңды болмagan сырнай аспабын өзінің сзызымен жасатып, оркестрге қосты. Еуропа мәдениетіне жетік дирижер ұлттық дәстүрлерді де жақсы білетінін танытты. Талай жаугершілік заманды бастан кешірген халқымыздың жауға шапқанда, аңға шығып, құс қайтарғанда қагатын дауылпазы мен кепшігін де оркестрге енгізді. Сөйтіп, халқымыздың тұрмысында колданылған дүниелер музыка аспаптарының қатарына қосылып, өз үні, оз бояуымен ұлттық өнерімізге әр берді. Аспаптық музыка тарихында бұл да үлкен жаңалық еді. Өйткені ол кезде көне музыкалық аспаптар әлі де зерттелмеген болатын. Фалым Б.Сарыбаевтың көне аспаптар туралы ғылыми еңбекі бұдан он жылдан астам уақыт өткен соң ғана жарық көрді. Шамғонның бұл әрекеті тың жерге түрен салғанмен бірдей болды. Жылдар өткен соң да композитор Е.Брусиловский: «Оркестрдің тембрлік мүмкіндіктерін қсендіту үшін III.Қажығалиев бірқатар аспаптарды сәтті енгізді. Бұл оркестрдің тембрлік бояуын барынша құбылтып, түрлендіріп жіберді» - дег тамсаныш, аузынан тастамай жүрді. Аспаптарды жетілдірудің иттихесі орындаушылардың да шеберлігін арттыруға игі әсерін тигізді. Кейінгі кезде Республикалық конкурстарда домбырашылар мен қобyzшылардың оте жоғары деңгейде шеберлік көрсетуі – Шәкеңнің сол игілікті істерінің тамыры теренге бойлан, өз жемісін беріп жатқанының айғағы. Маэстро енгізген сол аспаптар әлі де мәнін жоймай, оркестрден өз орнын тауып отыр. Мұны Шамғонның көрсегендігі десек жарасады, ұлылығы десек те сияды.

Одақ дирижерлері арасында Шамғон Сағаддинұлы үлттық болмысымен ерекшеленіп, үлттық өнердің иірімдерінде қалып қоймай, әлемдік классикалық музыканың айдынына құлаш ұра алатын кең ауқымдылығымен дараланды. Екі өнерді де (халықтық және классикалық) тел еміп, уыз шырынды бойына дарытып, терең түсіне білді. Бұл орайда оның Ленинград консерваториясынан алған білімі мен тәжірибесі де, өзінің көрген-білгені де, оқыган-тоқығаны да игі әсер етті. Шамғон консерваторияны опера-симфония дирижері мамандығы бойынша ұлагатты ұстаз, дарынды дирижер Эдуард Грикуровтан бітірді. Сол жылдар Шамғонның дирижер ретінде өсуіне көп ықпал етті. Ленинградқа жан-жақтан атақты дирижерлер көп келегін. Шамғон олардың дайындықтары мен концерттерін күр жіберген жоқ. 1962 жылы Ленинградқа аустриялық әйгілі дирижер Герберт фон Карайн келеді. Ұлы дирижермен жүздесіп, сейлесудің сәті түсті. Филармонияның үлкен залында болған концертке Г. Карайн өзінің жекеменшік самолетімен алып келген Вена симфониялық оркестрімен шықты. Бағдарламада неміс композиторлары Бетховен, Вагнер, Брамс, Р.Штраус шығармалары болды. Екі мың орыны бар ұлксын залға симаган халық тікеден-тік тұрып концерт тыңдады. Құдіретті музыка үні адам жанын баурап алдып, қолшапалақтардан құлақ тұнды. Халықтың қошеметінен зал ішінде И.Айвазовскийдің әйгілі суретіндегі тоғыз баллдық сұрапыл толқын тұргандай болды. Осы бір кислі өнердің естен кетпес керемет кепі Шамғон өмірінс ерекше әсер еткен еді.

Ал 1963 жылы Шамғон француздың ұлы дирижері Шарль Мюишиңгің өнерін көру бақытына ие болды. Әйгілі дирижердің 73 – ке қараған шағы екен. Жасамыс болса да, ішкі куаты өзінде, бойында шарпығанын құлғе айналдырып жіберердей жалыны мен магниттік күші бар маэстро оркестрді де, көрерменді де сиқырмен матап тастаған. Ұлы дирижер оркестрдің алғашқы дыбысын естігеннен-ақ ерекше

темпераментпен, жүрөгі лаулац, жаны толқыған жас жігіттің кейпіне енеді дейді. Оның алпыс екі тамыры бірдей бұлкілдеп, әндегіп жатқандай көрінеді екен. Осының бәрі Шамғонның көз алдында болды. Әйгілі дирижердің осы ерекшеліктері қатты әсер еткен болуы керек, Шамғон өзінің блокнотына Ш.Мюнштің: «Дирижерлік – ол тіпті де мамандық емес, бірақ кисел бейімділік, кейде өнер құдіретінде құлшылық, тіпті ол – ауру, одан тек ажал ғана құтқарады» - леген сөздерін жазып алышты. Бұл сөздер оның өмірлік кредосына айналды.

Сол жылдары Шамғон «Мравинский оркестрі» атаныш кеткен Ленинград филармониясының оркестрін басқаратын атақты дирижер Евгений Мравинскийдің, концерттік сапармен келген дирижерлер: неміс Франц Конвичный мен Курд Мазурдың, итальяндық Роберто Бенци мен Клаудио Аббадоның, америкалық Юджин Орманди мен Лорин Маazelльдің, орыс дирижерлері Александр Гаук пен Кирилл Кондрашиннің, Евгений Светланов пен Геннадий Рождественскийдің дайындықтары мен концерттерінде болып, көп тәлім, мол гибрат алды. Дарынды да, тәжірибелі, асқан шебер дирижерлермен кездесіп, олардың оркестрмен жұмыс істегенін көру - әркімге қона бермейтін бақыт. Ол – бір уақыттың ағымы, тағдырдың сыйы. Ал, ұлы мәртебелі тағдыр өзінің сүйген құлына ғана осындай мол сый ұсынатыны белгілі. Алайда осы сыйды толық қабылданап алу үшін де зерек зерде, өткір көз, құйма құлак, ұшқыр қиял ксерек болатын. Үздіксіз ізденіс пен талмайтын талпының қана табиғат сыйын олжалауга жеткізетін еді. Сол қасиеттердің дер кезінде Шамғонның бойынан табылғаның уақыт көрсетті.

Осындай ұлы дирижерлер мен ұлағатты ұстаздардан тәлім алған өресі биік дирижер оркестрді еңселі ұжымға айналдырыды. Дирижерлік тұғыр ол үшін тақ болса, Шамғон – оркестрдің басына қонған бақ еді. Осы ойларымызды белгілі озбек дирижері З.Хакназаровтың сөзімен толықтырсақ:

«Жоғары деңгейдегі ұжымды қалыптастыру үшін оның жетекшісінің жақсы ұстаздық қабілеті, өте жақсы көркемдік талғамы мен жоғары кәсіби біліктілігі болуы керек. Қажығалиевтың бойында осындай қабілеттердің бар екенін оның атқарған істерінің өзі-ақ айтып тұр».

Енді оның атқарған істеріне көніл аударайык. Шамғонның басшылығымен Құрманғазы оркестрінің атағы төрткүл дүниеге тарады. Өнер ұжымдарының Бүкілодактық байқауларында төрт дүркін бірінші орынды жеңіп алғып, лауреат атанды. Онымен бәсекеге түсе алатын Н.Оsipov атындағы және В.Андреев атындағы орыс халық аспаптары оркестрлері, Украинаның бандуристер капелласы, Белорусия, Тәжікстан, Түркіменстан. Өзбекстан және Қыргызстанның халық аспаптары оркестрлері оның шаңына да ілесе алмады. Алдыңғылардың бірі болып «Республикаға енбек сінірген колектив» құрметті атағына ие болды. Одақ бойынша үшінші болып, Н.Оsipov атындағы және Бүкілодактық радиотеледидар оркестрлерінен кейін, «Академиялық» құрметті атақ алды. «Халықтар достығы» орденінің халық оркестрлері арасындағы тұнғыш иегері болды. Одақ көлімінде оркестрдің аты асқақ естілді. Музыка сыншысы, гылым докторы В.Виноградов: «Бұл ұжым – совет өнерінің мақтанышы. Оның тәжірибесін Одақ көлеміне таратып, оны шет слерге көрсету керек» - деп, оркестрге жоғары баға берді. КСРО композиторлар одағының пленумында өзінің «Фортепианолық Концертін» Құрманғазы оркестрімен қосылып орындаған композитор Тихон Хренников оркестрдің шеберлігін көзімен көріп, көнілімен сезінгеннен кейін: «Ражаң оркестр, әлемдік деңгейдегі ансамбль» деп ағынаң жарылды. Ал оркестрді мұндай дәрежеге жеткізу - әлемдік деңгейдегі дирижердің ғана қолынан келетін іс.

Бұл – оркестр мен оның бас дирижері Шамғон Қажығалиевтың атағының аспандағы тұрған кезі болатын. Құрманғазы оркестрінде жұмыс істей музыканнтар үшін үлкен бір абырай, дәреже саналатын. Оркестр артистері «мен

Күрмансазы оркестрінде, Қажығалиевта істеймін» деген мақтанышпен айтса, басқалар қызыға қарайтын. Сол бір кезеңнің тамырын дөп басқан Т.Османов: «музыканттардың «мен Қажығалиевта істеймін» деген сөзі, «мен Мравинскийде істеймін» дегенмен пара-пар болатын» - деген айтқаны мәлім. Қажығалиевты Ленинград симфониялық оркестрін 50 жыл басқарып, тұғырынан таймаған Мравинскийге теңеу – жеңіл-желпі айтыла салатын сөз емес. Ал ондай теңеу қазақ өнерінің белгілі қайраткері, дирижер Тұрғыт Османовтың аузынан шықса, оған ерекше мән берген жөн.

Шынтуайтқа келгенде, Шамғон Қажығалиев – ғасырдың көрнекті дирижері, казак музыка өнерінің алыптарының бірі. Шамғон пір тұтқан Ш.Мюнш: «дирижер атану оңай емес, ондай атаққа тек нағыз суреткер ғана жете алады» - депті. Дирижер Қажығалиев нағыз суреткер ғана емес, ол – оркестр деген үлкен бір ұжымдық аспаптың табиғатын терең білетін, сол «аспапта» шебер ойнай алатын дарынды музыкант. Ал ол «аспап» - «пернелері» мен «шектері» өз алдына ойлай алатын, сезіне білетін музыканттардан тұратын көп дауысты, сансыз бояулы үлкен бір әлем. Шамғонның бір қасиеті: ол – осы тылсым әлемнің сырына қанық, өзін еркін сезініп, ұжымның тыныс-тіршілігін танып, онымен біте қайнасып кетеді. Алайда ұжымның еркіне беріліп, оның ырқына көніп кетпейді. Қайта оркестрдің сезіміне әсер етіп, шығармашылық өнердің отын лаулатып, оны озіне баурап алады. Сонда оркестр дирижердің сілтеген қолына ілесіп жүре береді. Бұл, әрине, үлкен өнер адамына ғана тән, дирижердің ерік күші мен шығармашылық талпынысының нәтижесі. Осы екі қасиет дирижердің оркестр алдындағы беделін орнықтыра түседі. Шамғонның беделі ерекше болды. Белгілі музыкант И.Маркевич: «өзіне шабыт берे алатын жетекшісіне оркестрдің сенім білдіруі - өте сирек құбылыс, және ондай сенімді жаулап алу оңай емес» дей келіп, ондай беделге

дирижер өзінің білімділігі мен біліктілігінің, сарқылмас жігерінің арқасындаған ие бола алатынын айттыпты. Ал бұл қасиеттердің де Шамғонның бойынан табылғаны даусыз.

Неміс композиторы Рихард Штраустың әкесі көп жыл оркестрде ойнаған тәжірибелі валторнашы екен. Ол бір сезінде: «әрбір орындаушы дирижердің әр қимылтын бақылай отырып, оның жүрісіне, оркестрдің алдына қалай келіп, таяқшаны қолына қалай алғанына қарап, оның дирижерлік қабілетіне баға бере алатындығын» айтқан. Олай болса, Шамғон сахна төрінен көрінгенде көрермен қауымның ду қол соғуы – дирижерге берілген жоғары баға, сүйіспенішліктің айғағы. Ал оның тұғырға келіп тұрғандагы тіл-тік тұлғасы орындаушылардан да осындай бір жинақылықты талап еткендей. Ол бұйрықты қолын сілтегендеге тасқындаған әуен сиқырлы таяқшаның ұшында сан түрлі әсем өрнек сызып жатады. Әр аспаптан шыққан дыбыстың әсерлілігі, табиғильтің сонша, барлық аспапта дирижердің өзі ойнап жатқандай көрінеді. Әр әуенниң сырын аша, беріле қозғалған қимылы да тартымды. Қай шығарманы болмасын үлкен сезіммен орындаиды. Оркестрді өзіне баурап алады. Бірақ өзін де, өзгені де ұмыттып, «еріп» кетпейді. Әруақытта жинақы. Музыканың толқынына түссе де, ескегінен айрылмаған, әуенінен адаспаған. Құлак құрышының сезімталдығын бір сәтке де әлсіретпеген.

Оның қолының әрбір қимылы музыканың темпі мен ырғағын ғана көрсетіп қоймай, әуендері астарлы ойды өрнектейді. Аз қимылмен көп нәрсені баяндайды. Ол кейір дирижерлер әуестенетін, сырт қараганда әсерлі болып көрінетін әсіре, оғаш қимылдардан өзін аулақ ұстайды. Өйткені, музыкадағы өрнекті ой мен терең сезім иірімдері оркестрге дирижер қолының мағыналы қимылы арқылы жетеді. Осы тұста орыс дирижері А.Пазовскийдің: «икемді, жұмсақ қол қимылы – дирижер шеберлігінің бірден-бір белгісі» - деген сөздері ойға оралады. Ал қызыққұмар көрермен алдындағы арзан абырайға бола әсерлі оғаш

қымылдар жасап, орындаушы мен ойлы тыңдаушыны музыканың негізгі мағынасынан алшақтатып, адастырып жіберу күнә болар еді. Осы ойларды жинақтағанда, нағыз дирижер келбеті айқындала түседі. Музыканы бүкіл болмысымен сезініп, сиқырлы қолдарымен өрнектей алатын артист Қажығалиевтың табиғат музықадан құя салған кесек тұлғасын көргенде, «туа біткен дирижер» деген сөз тіркестері санаға саялан, тіл ұшына үйіріледі.

Шамғон Сағаддинұлы – музыкалық шығарманың астарлы ойын, сырлы сазын, асыл әуенін тыңдаушыға жарқыратып жеткізе алатын шебер интерпретатор. Ол кіндігін қызып, тұсаудың кескен туындылар халықтың коңілінен шығып, болашаққа жолдама алыш жатты. С.Мұхаметжановтың «Шаттық отаны», «Қыз куу», М.Қойшыбаевтың «Казақстан», «Тұған өлкес», «Қызылқұм», Н.Тілендиевтің «Женіс салтанаты», «Алтын дән», «Махамбет», К.Күмісбековтың «Қорқыт туралы аныз», «Фараби сазы» т.б. көптеген шығармалар Шамғонның орындаудында дүниеге келіп, өз жылғасын тауып, өнер айдынына қосылды. Содан кейін-ақ оркестрге арналған жаңа шығармалар туда бастады. Бұл шын мәнінде оркестрге, оның дирижеріне деген үлкен сенімнің белгісі еді. Мұндай сенімге Шамғон ұлыларға тән суреткерлік қасиетімен ис болды. Ол жаңа шығарманың әрбір нотасы мен нюанстарын жетік біліп, харakterін тауып, тұшынып, ой елегінен өткізбей оркестр алдына шықпайды. Ал композитордың стилін түсініп, музыкасында не айтайын дегенін табуға – дирижерге оның сергек қиялы, көркем ойлау қабілеті мен ақындық сезімі көмекке келеді. Автордың ойын терең түсінуі ғана дирижердің музықага шынайы интерпретация жасаудың септігін тигізеді. Шығарманы ойша түсініп, түйсіну мен оны оркестрге ойнатып, құлакпен естіп, көңілмен сезіну – екеудің түрлі дүнис. Оркестрдің ойыны, аспаптардың ойнау шеберліктері көңілдегі көркем ойды жеткізе алды ма? Не жетіспеді? Осындауда ұшқыр ойлы, жсдел талдау жасау, оны

оркестрге жете түсіндіріп, дәлелдеу, тіпті мойындау – дирижер қабілетіне байланысты. Дирижердің ести және есте сақтай білуі, темпераменті мен қанатты қиялдының самғау биіктігі, көкірек сарайының көркем ойларға жомарттығы, селт еткен дыбысқа сезімінің сергектігі сияқты табиғаттың өзі сыйлаған қабілеттерінің көрінер тұсы осы. Шамғонның осындағы жұмыс жүйесін байқаған Е.Рахмадиев: «оркестр күрамы мен оның бас дирижері Қажығалиевтың жоғары көркемдік деңгейі Республика композиторларының шығармашылық қиялтына қанат бітірді. Композиторлар осы ұжымға арнап шығармалар жаза бастады» - деп, жақсы нышанды қуана құптаған, оның басты себебін де ашып көрсетті.

1973 жылды Алматыда откен Азия, Африка және Латын Америкасы елдері музыкасының форумында Құрманғазы оркестрі тағы бір қырынан көрінді. 46 мемлекеттен келген небір майталмандарды жолда қалдырып, ұлы күйін Құрманғазының «Сарыарқа» күйі, оны орындаған Құрманғазы оркестрі, оның бас дирижері Қажығалиев бірінші орынды жеңіп алды. Күйдің осы орындалуы эталон бол қабылданып, бүкіл дүние жүзіне тараған. Бүкілодактық радио мен Мәскеудің күйтабақ фирмасында «Сарыарқа» күйі оркестрдің орындауында, Қажығалиевтың интерпретациясында жазылып, алтын қорға алынды.

Шынайы өнер – мәңгілік. Бір кереметі – Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сейтек, Дина күйлері және казақ композиторларының шығармалары күні бүгінге дейін Шамғонның интерпретациясында, Шамғон жасаған үлгіде орындалып келеді. Өмірдің өзіндей шыншылдығы, ақиқаттың өзіндей айқындығы, табиғаттың өзіндей табиғиліғы сонша, оларды басқаша орындау мүмкін емес сияқты. Шамғон өнерінің құдіреттілігі де осында.

Ол – казақ оркестрінің репертуарын байыта түскен шебер оркестратор. Қазақ музыкасы тарихында тұңғыш партитура жасап, халық аспаптары оркестріне түсіру ісіне

тыннан соқпақ салған А.Жұбанов екені белгілі. «Қажығалиев – Жұбановтың бірден-бір мұрагері» деп Қазақстанның сибек сінірген артисі, профессор Жамбыл Баспаев жазғандай, Шамғон ұстазының тәжірибесін одан әрі жалғастырды. Ол қазақ оркестрінің партитурасын кеңейтіп, казақ күйлері мен әндерін өндеп, қазақ оркестріне түсірілген классикалық шығармалар антологиясын жасады.

Дарынды дирижердің ұстаздық сибегінің өзі бір төбе. Білімдар ұстаз уақыттың тамырын ұстап, тынысын ести білетін қасиетімен көрінді. Сол жылдары Республика мызыцы әр жерінде халық аспаптары ансамбльдерін құруға талпыныстар өріс алған болатын. Мұның арты халық аспаптарында ойнайтын мамандар көбейе келе жер-жерде оркестрлердің құрылуына әкелері сөзсіз. Ендеше олардың жетекшілерін осы бастан дайындау қажет. Бұл мәсслені қазір козғап, жуық арада шешпесе, кеш болатынын сезді. Бірақ бұл – машақаты көп шаруа-тын. Ал оның Құрманғазы оркестріндегі жұмыстары бір басына жетіп, артылатын. Соған қарамастан Шамғон Сагаддинұлы ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсініп, сол кездегі консерватория ректоры Е.Рахмадиевтың алдына мәселе қойды. Ректордың қолдауымен оркестр дирижері кафедрасы ашылды. Сол кафедраны Шамғон 20 жыл басқарып, 100-ден астам дирижер дайыннады. Ұстаз туралы шәкіртер пікірі бір ендіктің бойынан табылып, бір жүректен шыққандай естіледі. «Солистер академиясы» оркестрінің көркемдік жетекшісі болған Әнуар Нұсіпбаев: «Қажығалиев – Қазақстандағы дирижерлік мектептің негізін қалаушы» десе. Абай атындағы опера және балет театрының дирижері Нұрлан Жарасов: «оның ұстаздығын совет дирижерлік мектебінің іргетасын қалаушы, негізін салушы Илья Мусинмен қатар қояр едім. Өйткені, ол - қазақ дирижерлік мектебінің пионері болды» - дейді.

Ұстаз – қай уақытта да ұстаз. Профессор Шамғон Сагаддинұлы Қажығалиев консерваторияда дәріс беріп

жүрмесе де, ұстаздық міндетін бір сәтке де ұмытқан емес. Оркестр артистері мен дирижерлерге тәлім-тәрбие, ғибрат беріп келеді. Өзі қанаттандырган шәкірттері мен кейінгі жас дирижерлердің білім деңгейін сынау үшін 2001 жылы Бірінші Республикалық дирижерлер конкурсын жариялады. Қазақстан музыка өнері тарихында тұнғыш өнер сайысын өткізіп, маэстро тағы да өнеге корсетті. Бұл конкурстың маңызы ерекше болды. Көрнекті өнер қайраткері, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Республикалық және Құрманғазы атындағы) және Оңтүстік Корея мемлекетінің симфониялық оркестрінің бас дирижері Толеберген Эбдірашев: «Тұнғыш дирижерлер конкурсының Шәкенің атымен аталуы заңды. Өйткені, Қазақстанда дирижерлік мектепті құрған осы кісі. Құрманғазы оркестрін 40 жылдан астам уақыт басқарып, оны жер жүзіне танытқан осы кісі. Оркестрді жоғары кәсіби деңгейге жеткізген осы кісі. Сондыктan қазақ музыка өнері үшін бұл конкурстың орны бөлек, мәні ерекше» - деп, жоғары бағалады.

Елін сүйген азамат туған халқының рухын асқақтатуға, қазақ музыкасының мәртебесін әлем биігіне көтеруге өнегелі өмірін арнау келеді. Талай шетелдік сапарларда қазақ өнерінің көркемдік қуатын көрсете білді. «Сарыарқага» қытайларды табындырып, «Сарыжайлаумен» тәқаппар француздарды бағындырылды. Серпінді «Серпермен» қызу қанды итальяндықтарды дүрліктірді. «Көкейкесті» мен Огинскийдің «Полонезі» поляктарды егілдірді. Листтің ұрпактары қазақ күйлерінен таныс әуен іздеді. Сибелиус пен Григорій отандастары тамсана тыңдалап, Алтынбасты Прага қазақ өнеріне басын иді. Сөйтіп, Шамғон қазақ деген халықтың өскелең музыка өнерін әлемге танытты.

Оның осындай ерен еңбегін елі елеусіз қалдырган жоқ. Ол «Еңбек Қызыл ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталып, КСРО халық артисі,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. ЮНЕСКО-ның музика қайраткерлері Ассоциациясының және Ресей музика қайраткерлері қоғамының басқарма мүшесі болды. Өнердегі өмірі ерлікке толы дирижер Шамғон Қажығалиев ксійінгі жылдары Қарағандының Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрін тәрбиелеп келді. Құрманғазы оркестрін 41 жыл басқарған мол тәжірибесін пайдаланып, шертпе күй атасының атындағы оркестрді шеберлік шынына шығарып, «Академиялық» мәртебесіне жеткізді.

Шамғон ағамыз 80 жасқа келсе де, тұғырдан тайған жоқ. Музика тарихында 80–90 жасқа дейін дирижерлік еткен мысалдар аз емес. Әйгілі А.Госканини өзінің 70 жылдық дирижерлік қызметінде бірнеше жыл бойы қатарынан бірнеше оркестрді басқарғаны белгілі. Сондай-ақ ол 70 жасында АҚШ-тың ұлттық радиосы оркестріне бас дирижер болып тағайындалып, 17 жыл сибек еткені тарихтан мәлім. Ал Г.Карайн болса, 80 жасқа дейін қатарынан бес мемлекеттің оркестрлерін басқарып келген. Ендеше, ғасырда бір туар өнер тарланы Шамғон Қажығалиев та денсаулығы сыр бермесе, талай оркестрлерді шеберлік шынына шығарары хақ. Өйткені оның бойында Тосканинидің темпераменті, Карайнның суреткерлігі, табиғат берген шалқар шабыты мен дархан дарынның сарқылmas қуаты әлі де бар.

Осыншама қуатты Шәкен қайдан алады? «Үйдің жақсы болмағы - ағашынан, ұлдың жақсы болмағы - нағашыдан» дейді халық даналығы. Шәкенің нағашы атасы әйгілі күйші Қызылқұрт Құрманғазымен үш атадан туысатының ескерсек, маэстроның текстілігінің негізін табу киын емес. Белгілі қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаевтың: «Шәкен жас кезінде туған жерінде осетін құмаршықтан нәр алған» деген аталы сөзі бар. Бұл сөздің астарында Қажығалиев өнерінің тамыры, шалқар шабытының бастауы - қазақ топырағында, өскен елінде, туған халқында деген ой жатыр.

Жүлдыздың жарығы

Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты **Нұргали Нұсіпжанов** - өнерде өзінің қолтаңбасы, әдемі дауысы, өзіндік ән айту мәнері бар сырбаз әнші. Ол әрбір әнді жете түсініп, ой елегінен өткізіп, жаңымен толғаныш, жүрекпен тебіреніп айтады. Содан болар оның айтқан әндері халықтың жүргегіне жетіп жатады. Халық Нұргалидың әніне ғашық, оны сүйсініп тыңдайды. Оған күә болғанымыз бар. Халқымыздың ғасырлар бойы арман еткен Тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңы болатын. Тәуелсіздік деген құдіретті сөз кімді болса да тебірентпей қоймайды. Әсіресе, өнер адамдары жайбаракат қала алмапты. Әйгілі әншілеріміз жаңа бағдарлама әзірлең, халықтың еңсесін көтеріп, мәртебесін өсіру үшін ел ішіне шыға бастаған. Солардың алғашқыларының бірі болып Нұргали Нұсіпжанов өзінің «Жазира» ансамблімен Қарағанды облысын аралаған еді. Сол сапарда сырбаз әншінің қасында болып, оның өнеріне ғашық жандарды көріп, оның нағыз халықтың әншісі екеніне көз жеткізген едік.

Балқаш қаласынан басталған сапар Ақтоғай, Қарқаралы, Осакаров, Ұлытау, Абай, Бұхар жырау аудандары мен Жезқазған, Сәтбаев, Теміртау және Қарағанды қалаларында жалғасын тапты. Барлық жерлерде де көрермен қауым сүйікті әншісін орындарынан тік тұрыш, қол соғып қарсы алып, концерт соңына да зор қошемет көрсетіп жатты. Әсем әннен әсер алған халықтың көңілі өсіп, мерейі тасып, бір жасап қалғанын көрдік.

Әнші Балқаш қаласында тұнғыш рет болса да, көрермен оны жылды шыраймен қарсы алды. Концерт

сонында ризалықтарын білдіріп, ыстық лебіздерін айтқан қала әкімінің орынбасары, еңбек ардагерлері әншіден жи келіп тұруын сұрап жатыр. Нұрекен де олардың көңілдерін қайтармай, «Халқымыздың адад ұлы Дінмұхамед Қонаев ағамыз алғаш еңбек жолын бастаган қала мен үшін ыстық Сондықтан алдағы уақытта жол түссе, Балқашқа соқпай кетпеспін» - деді ағынан жарылып.

Нұр-аға концертін «Дедім-ай» әнімен бастап жүрді. Халықтың құлағы мен жүргегіне алғаш рет Нұрекенің дауысымен жеткен осы әдемі халық әні оның әншілік онерінің эпиграфы сияқты еді. Жетісудың төл әнін жантәнімен беріле, үлкен сезіммен айтатыны сондай – тыңдаған жанға әсер етпей қоймайды. Сәтбаев қаласында болған концерттен кейін бір келіншек: «Жетісудың қызы едім. Осында түрмистамын. Ағаның «Дедім-айын» естіп, туған жерінді, торкін жұрттымды сағынып кеттім, қолтаңбасын алайын деп едім» - дегендес көздерінде сағыныш жасы мөлтілдеп тұрды.

Нұр-ағаның Шәмші мен Әсеттің сонау алғашы әндерінен бастап, радио-теледидар арқылы таратуға белсене араласып, концерттерде жи орындал, насхаттап келгені белгілі. Енді сол арыстарымыз арамыздан кеткелі Нұр-аған олардың артында қалған мұраларына ие бол келеді. Шәмші әндерінің екі бөлімнен тұратын аудио таспасын жаздыруға бас болды.

Әсеттің екі томдық «500 ән» әндер жинағын құрастырып, оны бастырып шығаруға атсалысты. Енді сол жинақтан Әсеттің көшилікке мәлім емес әндерін орындал жүр. Әсеттің «Ерке қыз» әні Нұр-ағаның орындаудың тұнғыш рет көрерменге жетті. Композитордың ақын Серік Тұрғынбековтың сөзіне жазылған «Абайдың елі» әні де тұнғыш рет орындалды. Елімізде Абай деген жалғыз қала бар екен. Ол – Караганды облысындағы Абай ауданының орталығы. Осы қалада өткен концерtte Нұрекен «Абайдың елі» әнін қала жүршылығына, сондагы мұражайға тарту етіп үсінды. Бұл әнші үшін, оның әнін сүйетін қауым үшін ерекше оқиға болды. Концерттің алдында сол ауданның

мәдениет бөлімінің менгерушісі Любовь Константиновна Әубекірова бір әңгіме айтқан еді. «Нұр-ага, - деп бастаған ол орысша мен казақшаны араластыра, - мен қазақтың келінімін. Менің түскен отбасым ән-думанды ұнататын шаңырақ. Үй-ішімізben сіздің әндеріңізді тыңдаймыз. Әсіреле, менің күйеуімнің қарындасы сіздің өзінізге, әнінізге ғашық еді. Радиодан, немесе, теледидардан сіз ән айттып жатсаныз, істеп жатқап жұмысын тастав салып жүгіретін. Сізге ғашықтығы сондай, тіпті оны күйеуі көпке дейін қызғанып жүрді. Сол қайын сіңілім асыға күтіп жур. Кешке концертке келеді» - деген. «Күйеуі де келе ме?» - деп сұрадым мен. «Келеді, - деп күлді келініміз, - қорықпай-ақ қойыныз. Қазір ол қызғанбайды. Оның өзі де Нұр-аганы жаксы көреді». Көрерменнің осындағы риясыз кеңіліне не дерсін?

Нұр-ага Шемшінің көп орындала бермейтін, өзі тұсауын кескен әндерін жана бір қырынан танытты. «Қуаныш вальсі», «Кешікпей келем деп ең», «Теріскей» әндерін тыңдаған көрермен жаны сүйеттің жақынын сағынып көргендей сезімге боленеді. Осыдан соң көрерменнің көңіліне тосқауыл қоя алмайсың. Әр концерттен соң жасы бар, жасамысы бар Нұр-аганы ортаға алып, қолтаңба сұрап, суретке түсіп, қауқылдастып жатқаны. Қарқаралыда бір топ жастар оны қоршап алтынты. Мәдениет бөлімінің менгерушісі Раушан Жылтыбаева: «Нұр-ага, «Теріскейді» біздің өнерпаздар үйреніп жур еді, айтқаныңыз жақсы болды ғой» - дейді. Нұр-ага күлімдеп: «Иә, жігіттер, қалай, дұрыс айттым ба? Бірденесін бүлдірген жоқпын ба?» - деп әзілдейді. Шіркін, әзілің жарасқанға не жетсін!

Сол Қарқаралыға кіре берісте ғой: Раушан қарында-смызыздың көлігінде әсем табиғатты тамашалап келе жатқанбыз. Құн шақырайып тұрса да, тәбемізге бір шекім бұлт үйіріліп, жанбыр сіркіреп қоя берді. «Мынау жауған нұр ғой. Жақсылық ала келдініз, Нұр-ага» - деп Раушан қуанып жатыр.

Сүйікті әншісінің келгеніне қуанғандар аз болған жоқ. Ақтогайда қарсы алған мәдениет бөлімінің менгерушісі

Тәбәрік Жармағанбетов атымыздың басын халық театры режиссерінің үйінің қақиасына әкеп тіреген. Алдымыздан жүгіріп шықкан Нұрлан: - Нұр-аға, қадамыңыз құтты болды. Жаңа ғана Қарағандыдан хабар алдық. Тұңғыш немерем дүниеге келді. Ата болдым, - деп, қуана қарсы алды. «Құтты болсын» айтып, Нұр-ағаның жүзі нұрланып сала берді. «Онда атын Нұргали қою керек» - дестік біз. Нұрлан бөгеліп: «Сқылқышы ғой» - деді. «Онда Нұрбике, Балнұр десе болады». Сол кезде: «Осы жұрт қалай ерте үйленеді екен. Нұрлан – аудандағы ең жас ата. Бірақ, үлкен әжесі тұрғанда, оған немересе ат қою қайда?!» - деп алдымызды орады Тәбәрік.

Құлаайғыр ауылында әншіге аксақалдар келіп сәлем беріп: «Қарағым, екі күн бұрын бүкіл ауыл болып Алладан жанбыр сұрап, тасаттық беріп едік. Бүгін өзің жаңбырды ала келдің. Нұр жауып тұр. Өмірің нұрлы болсын» - деп баталарын берді.

Нұр демекші, Нұр-ағамыздың да өзінің Нұр-ағасы бар. Ол – дарынды композитор, Халық қаһарманы Нұргиса Тілендиев. Екеуі 30 жылдан астам уақыт бойы шығармашылық байланыста болды. Нұргиса көп әндерін Нұргалидың дауысына лайықтап жазды. Нұргали сол әндердің тұсауын кесті. Бір жылды Нұргиса «Құстар қайтып барады» деген ән жазады. Ол Нұргалидың орындауында ел ішіне тарайды. «Тұған жерге симай кетіп барады, өскен жерін қимай кетіп барады». Халық салмақты ойға, мұңға толы әнді жанына жақын көріп ұнатады. Бір күні Нұргали Нұр-ағасына келіп, назын айтады. «Аға, тұған жерін қимай кеткен күстың өскен жеріне деген сағынышы, махаббаты болады ғой. Сол махабbat оны қайтадан елге альш келмейтін бе еді? Осы туралы ән шығарыпсызы. Өзім орындағын» - дейді. Нұргиса бұған келіседі. Сөзін тағы да Тұманбай Молдағалиевке жаздырады. Сөйтіп, «Құстар қайтып келеді» әні туады. Оны Нұргали өзі орындаиды. Бір концерттен соң Нұргиса інісін құшақтап, «осы ән туралы ой салып, жаздырғаның қандай жақсы болған, бауырым» - деп көзіне жас алған екен.

Ардақты ағасын еске түсіріп, «Күзде қайтқан құстармен өзі де мәңгілік сапарға атғанды ғой» - деп мұңаяды Нұргали.

Концерттік сапардың бағдарламасында Нұргисаның да әндері болды. Нұркен ауылында концерт басталарда Болатбек деген бір жас жігіт жүгіріп келіп: - бағдарламада Нұргисаның әндері бар ма? – деп сұрады. «Бар». «Сарыжайлау» бар ма?». «Бар». «Құстар қайтып келеді?». «Бар». «Өз елім» ше? «Ол да бар». Жас жігіт балаша қуаныш, жүгіріп кетті. Бұдан кейін ел ішінде Нұргисаның әндеріне, Нұргалидың дауысына ғашық жандар аз емес екенине күмән келтірмедік.

Осакаров ауданы өзге ұлт өкілдерінің көп қоныстанған жері. Аудан әкімі Абдолла Төребеков келгелі қандастарымыздың саны көбейіп қалыпты. Біз келген күні аудан бойынша егін салу науқаны аяқталыпты. Сол күні орталықтағы балабақшада қазақ тобы ашылыпты. Аудан әкімі осы қуаныштарды Нұр-аганың келуімен байланыстырып айтқанда, еңсеміз көтеріліп қалды. Зал толы халықтың жартысынан көбі өзге ұлт өкілдері болса да, басынан аяғына дейін Мемлекеттік тілде жүргізілген ән кешін бәрі де зейін қойып тыңдал, қошеметтеп отырды. Бұл бұрын болмаған жағдай екен. Мұны Тәуелсіздігіміздің жақсы бір нышаны деп жорыдық. Сондай-ақ Нұр-аганың әндеріне ешқандай ұлттық шекара жоқ екенине күә болдық. Бір жолы ақын ініміз: «Сырғалым» әні Нұр-ага орындағанда авторы айтқаннан да көркейіп кетті. Шіркін, әншінің құдіреті сонда ғой» - деген еді ағамыздың өнеріне таңдай қағып. Мына жағдайды да көрерменді әуені мен үніне ұйытып тастаған қазақ әні мен әншісінің құдіреті деп қабылдадық.

Әйгілі әнші өзінің «Жазира» ансамблімен келгенін жогарыда айттық. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл» демей ме, Нұр-ага шәкірттеріне де жол берді. Ансамбль мүшшелері қобызышы К.Бижанова, домбырашы А.Мұқанов, әнші Р.Тұрысжанова өз өнерлерін ортаға салды. Асқар орындаған Динаның «Бұлбұлы», Секеннің «Көңіл толқыны» күйлеріне, Нұргисаның «Әлқіссасына» халық дүрсілдете қол соғып,

костап отырды. Жас әнші Райханның өнері де көрерменнің алғысына ие болды.

Халықтың әншіге деген ілтипатының ерекше екенін жол-жөнекей көп көрдік. Қызыларайдан шыққан соң, жасыл белдерден құлаған шұбырынды қыр жолына түсіп, сазды сайлардан өткел іздел жүріп, Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровтың ауылына үш сағат кешігіп жеттік. Ұңғайсызданып келеміз. «Халық тарап кетті-ау» деген қаупіміз де жоқ емес. Алайда, ауылға таянғанда жол аузында тосып тұрған адамдарды көріп, көңіліміз орына түскендей болды. Ауылдың әкімі, аудандық мәдениет бөлімінің басшы қызыметкерлері жайдары, жарқын жүзбен қарсы алғанда, бәрін де ұмыттық. Халықтың кіршіксіз ак көңілі жанымызға шуақ шашты.

Жезқазғаннан кештетіп қайтқан едік. Жаңаарқаға тоқтап, жанаармай құйып алыш, жүріп кеткенбіз. Ауылдан шыға берісте бір машина күшп жетті. Сөйтсек, ауыл азаматтары екен. Әлгінде Нұр-ағаны танып қалыпты. «Сіз біздің сүйікті әншімізсіз. Ауыл үстінен үн-тұңсіз етіп бара жатқанызы жарамайды. Шақырып келтіре алмайтын конагымызыз. Дастанханымыздан дәм татпай кетпейсіз» - деп жатып жабысты. Содан ак көңілі мен ак дастанханың жайып салған азаматтардың ортасында түн ауганша сұхбаттасып отыруға тұра келді. Халықтың осындай қошеметі мен маҳаббаты Нұр-ағаның нағыз халықтың әншісі екенін дәлелдесе керек.

Жезқазған қаласының әкімі Жұмамәди Ибаділдиннің кабинетінде отырғанымызда үстімізге облыстық мәслихаттың хатшысы Қ.Медиев ағамыз кірді. Ол келген бойда Нұрекенді құшақтаң амандастып, бұрынғы кездескен күндерді айтып, қауқылдастып жатты. «Нұреке, келгеніңіз жақсы болды. Халық сізді сүйеді. Сіз қазақ өнерінің жұлдызысыз гой» - деген сөздер әншісін мәртебесін көтеріп тастады. Барған жерімізде сүйікті әншісін қошеметтеп қарсы алыш, басына көтерген халықтың көкейіндегі ойдың тобықтай түйіні ел ағасының аузынан шыққан осы сөздерде

жатқандай. Халықты мейірлендірген де сол жұлдыздың жарығы болар.

Нұр-ағаға Мемлекеттік сыйлық берілгенде қатты қуанғандардың бірі белгілі жазушы Ілияс Есенберлин екен. Ол жақсы көретін інісін құттықтап тұрып: «Бұл сенің жеңісің ғана емес, бұл – халықтың аманаты, мойныңдағы парызың» - депті. Сол сөздер әлі әншінің көкейінде. Бұл сапар – сол аманатты ақтауға, парызды өтеуге ниет еткен азаматтың Тәуелсіздігіміздің торқалы тойына қосқан үлесі болды.

Мына «Мойын» деген өлең де «мойынында қыл арқан шірімейтін» азаматқа арналып еді.

Қазағымның көп қой, шіркін, ырымы,
Қыз балаға ұзарсын деп бұрымы
Желке берген, ал жіліктің майынан
Татырмаған суланар деп мұрыны.

Сәби туса, орны бөлек тойының,
Қалжаға деп сойған семіз қойының
Жас босанған келіншекке береді
Құлағы емес, жүреғі емес, мойынын.

Арыс туған сол келіншек көрікті,
Құлак жесе, жүрек жесе ерікті.
Мойын берсе, мазақ емес, сәбидің
Мойыны тез бекісін деп беріпті.

Тіл берсеші, шешен бол деп төгілген,
Ми берсеші, дана бол деп тегінмен.
Бірін бермей, беріктігін мойының
Тілегені емес екен тегіннен.

Білген бабам, білген болжап ойымен,
Сәби өсіп, қоштасқан соң ойынмен,
Күні ертең азамат боп ержетіп,
Ел намысын көтерерін мойынмен.

Қали Бақанов
Жөне оның
ортасы

Қарағанды өңірі ежелден өнерге дархан екені белгілі. Тәттімбеттің құйлерінен, Мәдидің әндерінен осы өнірдің өнердегі мінезін тануға болатындей. Әншілерді еске алғанда ең алдымен академик А.Жұбанов «казақтың асқан әннісі» деп бағалаган Габбас ойға оралады. Қазақ әндерін жинаған музыка зерттеуші А.Затаевич әнші туралы: «Габбас Айтпаев - Қарқаралы уезінің кесек жатқан сары алтындағы аса жоғары талғамды, тамаша әншісі, әндердің вариантарынан таңдаулысын алатын, мұсіндайтін, жүргегінді қозғайтын жылдылықпен орындайтын, сирек кездесетін музыканың ақыны», - деп жазған екен. Қай әнні туралы жазса да, тамсанып айтатын, сөзге жомарт А.Затаевич басқа ешбір әншіні «музыканың ақыны» деген емес. Габбастың әкесі Айттай - ақын, әнші, композитор болған. Габбастақа әншілік өнер, музыкадағы ақындық атадан қалған мұра болса керек. Айтпайдың «Раушан», «Перизат», өзі туралы шыгарған «Айтпай» деген әндері, өкінішке орай, ұмытылып барады. Габбасты да ұмыттық. Егемен ел болып, есімізді жинағанда Габбастай асылымызды ардақтасақ, абзал болар еді.

Тағы кім бар дегенде, «тотыдайын таранған, сұнкардайын сыланған, сұлу бикен бар ма екен?» деп, сахнаға екпіндей шықкан Шеге-Манарабекті көреміз. Қазақтың бұлбұлы атанған Күләшті ойласақ, Үкіл Ұбырайдың «Гәккүін» шырқаған аққудың сұңқылындау үні құлағымызда тұрады. Енді бірде «Көгарышын» - ән

еркесі баппен айтса, ер жігіт не болады серттен тайса» деп бастап, әуенін мың құбылта келіп, «үридәй-дәйдімді» бірнеше қайталап, сызылта салған Жұсіпбек әні көніл түкпірінде бұлқілдеп жатады. Одан кейін әнші Қуан, оның ұстазы **Қали Байжанов** ойға оралады.

Қалидың репертуарындағы әндерді жазып алған А.Затаевич «жалпы алғанда, бұл – акын және қиялышыл Габбастай емес, қарадұрсіндеу» - деген еken. Жарылғап-бердінің «Шамасын», «Топайқөгін», «Ардағын» ешкімге ұқсамайтын мәнермен жоғары деңгейде орындал, тарихта аты қалған Қали қарадұрсіндеу болса, қайран Габбас қандай болды еken? Әттең, өмірден ерте кетпесе, Габбас та, Куан да ән өнеріндегі соқпағын даңғылға айналдырап еді-ау.

Қали шымыр денелі, сымбатты адам болған. А.Затаевич оны алғаш көргендегі әсерін былай суреттейді: «...орта бойлы, келбетті, дөңгелек жұзді, салбырағандау жирсен мұрты бар, көпке белгілі Репиннің картинасындағы запорождықтарға да ұқсайды десе болады. Оның дауысы күшті, алысқа кететін жоғары баритон...».

Қали Байжанов 1877 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қайыңдықөл деген жерде туған. Оның өскен жері Қарағанды облысының бұрынғы Егіндібұлақ ауданы еken. Бір деректерге қарағанда өмірден таршылық көрген Қалидың әкесі Байжан туыстары тұратын Егіндібұлақ ауданындағы Балықбай ауылына көнеді. Қалекенің кенже ұлы Женістің айтуынша Баянауылда ән салып жүрген жетім баланы Егіндібұлақтың Тәуке деген бір байы ауылына алып келеді. Мұны естігенде, менің ойыма сонау 17-ғасырда болған бір уақыға түсті. Итальяндық жетім бала Джованни Батиста корольдің күймесінің күшегіне жармасып, Францияға өтіп кеткен еken дейді. Қайырымды корольдің мейірімі түсіп, сарайда қалып қояды. Жылдар өткен соң музикалық қабілеті құлағынан құйылып тұрган сол баладан Жан

Батист Люлли деген француздың әйгілі композиторы шығыпты. Сол сияқты, Тәукс байдың атының сауырында келген жетім бала кейін атағы төрткүл дүниеге тараған, Қазақстанның халық артисі атанады. Бұл деректердегі шындық – Қалидыш жастайынан жетім қалып, тағдырдың тауқыметін көргені. Қали қабырғасы қайысатын ауыр жұмыстарға түседі. Он бес жасынан бастап Екібастұзда шахтер, «Желтау», «Казмединстайл» құрылыштарында тас калаушы болып істейді. Алайда, «алмас кездік қын түбінде жатпайды» демекші, Қалидыш бойындағы табиғат берген дарыны оған маза бермейді. Жастайынан естіген әнін бірден қағып алғып, шырқай жөнелетін қабілетінің күш алғып бара жатқанын байқайды. Бойдағы дарын өз алдына, ал ән салу өнері жапалактап жауған қар сияқты тобене келіп қона салмайды. Бала Қали қозы бағып жүргендес де қолындағы таяғын домбыраша қағып, естіген әндерін әуелете шырқауға машықтанады екен. Бір күні бала қозыларын қас қарай өрістен айдал келс жатып, бозторғайдың ұясына кезігеді. Аспанда қалықтағ, құйқылжыта шырқайтын әнші құстың жұмыртқасын алғып, ауылға қайтады. Қалжырап келген бала әлгі жұмыртқаны талғажау етіп, ер-тоқымды жастанып жатып қалады. Ертеңінде тұрса, бойындағы ғажап өзгерісті байқайды. Аузын ашса, көмейінен күмбірлеген үн, әуелеген ән күййлады. Бір түннің ішінде ғаламат әнші болып оянады. Міне, Қали осылай әнші болыпты десек, сенер ме едініз? Орине, олай болған да жоқ, болуы да мүмкін емес сіді.

Әнші болу үшін Қали ел ішіндегі майталман әншілердің касына ереді. Оған ұстаздық еткен Арқаның әйгілі әншісі Жарылғапберді еді. Қали одан «Ардақ», «Алтыбасар», «Шама», «Үш дос», «Қанафия» әндерін үйренді. Ол белгілі әнші-композитор Жаяу Мұсамен жиі кездесіп жүретін. Композитор ауыр мінезді, аса сабырлы адам болған деседі. Алғашкы кезде Қалиға көніл аудармай, салқын амандасқан Жаяу Мұса жас жігіттің әнге деген құштарлығын көрген соң,

оны өзіне жақын тартады. Қали оның алдында «Алтыбасар», «Ардак», «Жалғыз арна» әндерін шырқайды. Жас әншінің талабына көнілі толған Жаяу Мұса оған «Кідігай», «Көгаршын», «Қоңыр», «Толқыма», «Хаулау», «Гаунарқызы», «Сапар», «Құлбай бай», «Ақсиса» әндерін үйретіп, үйінде бірнеше күн жатқызды.

Жасырақ кезінде Қали кіреңілерге еріп, Қоянды жәрменкесіне барады. Сонда ол бір қымызшының үйінен біреудің жер жаңғырықтырғандай үнін естіп, әншінің өзін көруге ынтық болады. Алты қанат ақ үйдің айналасы лық толы халық. Содан адамдардың арасымен сыйылыса жүріп отырып, есіктің алдына жетіп, ішке сығалай қарайды. Бөркінің сыртынан құлапара салған, сұлу киінген сымбатты әншіні қореді. Сыртынан даңқын естіп, әніне құмар боп жүрген Біржан салмен бала Қали осылай кездеседі.

Ол атақты әнші-композитор Ақан серіні де көрді. Бір жылы Құдегінің Нұрланы деген кісіге еріп, Абай ауылтына да барған дейді. Ұлы ақынға Қалидың құдіретті үні мен жерлі әні ұнайды. Өнерге талшынған жасқа ақыл-кеңесін беріп, апта бойы әнін тындалап, данышпан Абай оны сый-құрметпен аттандырган екен.

Қали жыл сайын Қоянды жәрменкесіне барып, Қажымұқан, Омар, Майра, Иса сияқты саңлақтармен ойын-сауық қурады екен. Бұл өнер майталмандары үшін казіргі кезде өткізіліп жүрген фестивальдер сияқты болған. Бірақ олар казіргідей жаунарлы, аспалы шамдары жарқыраған үлкен сарайдың сахнасында емес, алты қанат ақ үйдің төрінде ән шырқаған. Міне осындай ән мектебін бітіріп, дала академиясынан білім алған Қали біржола өнер жолына түседі.

Қали 1925 жылдың жаңадан ашылған қазақ өнерінің қара шаңырағы - драма театрында әнші болып істеді. 1930 жылды Қарағанды облыстық радио комитеті құрылып, оған алыс ауылдардан ақындар мен әншілер, домбырашылар мен қобызышылар келе бастайды. 1931 жылды Қали Қарағандыға

кайтын оралып, облыстық радио комитетіне әнші болып орналасады. Олардың өнерін бір жүйеге қойып, басқаратын адам кажет болды. Осы мақсатпен Бұқілодақтық радио комитеті Мәскеуден Саратов консерваториясының түлегі Борис Орловты Қарағандыға жібереді. 1933 жылы Борис Александрович Орлов әйелі Валентина Сергеевна Пирогова екеуі Сарыарқа торіндегі көмірлі қалаға келіп, облыстық радио комитеті жанынан қазақ хорын ұйымдастыруға кірісіп кетеді. Оларға Қали мен оның жары әнші Қабиба көп көмектеседі. Қалидың қалқасында қалып, көп айтылмағаны болмаса, Қабиба да алғашқы күннен бастап хордың құрамында ән салып, өнер ұжымының үлкен жетістіктерге жетуіне өз үлесін қосты.

Осы бір кезеңге тоқтала кеткен жөн. Өйткені музика мәдениетінің өркендесуіне қазақ хорының ашылуы зор ықпал еткен болатын. Хордың жетекшілері ауылдан келген хат тани білмейтін, тұла бойында табиғат берген дарыны тұныш тұрған өнерпаздарға нота сауатын, сольфеджио сабағын оқыта бастады. Бұл бір жауапты да қын жұмыс еді. Бірақ соған Б.Орлов пен В.Пирогова қол жеткізді. Өйткені, Қали Байжанов, Кеншімбай Мұстафин, Қосымжан Бақаев, Зәбира Жұбатова, Алтын Элиева, Жабай Тогандықов, Рахметжан Үбыраев сиякты өнерпаздардың білуге, үйренуге деген құштарлығы керемет болған. Орлов пен Пирогова да оларға үйретуге жалықпаған. Тіпті олар кешкісін артистердің үйлерін аралап жүріп, әрі тексеріп, әрі көмектесіп отырған. Бірде олар кешкісін Кеншімбай Мұстафиннің үйіне кірсе, ол балаларын үйіктатып тастан, әйелі мен екеуі білте шамның жарығымен нота сауатын үйреніп отырғанын көрген. Әншілердің өнерге деген ерекше құштарлығының осыдан-ақ байқауға болатын еді.

Осындай екпінмен жұмыс істеген хор үлкен жетістіктерге жетеді. 1934 жылы ол Бірінші Бұқілқазақстандық өнерпаздар слетіне шақырылады. Қазақстанның музика өнерінің тарихында тұңғыш қос дауысты қазақ хоры өмірге кілгенін

олар сол слетте жария етеді. Сойтіп, тұнғыш қазақ хоры Карагандыда құрылды. Оның бағдарламасында қазақтың халық әндері және совет композиторларының нота бойынша айтылған әндері болды. Хордың орындаушылық шеберлігіне таңғалған мамандар артистердің нота сауатына күмән тудырады. Бірде Мәскеуден келген хор мамандары Кувыкин және Демьянов, композитор В.Коваль артистердің білімін, нота сауатын тексерген. Тексеру деген не тәйірі. Туа біткен дарының болса, сүріндірмейді екен ғой. Олардың алдына шыққан әнші Қосымжан Бақақов нота сауатына да, сольфеджиоға да жетік екенін корсетеді. Қонақтар оның дауысының тембріне, үнінің тазалығына, ән айту мәнеріне және артистік қабілетіне риза болады. Ал Қосымжан Н.Римский-Корсаков пен П.Чайковскийдің операларынан оқыған әншілер айтуға жүрексінетін арияларды шырқағанда, қонақтардың таңданысында шек болған жоқ деседі. Комиссия құрамындағы композитор Кобылинский тақтаға әнші Кеншімбай Мұстафинді шақырады. Композитор пианинода бір дыбыстарды ойнайды. Кеншімбай әлгі дыбыстарды сол қалпында дауысымен қайталап, дыбыс аралығының атын атап, түсін түстеп, тақтаға жазып бергенде, тексерушілердің мойнындағаннан басқа амалы қалмайды. Бір жолы тексеруге келген композитор Е.Брусиловский әншілермен сольфеджио сабагын өткізеді. Ол әнші Қалидың музыкалық қабілеті мен оның сольфеджио сабагына зеректігін көргенде айтарға сез таппаған дейді. «Самородок» сары алтыңдай дарынымен музыка маманының тілін байлаған шала сауатты Қалидың жасы сол кезде алпысты алқымдал қалған екен. «Күш атасын танымас» деген осы да.

Қазақ хоры 1936 жылы Мәскеуге барып өнер көрсетеді. Хордың бағдарламасында В.Пирогова хорға өндеген қазақ әндері «Алтыбасар», «Көкбай», «Ахай-бикем», «Қараторғай», «Сырымбет», «Балкурай», «Дударай», «Женеше», «Сәулем-ай», сонымен қатар классикалық шығармалар:

Н.Римский-Корсаковтың «Снегурочка», А.Бородиннің «Князь Игорь», П.Чайковскийдің «Евгений Онегин», Дж.Верди дің «Аида» операларынан хорлар бар еді. Қали Байжанов «Алтыбасар» әнін хордың сүйемелдеуімен, ал «Шама» әнін домбырамен орындағы. Мәскеудің үлкен зауыттарының клубында өткен концерттерде Қарағанды өнерпаздары көшіліктің қошметіне бөлениеді. Қали Байжановтың тебірене, асқан артистік шеберлікпен айтқан әндеріне, жez қоңыраудай құнғырлекен дауысына Мәскеу халқы дүрсілдетіп кол соқты. Сол күндер жөнінде «Народное творчество» журналының 1937 жылғы бірінші санында басылған мақаласында профессор В.М.Беляев Қалидың өнеріне тәнті болып, ол орындаған «Алтыбасар» әні туралы: «Қазактың халық әні «Алтыбасар» сияқты өміршең әндер Совет Одағының барлық Республикаларының музыкалық тұрмысына енүі тиіс» - деп жазды. Бұл пікір бір жағынан әннің ғажайып қуатын білдірсе, екіншіден, оны орындаған әншінің құдіретін айғактайды.

1938 жылы қазақ хоры Мәскеуге тағы да барады. Тағы да сол құрамы. Бұл жолы олар тонфильм мен грамофон табагына Е.Брусиловский мен В.Пирогова өндеген және қаймағы бұзылмаған қазақтың 25 халық әндерін жаздырады. Осы сапардан кейін Қали Байжановқа Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі атагы берілді. Қарағандыда филармония ашылғанда Қали соған әнші болып орналасады. Содан былай осы үжымынан қол үзбеген.

Қали Байжановтың қазақтың бір туар, дарынды әншісі екенін белгілі өнер қайраткерлері, музыка мамандары айтты, жазып та кеткен. А.Затаевич Қалидан «Бұркітбай», «Екі жириен», «Қызыл бидай» сияқты коп әндерді жазып алған. Ол Қали туралы: «Өмірде көңілді, сүйкімді Қалидың сөзсіз музыкалық қабілеті күшті» - дейді. Қалидың әншілік өнерін сипаттап А.Затаевич: «Қалидың орындауда өзіндік ерекшелік бар. Ол әнді салған жерден аспандатыш, көтеріп алыш кететін жерінде бой жеткізбей, ал

оюлайтын, қыстырыратын жерлерінде казақ әннілерінде аз кездесетін өзінің қою бояулы қоңыр дауысымен дүрлдетіп жібереді. Оның аузынан шыққан дыбысынан жәй кездің өзінде де аржагында бір алапат күш жатқаны сезіледі» - деп, оның табиғат берген ерекшелігін жоғары бағалаған. Қазақ музыка өнерінің ақсақалы, академик А.Жұбанов Қали туралы: «Қазақтың классикалық ән орындау дәстүрінде біздің заманың орындаушылық мәдениетінен орын алатын көптеген кезеңдері, жақсы үлгілері бар. Қалидың дауысы оның үстінс, ешбір консерватория көре алмаса да, табиғи түрде қойылған дауысқа меңзейді» - деген. Онымен қоянқолтық жұмыс істеген Б.Орлов: «Қали консерватория бітірген жоқ. Ол тіпті оқи да, жаза да білмейтін. Оның университеті – табиғи дарыны, ғаламат бас-кантанто дауысы және кең дала»- деген екен. Осы жерде бір анықтай кететін нәрсе бар. Ол Қалидың дауысы жөнінде. Жогарыда Затаевич Қалидың дауысы жоғары баритон десе, Орлов оны бас-кантанто деп отыр. Осының қайсысы шындыққа жақын. Екеуі де. Өйткені А.Затаевичке «Ыргақты», «Бүркітбай», «Көкжендет» әндерін жаздырганда Қали өзіне ыңғайлы дауыс деңгейінде, яғни кіші октаваның «до» нотасынан бірінші октаваның «ля» нотасына дейінгі аралықта айтқан. Содан да А.Затаевич оның дауысын жоғары баритон деп корсеткен. Ал Б.Орлов болса, Қалидың хордагы айтқан дауыс деңгейіне қарап, тұжырым жасаған. Оның дәлелі: Н.Римский-Корсаковтың «Масленица» шығармасындағы тәменгі дыбыс – үлкен октаваның «фа» нотасын Қали еш қиналмай, емін-еркін айта беретін болған. Ендеши Б.Орловтың пікірімен де келісуге болады. Алайда Қалидың табиғат берген иі қанған, бояуы қанық, кең тынысты, ешкімге ұқсамайтын дауысы бас түгілі, баритонның да шекарасынан асып, тенордың өлкесіне өтіп кетеді екен. Бұл - өте сирек кездесетін құбылыс. Сол кезде казіргідей егемендігіміз қолымызда болса, бүкіл әлем жүртynан көрсетіп, таңдай қақтыратын оқиға екенінде дау жоқ.

Қазақ халқының абзал ұлдары, ардақты арыстары Сәкен, Ілияс, Бейімбет Қалидың дауысының ерекшелігін аңғарып, оның әндерін сүйсіне тыңдаған. Құлагер ақын Ілияс: «осыған дейінгі өзіне үқсасы жоқ, нағыз шебер әнші екен» - деп, жоғары баға берген. 1936 жылдың жазында Мәскеуден ақын Корней Чуковский бастаған бір топ жазушылар Қарағандыға келеді. Бір күні олар ойда жоқта хордың дайындығының үстінен түседі. Хор оларға бірнеше ән орындайды. Қали жазушылардың алдында «Ардақ», «Алтыбасар» әндерін айтады. Сонда Корней Чуковский Қалидың дауысына қатты толқын: «Мынау керемет олжа ғой, анық тот баспайтын асыл, тозбайтын талант» - деп, таңдай қағып, таңғалған екен дейді.

Қали өмірде қарапайым, акжарқын, үнемі өзі де күліп, өзгені де күлдіріп жүретін адам болған. Қай уақытта да оның айналасына артистер жинала қалыш, әншінің айтқан небір күлдіргі әңгімелерін тыңдалап, мәз болады екен. Ол біресе кәрі шал бол қауқылдаи, кемиек кемпір бол сақауланып, жәбір көрген жас қызы бол кемсендеш, кекеш бол тұтыға сөйлегендеге, тыңдаушылар күлкіге көміледі. Онысына өзі де балаша мәз болып, саңқылданап күледі дейді. Содан оны көбісі «шал-бала» деп атағ кетеді. «Аузын ашса, көмейінен жүрегі көрінеді» деп осындағы көңілі кіршіксіз, жүрегі таза адамдарды айтса керек.

Шабыттанып алған кезде бірнеше шумақ өлеңді төгіп-төгіп жіберетін суырыпсалма ақындығы да болыпты. Б.Орлов Қали туралы: «оның бір қабақ түйіп жүргенін көрген жоқпын. Жұмысқа келгенде, жымыш келеді. Сахнаға шығарда, жымыш тұрады. Жұмыстан қайтқанда да жымыш қайтады» - деп жазыпты.

Ал сахнаға шығып ән айтқанда, одан байсалды, одан катал адам жоқ. Өзінің табигат қойып берген, ерекше әдемі тембрі бар, күшті, асау дауысын ауыздықтап, еркінен бағындырады екен. Ол сыйырлап айтса да, үні ашық, сөздері анық естіледі. Ән салғанда көзін жұмышп алады.

Ешкімді көрмейді, ештеңе сезбейді. Тек әнге беріледі. Көз - жұмулы, көңіл - ояу. Әннің айтайын деген ойы мен арманы әншінің үнінде, оның алабұртқан өңінде тұргандай болады екен. Қазақтың әншілік өнерін сактап, оны дамытудағы еңбегі бағаланып, Қали 1945 жылы Қазак ССР-ның халық артисі атағына ие болды.

Дарынымен даңқы шыққан әнші Қали жас әншілерді үлкен өнерге баулып, үлгі-өнеге көрсетті. Бұл жөнінде академик А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабында жазды. Қалидың алдын көрген шекірттеріне оның дарыны дарып, шапағаты тиді. Зәбира Жұбатова -- Қазақстанның халық артисі, Алтын Әлиева мен Кенжегүл Сыздықова - Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атақтарына ие болды. Кенжегүл апамыздың ер азаматқа тән жігермен әйгілі әнші Әміренің басына ескерткіш қойып, Алматыда Мәди филармониясын құруы осындай ұлылардан алған тәрбиесінің қуаты болар-ау.

Белгілі өнер саңлагы Асанәлі Әшімов өзінің естелігінде: «Қали Байжановтың тоқсанның тұғырына қонған кезі. Бала сияқты айтқан сөзінің бәріне сенетін, анқау да, ак қоңіл жан еді. Сол қалыптың өзінде де Ақан сері, Естай, Мәдидің әндерін нәшіне келтіре айттын» - десін. Жасы келсе де, үні қартаймаған, дауысы тозбаған тарланбоз әнші 1966 жылы дүниеден өтті. Ол Қарағанды қаласында жерленді. Артында асыл мұрасы - әндері, әншілік дәстүрі, оның өнерін қастерлейтіп тұган халкы бар. 1990 жылы облыстық филармонияга оның есімі берілді.

Ол тіршілігінде көптеген өнсер адамдарымен араласып тұрды. Алматыдан Қарағандыға келген өнер адамдары Қалибек Куанышбаев, Жұсіпбек Елебеков, Шәкен Айманов, Қауken Кенжетаев, ағайынды Ришат пен Мұслім Абдуллиндер, Әнуарбек Үмбетбаев т.б. Қалидың отбасына соқпай кетпеген. Бірге қызметтес болған Жабай, Зәбира, Алтын, Рахметжан, Мұхит т.б. жиі қатынасып, Қабиба жеңешелерінің қызыл күрең, сарықасқа шайын, агаларының

әзіл әңгімесін сағынып келетін деседі. Сондай-ақ, Қалекең көршілерімен жақсы араласқан. Атақты әншінің артында атасын ұлық тұтатын үрпағы бар. Қарағандыда оның ұлдары Болат пен Женіс тұрады. Олар екеуі де шахтада сәбек еткен. Қалекеңнің үлкен ұлы Октябрь бақильтық болған. Үлкен келіні қыздарымен Теміртауда тұрады. Бүтіндегі атақты әншінің оншакты немересі, оншакты шөбересі ержетіп келеді. Келіндері Тильтық, Роза, Меруерт аталарының жайдары мінезін, бала сияқты қылыштарын сағынышпен еске алғып отырады.

Иә, ұлдары мен келіндері, немерелері мен шөберелері тана емес, қайталанбас дарын иесін, асыл перзентін, оның асқақ әні мен өршіл дауысын тұған халқы да сағынып еске алады.



Құйші Мұхит

1937 жыл. Алматы қаласындағы филармония залында халық дарындыларының Республикалық байқауы өтіп жатқан. Сахнада Балқаш қаласынан келген қара торы, сымбатты жігіт домбырасын күмбірлете күй төгіп отыр. Саусақтарының қимылына көз ілесер емес. Бірде саусақтары баяу былпылмен перне бойлай жорғалай жөнелсе, енді бірде әр дыбысты шегелеп жатқандай, қайраттанып, екпіндеп, домбыраның шанағын дүрілдетіп жібереді. Күйші жігіттің шеберлігіне риза болған тыңдаушы қауым дүрсілдете қол соғып, қошемет көрсетті. Ол сахнадан шығып кеткен соң, көпке дейін басылмаған қолшапалақтауды естіп, не болғанын сонда ғана түйсініп, жүргегі тулас жүре берді. Жан-жақтан қаумалаған жұрт бірі - құшақтаап, бірі - қолын қысып, **Мұхитты** құттықтаап жатты. Әркімдердің «күйшім-ақ екен», «домбыраны қалай ұршықша үйіреді» деген сөздері естіледі. Мұхит түсінер емес. «Бұлар осынша таң қалатындағы не істедім? Білетін күйлерімді орындал бердім» - деп ойлады.

Ертеңінде бір жігіт ол жатқан қонақүйге іздел келді. «Мұхит деген күйші сен бе»? Десе дегендей, күй тартқанда мұхиттай толқиды скенсің. Бағын ашылды, жігітім, қуана бер. Комиссия сені осындағы домбыра оркестріне қалдыру керек деп шешті. Қарсы болмасаң, қазір сені Ахмет Жұбанов ағаға ертіп апарамын» - деп, лыш-лып етеді. Мұхит ойланып қалды. Мұның «құлай» кетпегенін сезген жігіт: «Жарайды, сен ертеңге дейін ойлан. Келіссен, мені табуың қызын емес» - деді де, қоштасып кетіп қалды. Келесі күні әлгі жігіт тағы кездесті. «Күйші жігіт не

ойландын?», «Елге барып, үй ішімен ақылдасайын» - деді Мұхит. «Макұл, кай уақытта келсөң де, орның дайын».

Рельстердің дүк-дүк еткен дыбысы вагонда теңселіп келе жатқан жігіттің ойын бөлер емес. Байқауда алған жүлделерін көріп, дипломын қайта-қайта оқыған Мұхит терең ойға кеткен. ... Күй өнері. Жастайынан әкесі Дүйсенғалидың домбырасының үнін құлағына құйып есті. Тұып-өскен жері - Орал өнірінде екінің бірі домбыраның «құлағында ойнайды». Мұның әкесі де сол өнірдің белгілі құйшілері Махамбет пен Науша Бекейхановтар, Охап Қабиғожин, Қали Жантілеуов сияқты майталман еді ғой. Осы күні тірі болса, жаңағы құйшілермен бірге оркестрде отыrap ма еді. Әкесі Дүйсенғали (1880-1930) - арқа сүйер асқар тауы оркестрде болса, бұл неге келмесін, келер еді... «Қай уақытта келсөң де, орның дайын» деген сөз құлағының түбінен тағы да естілгендей болды. Кісі қызығарлық ұсыныс. Астанада тұрса, өзінің сүйікті өнерімен айналысса жаман ба? Тағы бір ой көлденендей берді. Толқыған теңіз жағасындағы мысты қала одан кем бс? Қызметінде сыйлы. Үйі бар, жақында қосылған сұлу жары бар. Бұдан артық бақыт бола ма екен? Өнері ше? Мұнда да өнерге талпынған жастар баршылық, соларға үйретсе, өнері де өлмейді емес пе?

Сонау Орал өнірінен 1934 жылы келген жігіт Балқаш қаласындағы комсомол ұйымында хатшы болып істеді. Жастайынан бой алдырған күй өнерін тастаған жоқ. Домбырасы жан серігі болды. Республикалық байқауда небір өнер тарландарының алдына шығып, өзінің дарынды құйші скенін өзі де түсініп, басқаға да мойындағы келді. Күйші агаларының ақыл-кенесін тыңдаған, сол байқауға тыңғыш рет қатысқан Дина Нұрпейісова шшнеймен танысып, батасын алды. Байқаудан көтеріңкі көңілмен қайтқан Мұхит өнерге өзгеше көзқарас танытып, шамырқанған шабытпен құйшілікке ден

қойды. Осыдан уш жыл бұрын Балқаш қаласындағы әнгө ауес, күйге құмар жастарды жинал, көркеменерпаздар үйірмесін құрган еді. Енді сол жұмысты жандандыруға құлшына кірісті. Өзі күмбірлете күй шертсе, сүйікті жары Ақын сызылдыра ән салды. Тұла бойларында онер тұнған жас жұбайларға жұрт қызыға қарады. Екеуінің айналасына өнерлі, дарынды жастар көп жиналды. Көмейінен ән құйылып, саусағынан күй төгілген өнерпаздар Балқаш мысшыларының қошеметіне бөленип, алғысына ие болды. Бүгінгі Балқаш көркеменерпаздарының өркені өсіп, өрісі кеңейген өнерінің алғашқы соқынагын салған күйші Мұхит десек артық айтқандық емес.

Сегіз қырлы, бір сырлы дарынымен көзге түсіп, ауызға ілінген Мұхит иен Ақынды Қарағандыдағы қазақ драма театрына шақырады. Мұнда олардың өнерлері жарқырап көрінді. Мұхит күйшілік шеберлігімен көрермендерін тәнті стіті. Өзі жас әрі көрікті Ақын сахнада Қыз Жібектің, Еңліктің бейнесін жасап, «Гәкку» мен «Тұган жер» әндерін шырқаңда, тебірене тыңдал, көзіне жас алмаган жан болмайды екен.

Кейін оларды Қарағанды радиокомитетінің жанынан 1933 жылы ашылған қазақ хорының жетекшісі Борис Орлов қызметке шақырады. Жазу-сызууды білмейтін сауаты жоқ, бірақ табиғат берген дарыны бар әнші-күйшілерден құрылған Республикалық тұнғыш қазақ хоры бұл кезде төрт дауысты бол қалыптасып келе жатқан еді. Әнишілері нотадан «қара» танып, сольфеджионы менгеріп қалған. Хордың құрамында Қали Байжанов, Қосымжан Бақаев, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиева сияқты әншілер, қобызышы Дәүлет Мықтыбаев, домбырашы Ыбырай Байсейітов та бар еді. Сан түсті бояулы дауыстары үндестік тауып, әуені жарасқан, өресі биік, орісі кең ұжымның сазды үніне жаңадан қосылған көс дауыс бірден жымдасып, кірігіп кетті. Мұхит пен

Ақынның келуі хордың санының таңа емес, санасының да есуіне игі әсерін тигізді. Мұхит өзі хорға қосылып ән де айтты, жеке домбырада Құрманғазының, Түркештің және халық күйлерін орындады.

1938 жылдың қазан-қараша айларында хор ұжымы Бүкілодақтық радиокомитетінің шақыруымен Мәскеуге барады. Бұл сапардың бұрынғыға қарағанда саяси әрі көркемдік мәні жоғары болды. Қазақ халқының 25 музикалық шығармасы тонфильмге түсірілі, грамофонға жазылады. Олардың ішінде халық әндерінің табиғи түрлері де, Қазақ ССР-ның халық артисі Евгений Брусиловский мен Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі, хордың концертмейстері Валентина Пирогованың өңдеуіндегі нұсқалары да бар еді. Бұл әндер Бүкілодақтық радиокомитетінің халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды. Сондай-ақ, әншілер Қ.Байжановтың, З.Жұбатованың, К.Мұстафиннің орындаудағы әндер, домбырашылар М.Битенов пен Ы.Байсейітөң орындаған күйлер жазылды. Бұл үнтаспаілар Кенес Одағы радиокомитетінің ұлттық репертуарын байытып қана койған жоқ, сонымен қатар қазақ халқының бай мұрасын музикалық хабарларда кеңінен пайдалануға жол ашты. Бұл жөпінде хордың жетекшісі, Қазақ ССР-ның халық артисі Борис Орлов: «Қарағанды хорын үнтаспаға жазу арқылы дарынды қазақ халқының музикалық өнері жарқырай көрінді» - деп жазды. Жетекшісі беріген осы жоғары баганың ішінде Мұхит пен Ақынның да үлесі жатқаны белгілі.

Күйші Мұхиттың репертуары бай еді. Ол Құрманғазы Сейтек, Түркеш, Әкібас, Жантөре сияқты атақты күйшілердің туындыларымен қатар халық күйлерін сондай-ақ өзінің әкесі Дүйсенғалидың «Таспау қара», қазақ хорында бірге еңбек еткен досы Ыбырай Байсейітовтың «Нар қызыл» күйлерін орындастырын. Төкле күйлерді асқа-

шеберлікпен күмбірлететін күйші Арқаның шертпе күйлерін де жақсы менгерді. Ол Тәттімбеттің «Сылқылдақ», «Бес төре», «Көкейкесті», Сайдалы Сары Тоқаның «Сарыжайлау», «Қосбасар» күйлерін нақышына келтіре шертеді екен.

Ол оз жанынан күй шыгарған композитор ретінде де танылған. Бізге белгілісі оның «Үш балам» деген күйі. Бұл - қайғылы, мұнға толы шыгарма. Оның шылу тарихы былай: Қараганды хорында қызмет істеп жүргендеге Ұлы Отан соғысы басталып, Мұхит майданға аттанады. Соғыста ауыр жаракат алды, біраз госпитальда жатын емделген соң, оны елге қайтарады. 1945 жылы отбасына оралған Мұхитты ауыр қайғы күтіп тұрған еді. «Мұхит келе жатыр» дегенді күні бұрын естіген достары, туган туыс, көрші-қолаң жиналдып күйшіні ыстық сағынышпен қарсы алады. Майданнан жауынгер келсе, үлкен той, қуаныш қой. Жан-жактан қаумалап, біреу ананы, біреу мынаны сұрайды. Үйге кіріп жайгасқан Мұхит жаутаңдан есік жаққа қарай береді. Бір уақытта шыдамай: «Ақын-ау, менің қошақандарым қайда? Неге әкесін қарсы алмайды?» - деп қалады. Ақын не айтарын білмей, күмілжіп, орамалының шетімен көзін басып, тұншыға өксиді. Сонда төрде отырған ақсақалдардың бірі: «Мұхит қарагым, берік бол. Қошақандарың өзің майданда жүргенде о дүниелік болған» - деп, көңіл айтады. Мұхит өзі кеткенде жүгіріп жүрген Марат, Мар, Маржан деген үш баласының бәрі бірдей қайтыс болғанын сол жерде естиді. Қайғылы хабар қатты толқытқан күйші қолына домбырасын алды, екі көзінен жас шарлан отырын, үш баласына деген сағынышын, көкірегін қарыс айырған аңы зарды екі шектен күй етіп төккен екен.

Соғыстан кейінгі жылдары қаладағы тұрмыс жағдайы қыындағы түседі. Радиокомитеттегі қазақ хоры таратылып, көптеген әншілер облыстық филармонияға, кейбіреулері

казақ драма театрына ауысады. Отбасы, бала-шағаның камын ойлаған Мұхит 1954 жылы Жаңаарқа ауданының Ортау совхозына көшіп барады. Ауыл шаруашылығында қызмет атқарады. Бірақ, жан серігі домбырасын тастамайды. Ауылдық мерекелерде, концерттерде қүй тартып, халықтың көңілін көтереді. Ақын болса, қазақ хорының репертуарындағы әндерден бастап, өзі сүйіп айтатын Еңліктің «Тұған жер» әнін, «Қызы Жібек» операсынан Жібектің, «Ер - Тарғын» операсынан Ақжүністің ариясын әдемі, ашық дауысымен (сопрано) сызылта шырқайды. Екеуі салтанаттың сәні, той-думаниның коркі болады.

Мұхит өзі қүй шертерде әуелі оның шығу тарихын әңгімелеп, айтып отыратын болған. Бірде ол ауылдастарының ортасында қүй тартып отырыш, Түркештің «Қоңыр ала» деген күйінің шығуы туралы былай толғайды. Күйші Түркештің Жолдыбай деген ауылдасты. Өзі тақыр кедей болса да, байдың мың жылқысына бергісіз жалғыз аты бар екен. Қоңыр ала сәйгүлік шанса, құстай үшатын жүйрік дейді. Талай аламанның бәйгесін алыпты. Кедейге мынадай жүйрікті қимаган байлар оған айырбасқа қыруар мал ұсынса да, Жолдыбай атын бермепті. «Берсе - колынан, бермесе - жолынан», сәйгүлікті ұстап әкеліндер - деп бұйырады байлар. Олардың жандайшаптары сәйгүлікті ұстай алмай әуреге түседі. Ақыры олар қоңыр аланы атып жықпақ болады. Алайда, жаралы жүйрік жау қолына түсней, озінің үйренген ауласына, Жолдыбайдың үйіне жетіп құлайды. Жолдыбай қоңыр аласын жоқтап, зар жылайды. Осы жағдайды көріп, мал болса да, сәйгүліктің өзінің иесінеген адалдынына тебіреніп, күйші Түркеш «қайран қоңырым-ай» - деп, қос шекті сөйлеткен екен дейді.

Ауылда журсе дс, қүйині Мұхиттың атағы алысқа кетеді. 1962 жылы оны іздеп сонау Алматыдан, Қазақ ССР Фылым академиясынан музика зерттеуші, ғалым,

домбырашы Тмат Мергалиев келеді. Ол Мұхиттың орындауында Құрманғазының «Перовский марш» (2- түрі), «Кедей зары», Сейтектің «Сексен ер», «Заман-ай» (2- түрі). Түркештің «Салық олген», «Қоңыр ала», «Ақсак құлан», Әкібастың «Ақжелен», «Шалқыма», Жантөренің «Шалқыма», Дүйсенгалидың «Таспау қара», Үбырай Байсейітовтың «Нар қызыл», Мұхиттың «Үш балам», халықтың «Қазақтың қалмақ би» және «Тепен көк» күйлерін жазып алды. Олардың біразы осыған дейін белгісіз бол келген, немесе жария бола қоймаған сонылығымен құнды еді. Бұл күйлер 1972 жылы Алматыдағы Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасынан Т.Мерғалиевтің авторлығымен шыққан «Домбыра сазы» атты музикалы-этнографиялық жинақка енді. 1990 жылы Алматыдағы «Өнер» баспасынан «Күй қайнары» жинағы жарық көрді. Мұнда аттары әйгілі Дина Нұрпейісова, Кали Жантілеуов, Науша Бокейханов, Лұқпан Мұхитов, Охан Қабиғожин, Эбікен Хаснов сияқты майталман күйшілердің орындаған күйлері жарияланды. Осындай мықтылардың қатарында Мұхиттың суреті мен өмірдерегі беріліш, Сейтектің «Сексен ер» күйінің Мұхит орындаған нұсқасы басылып шықты.

Күйшінің домбыра тарту шеберлігі ешкімге ұқсамайтын, тек Мұхитка ғана тән мәнерімен ерекшеленді. Белгілі күйші Науша Бокейханов Мұхит туып-өскен Жәнібек ауданының тумасы еken. Мұхиттың күй толғауы сол Наушаға ұқсаса керек. Күйшінің қос қолының шеберлігі қатарласып, тен түсіп жатады дейді. Оң қолдың қағысы мен сол қолдың жүрдектігі жымдасып кеткенде, домбыраның көкірегі көтеріліп, күйдің үні құдіреттеніп шығады дейді. Күйшінің осындай шеберлігі ерекше күйпілік дәстүр, өзіндік бір мектеп болған. Осыны дер кезінде таныл, оның күйлерін таспаға түсіру - көрегендік болған. Мұхиттың орындауындағы Құрманғазының «Перовский марш» (2-түрі), «Кедей зары»,

Дәүлеткерейдің «Қос алқа», Сейтектің «Сексен ер», «Заман-ай» (2-түрі), Түркештің «Ақсақ құлан», «Қоныр ала», Ещанның «Соқыр Ешан», Әкібастың «Ақжелен», ыбырай Байсейітовтың «Нар қызыл» сияқты оннан астам күйлері бүгінде Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы.

Майталман күйші Мұхит Битеев 1912 жылы Орал облысының Жәнібек ауданындағы Қамысты ауылында дуниеге келген. Жастайынан домбыраның үніне үйірсек болған. Оның әкесі Дүйсенғали сол өңірдегі шебер күйші екен. Мұхит бала кезінен әкесінің тартқан күйін тындалп, домбыраның күмбірін көкіргегіне қондырып өскен. Әкесінен, ел ішіндегі басқа да күйшілерден көп күй үйренеді. Жас жігіт күйшілік өнерін менгеріп, енді тіршілікке қажетті басқа бір кәсіп іздейді. 1930 жылы әкесі Дүйсенғали қайтыс болады. Кәмелетке жаңа толған жігіт оны мен солын барлай бастайды. Сол кездері Қарағандының көмір кені, Балқаштың мыс қайнарының аты шартарапка жайылыш келе жатқан еді. Мұхит көп ойланбастан 1934 жылы мысты қала Балқашқа тартып отырады. Содан бері осы өлкенің дәмін татып, суын ішіп, еңбегімен, өнерімен ел құрметіне бөленеді.

Күйшінің сүйікті жары Ақынның төркіні Жанаарқа жұрты екен. Сол өнірде 1916 жылы дуниеге келіпті. Көп бала тәрбиелеп өсірген абзал ана, бір кездері сахнаның сәні болған көрікті әнші 1998 жылы 80-нен асып, қайтыс болады.

Күйші Мұхит 1983 жылы дүниеден өтті. Артында ұрпағы: Даны, Алма, Абай, Роза, Бауыржан, Клара деген балалары қалды. Олардан немерелері бар. Күйші туралы біраз деректерді біз оның үлкен қызы Данадан алдық.

Озі өлсе де, күйшінің артында мол мұрасы қалды. Ол казақтың халық музыкасының тарихына оған дейін белгісіз бол келген күйлерді жазып, күй антологиясын

толықтыра түсуге үлес қосты. Күйшілік дәстүрдің Мұхитқа тән үлгісін қалдырып кетті. Оны қалыптастыру жас ұрпақтың еншісінде. Оның Қазақ радиосының алтын көрініңдағы күйлері халқымыздың байлығы, мәдени мұрасы. Оған ұқыпшен қарап, насиҳаттау, халықтың игілігіне жарату біздің абзал міндептіміз.



«Дала ақадемиясының» соңғы түлөгі

Кең даланың төсінде, биік аспанның астында өскен қазақ қалай әнші болмасын. Сағымды өлкенің сағының сазындағы елжіреткен, дауылындағы дабыл қаққан Құрманғазы күйлерін тыңдаған орыс тарихшысы Н.Савичевтің: «егер ол европалық білім алса, музика мемінің жарық жүлдізы болар еді» - деп жазуы тегін емес. Орыс ғалымы Г.Потанин: «Маган бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болады» - деп ак жүргімен айтқаны рас болса, сайын даланың құдіреті бар екені де шындық. Олай болса, байлық дегенде бойында табиғат берген сағ аттындағы дарыны барда тегін оқытатын «дала ақадемиясы» тұрғанда қоржыныңда көк тының жоқ қазақ Еуропа консерваториясын қайтсын. Оның үстіне музика зерттеуші А.Затаевич қазақ әншілерінің өнеріне таңғалып, оларға «Қарқаралының Карузосы», «Вагнер операларында айта алатын әнші» деп баға беріп жатса, дала мектебінің Италияның әйгілі «Бельканто» әншілік мектебінен кем болмағаны да. Әнші даладан алған білімімен-ак қазақтың Біржан салы, Ақан серісі, Үкілі Үбірайы тарихта қалды емес пе? Күні кеше өткен Қали Байжанов пен Жүсілбек Елебеков те дипломсыз-ак Қазақстанның халық артисі атанып, халық жүргінен орын тапқан жоқ па?

Сол «дала ақадемиясының» соңғы түлектерінің бірі - әнші **Зәбира Жұбатова** еді. Қаршадайынан әнге әуес болған талапты қыз 1932 жылы 18-ге толар толмас шағында Қарағанды радиокомитетіне әнші болыш орналасады. Мұнда ол атақты әншілер Қали Байжанов,

Қосымжан Бабақовпен қызметтес болады. Әнші ағаларынан өнердің қыры мен сырын үйренеді. Жас кызы асем әнімен көзге түсіп, қаламға ілігеді. Академик Ахмет Жұбанов әнші Қали Байжанов туралы айта келіп: «... жас әншілерді тәрбиелейді, бай репертуарын олардың алдына салып, бөліседі. Үбіраев, Қартабасева, Жұбатова сияқтылардың әншілік майданында өсуінде Қалидың еңбегі зор...» - деп, болашағынан үлкен үміт күттіретін Зәбираны да атап өтеді.

Сол жылдары радиокомитетінің жанынан Қазақстандағы тұнғыш көп дауысты қазақ хоры ашылады. Оның жетекшісі Борис Александрович Орлов, концертмейстері Валентина Сергеевна Пирогова еді. Зәбира хорға катыса жүріп, жеке ән де айтады. Концерттерге шығады. Халықтың сүйікті әншісіне айналады. Бұл хор үлкен жетістіктерге жетіп, Мәскеуге барып, өнер көрсетіп кайтады. 1936 жылғы алғашқы сапарында хордың жәнс оның құрамындағы әншілердің мэртебесі көтеріліп, аттары шығады. Концерттерде Қали Байжанов «Алтыбасар», «Шама», Қосымжан Бабақов «Қос қанат», Кеншімбай Мұстафин «Хорлан», Зәбира Жұбатова «Екі жириен» әндерін орындалап, Мәскеу жұрттының қошметіне бөленеді. Бұл жөнінде «Народное творчество» журналының 1937 жылғы № 1 санында профессор В.М.Беляев ерекше ілтиратпен жазды. 1938 жылы Мәскеуге екінші рет барғанда хор да, әнші Зәбира Жұбатова да жаңа әндерді дайындалап барған еді. Концертті тындаған Бүкілодақтық радиокомитеті хорларының инспекторы Демьянов, музика зерттеуші, профессор В.М.Беляев, композиторлар мен дирижерлар Қарағанды хорының 1936 жылғымен салыстырғанда әжептәуір өскендігін атады. Бұл тек хор ұжымына ғана емес, жеке әншілерге де берілген жоғары баға екені даусыз. Сол жылды ол Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі атағын алады. Кейінірек Б.Орлов Қазақ

ССР-ның халық артисі, В.Пирогова Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі деген атақтарға ие болады.

Құрметті атақ алғаннан кейін Зәбираның аты Республикаға таралды. 1941 жылы оны Алматыдағы Мемлекеттік опера және балет театрына әнші етіп қабылдайды. Алайда, жұбайының денсаулығына қарайлап, өз еркімен бармай қалады. Бұған байланысты әншінің еңбек кітапшасында облыстық өнер істері жөніндегі бөлімнің (ол кезде қазіргі облыстық мәдениет департаментінің міндетін облыстық Кеңес жаңындағы бөлім атқаратын) 1941 жылдың 7 тамызындағы № 19 бүйрекмен Алматы Мемлекеттік опера және балет театрына ауыстырылғаны туралы, ал сол жылдың 20 тамызында әншінің келіспеуіне байланысты бұрынғы жұмысында қалдырылғаны жөнінде жазу бар. Әттең, дарын иесі Республиканың опера театрында әнші боп жүрсе, классикалық өнердің де биігінен көрінер ме еді. Кейде дархан дарындылық пен таудай таланттың ырқына тұрмыстың билік жүргізетіні, мұндай жағдайлардың өнер адамдарының өмірінде көп кездесетіні өкінішті-ақ.

Өкінішке қарай, радиокомитетінде қазақ музыка өнерінде маңызы бар тұңғыш хордың және З.Жұбатовың айтқан әндері, олар туралы деректер сақталмаған. Біздің қолымыздағы дерек бойынша білестініміз - хордың кұрамында болған 26 адамның аты-жөні. Әрине, бұл тізім толық болмауы да мүмкін. Сонда да қазақ хорының алғашқы қарлығаштарын атаң өтуді жөн көрдік. Ерлер тобы: Қазақстанның халық артисі Қали Байжанов (бас), Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі Жабай Тоғандықов (баритон), Қосымжан Бақақов (тенор), Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі Дәulet Мықтыбаев (қобyz), Сұлтан Жұбатов (тенор), Кеншімбай Мұстафин (тенор), А.Жолдин (баритон), Мұхит Битеев (домбыра), Рахметжан Ыбыраев (тенор), Сейіт Құттыбаев (тенор), Ыбырай Байсейітов (домбыра), музыкалық жетекшісі Борис Орлов (бас,

баритон), эйелдер тобы: Қазақ ССР-ның халық артисі Зәбира Жұбатова, Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі Алтын Әлиева, Қапан Байжанова, Қаншайым Мұстафина, Халида Бөлекова, Құлжан Тәлкенова, Мүкеш Ермағамбетова, Ақын Битеnova, Қайша Именбаева, Жаңыл Қартабаева, Пану Мұсылманова, Бижан Бабақова, К.Рысқұлова, концертмейстер Валентина Пирогова. Міне, қазақ музыкасы тарихында алғашқылардың бірі болып, хор өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан өнерпаздар осылар.

Осы тізімдегі Сұлтан Жұбатов - Зәбира атамыздың өмірлік серігі, жан-жары. Олар сол жылдары ошақ құрып, шаңырақ көтеріпті. Екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіреді. Отыз жылдай отасқан серігін Зәбира апай 1962 жылы мәңгілік сапарға аттандырады.

Сұрапыл соғыс жылдарында Зәбира облыстық филармонияда әнші еді. Тылдағы еңбеккерлер сияқты артистердің де жұмысы оңай болмады. Халықтың ауыр түрмисын көріп жүрегі жылап тұрса да, тебірене ән салып, жүрттың көңілін көтереді. Ренсіз өмірге әр бергендей болады. Бір мезгіл майданға барып, жауынгерлер алдында ән шырқап, олардың көңіліне жеңіске деген сенім ұялатып, жігеріне жігер қосады. Осындай аянбай еткен еңбектің нәтижесі болар, 1945 жылдың 17 ақпанында оған Қазақ ССР-ның халық артисі деген құрметті атак беріледі.

Атакты әнші туралы деректердің тапшылығынан газет тігінділерін, мұрағаттарды ақтаруга тұра келді. Облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің 1945 жылдың 18 мамыр күнгі санында «Жауды толық талқандауға бұлар да көмектесті» деген айдармен үш мақала жарияланыпты. «Зор мақтаныш» атты мақаланы Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі, облыстық қазақ драма театры директорының орынбасары З.Жақыпов, «Олар бізге алғыс айтты» деген мақаланы орыс театрының артисі Н.А.Белкин, «Жау женілді» мақаласын екі автор - Қазақ

ССР-ның еңбек сінірген артисі М.Сүртібаев және артист Қ.Тұлқібаев жазған екен.

Бұл мақалалардан білгеніміз - облысымыздығы қазақ, орыс театрларының және филармонияның майдайалды артистерінің майдандагы жауынгерлерге өнер көрсеткені. Майданға баар жолда артистер Мәскеуде аялдал, Қызыл Армияның Орталық үйінде екі концерт берген. Одан кейін 2- Прибалтика майданына аттанып, жауынгерлер арасында 130 концерт беріп қайтады. Енді мақаладан үзінді келтірейік: «Артистердің өнерлерін майдандағы жауынгерлер өте көңіл қойып тыңдады. Өсірессе, Қазак ССР-ның халық артисткасы Зәбира Жұбатова мен Қазак ССР-ның еңбек сінірген артисі Мұлік Сүртібаевтың орындаған әндеріне жауынгерлер қатты сүйсінді. Жұбатованың орындаған «Майданнан хат», «Біздің ұран», «28 батыр» деген өлеңдерін жауынгерлер мен офицерлер өте зейін қойып тыңдады. Сол сиякты қазақтың халық әндерін орындаушы Қапия Тұлқібаев та өлеңді өте жаксы айтып берді». Бұдан әрі мақалада 2- Прибалтика майданындағы Қызыл Армия үйінің бастығы Чмутиннің артистерге алғыс жариялағаны айтылады.

Софыстан кейінгі жылдары Зәбира кеншілсер мен болатшылардың, мал шаруашылығы еңбеккерлері мен тың игерушілердің алдына жаңа бағдарламамен шығып, жаңа әндерді шырқады. Әншінің жеке мұрагатынан табылған екі қалың дәптерде оның орындаған әндерінің өз қолымен жазған мәтіндері бар екен. Бұдан оның ән қоржынында халық әндері «Дайдидау», «Шұбартау», «Ай-гөк», «Ақдариға», «Алқоңыр», «Бозжорға», Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Татьянаның хаты», Сәкеннің «Тау ішінде», М.Төлебаевтың «Ақ макта», «Жастар вальсі», «Шахтер әні», сондай-ақ, халық ұнатып тыңдайтын «Бәбекім», «Домбыра», «Жетісу», «Алма ағаштар жайна-ды», «Айтшы, жаным», «Ұстазым», «Өзің, сәүлем, іздегенім», т.б. әндердің болғанын білдік. Әншінің репер-

туарында әртүрлі ұлттардың әндері болғанын да осы дәптердегі жазбалардан анықтадық. Орыс әндерін атамағанда татардың «Колхоз қызлары», «Суда», шешенниң «Зара», молдаваның «Ляно», армянның «Фиалка», чехтың «Бақташы», румынның «Мариникэ», поляктың «Бір сұлу қыз», италианнның «Санто Лучия», қытай және үйғыр әндері Зәбира Жұбатсваның репертуарында болғаны даусыз. Өйткені, кейбір әндердің тұсына әншінің дауысына сай келетін тондық өлшемі жазылышты. Әншінің шығармашылық өресінің биіктігіне таңғалмасқа болмайды. Оның шығармашылық коржынында әртүрлі деңгейдегі, сансыз тақырыптағы, тосын ыргақты, жаңа сарынды 200-ге тарта ән болғаны мәлім. Осы күні жанқалтасындағы оншақты әнмен керемет әншімін деп, «эстрада жұлдызы» боп жүргендер жоқ емес.

Жұбатсваның бір дәңгтерінде «Тымпью мен сымпью», «Әңгі текешік», «Жалқау женгей», т.б. сықақ олеңдер бар еken. Солардың ішінде акын Максұт Байсейітовтың:

Мен білетін бір қыз бар сылаң қаққан,
Ертеді-кеш үйінде сұлап жатқан.
Кешке қарай тараңып баққа барып,
Қытша белін әркімге бұраңдатқан,

басталатын 8 шумақ әзіл өлеңі де жүр. Зәбира апайдың концерттерде сықақ оқымағаны мәлім. Ендеши, сықақ олеңдерді жазып алғанына, гастрольде жүргенде барған ауылдарын, берген концерттерін айы-күнін көрсетіп тізіп отырғанына қарағанда, «өзі жүрген бригадасына көркемдік жетекші болды ма еken» деген ой келеді.

Зәбира Жұбатова 1969 жылы зейнет демалысына шыгады. Оған Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер мэртебесі беріледі. Ел құрметіне бөленген әнші отбасында, немерелері мен жиендерінің ортасында сыйлы болыпты. Табигатынан қарапайым, қайырымды адам айналасына жылылық шуағын шашып, әзілдесіп отырғанды ұнатады еken. Немерелеріне мейірімі түскен

уақытта оларды аймалап, сүйіп, қызығына тойманғы. Бірде ол кішкентай немересін қызық көріп :

*Аленушка, Аленушка, балапан,
Жәйші маган, жәйші маган алақан.*

Аяғыңа тәпішкеңді күіп жсур,
Нәскіңді жеп қоймасын тарақан, - деп тақпактағанын немере –жиендері әлі ұмытпапты.

Кейінгі жылдары атақты әнші екі баласынан айрылып, кіші қызы Роза мен үш немере, бес жиеннің ортасында өмір кешилті. Сөйтіп, ескінің көзі, халық өнерінің асылы - «самородок» сары алтынның соңғы сынығы - әнші Зәбира Жұбатова 1999 жылдың 31 шілдесінде дүниеден отті. Артында ұрпағы, өнерін сүйген халқы, қадірін білетін азаматтар қалды.

Жөмірлі

Баланың бұлбұлы

Әсерлі әндерімен, сыңғырлаған үнімен өлкемізді сәнгеге бөлеғен әншілердің бірі - **Алтын Әлиева** еді. Ол 1915 жылы Ақмола облысында көп балалы отбасында дүниеге келіпті. Алтын Балтабайқызы 13 баланың кенжесі екен. Содан да ата-анасы оны бетінен қақпай, аялап өсірген. Еркін өссе де, тым шолжың смес, ақылды ерке болған. Ол үлкен әпкесі Базардың ақылын тыңдал, сытайы да, байсалды болып өседі. Жастайынан әнге құмар сіnlісінің әуестігіне Базар әпкесі де тиым салмайды. Оңашада, туыстары арасында ән салып, өзінің қабілетін байқаған Алтын енді әншілік өнерге дең қойып, көпшілік алдына шығуды армандайды. Көңіліне әнге деген құлштарлық ұялаған бойжеткен қыз әпкесі Базармен бірге Қарағандыға келеді. Бұл кезде Қарағанды көмірдің ғана емес, өнердің де үлкен ошагына айнала бастаған еді.

Облыстық радиокомитеті жанынан құрылған қазақ хорының атағы Республика астанасына жетіп, ол 1934 жылы халық өнерпаздарының Бірінші Республикалық слетіне қатысып қайтқан болатын. Комиссия мүшелері хордың өнеріне жоғары баға береді. Осыдан кейін хордың атагы жер жарып, «оның құрамын кеңейтеді екен» деген сыйбыс шыққанда жан-жақтан өнерлі талапкерлер ағыла бастаған. Ел ішінде хордың беделінің ескенін сезген хор жетекшілері ән салғаниның бәрін емес, талапкерлер арасынан таңдал, табигат берген қабілеті тұнып тұрган, тұма дарындарды ғана алған. Қабылдау кезінде талапкердің ән табиғатына деген түсінігі, әншілік шеберлігі, үнінің ашықтығы, дауысының тембрі, диапазоны, тынысының кеңдігі ... бәрі-бәрі

ескерілетін болған. Осындай сыйнан «желіп» өткен Алтын 1935 жылдың күрнешінде хордың құрамына қабылданады. Бұл кезде хор қос дауыспен айтатын. Оның репертуарында қазақтың халық әндері және совет композиторларының нотамен айтылатын шығармалары болды. Сол жылдан бастап хордың жетекшісі әншілердің дауысын қою жұмысымен тынғылықты түрде айналысады. Кейбір әншілер мұны бос әурешлік деп есептесе, табиғатында дұрыс қойылған дауысы бар Алтын күрделі шығармаларды жоғары деңгейде орындау үшін шеберліктің қажет екенін түсінеді. Бұдан кейін ол нота сауатын үйренуге деңгейде дауыс қойып, құлышына кіріседі. Жас қыздың қабілетіне, талабы мен талпынысына, өнерге деген құштарлығына Б.Орлов қатты риза болады. Сол Б.Орловтың ұсынысымен облыстық халық ағарту басқармасы қазақ мектептерінде ән сабагын сипзігенде, оқытушы ретінде дайындығы мықты хор әншілері Қосымжан Бабақов, Кеншімбай Мұстафин, Зәбира Жұбатовамен қатар Алтын Әлиева да жіберілгені көп нәрседен мағлұмат береді.

Радиокомитеттің хоры 1935 жылдың жазынан бастап, 1936 жылдың күзіне дейін Мәскеуге баруға дайындалды. Онда Бүкілодақтық радиокомитеті ұйымдастырыған Бүкілодақтық микрофон концертіне қатысуы жоспарланған еді. Мәскеуге бармас бұрын хор Алматыда болып, бағдарламаларын көрсетті. Комиссия ұжымның соңғы екі жыл ішінде төрт дауысты хорға айналғанын үлкен жетістік ретінде атағ өтті. Оның репертуарына да, орындаушылық шеберлігіне де коңіл толатынын білдірді. «Казахстанская правда» газеті «Алматыда жоқ төрт дауысты қазақ хоры Қарағандыда дүниеге келді» деп жар салды. Газет мақаласында хордың репертуарында халық әндерімен қатар Серовтың, Гречаниновтың, Римский-Корсаковтың және тағы басқа композиторлардың да классикалық шығармаларының болғанын, олардың жоғары деңгейде орындалғанын таңдана жазды. Осындай классикалық туындыларды менгеруде Алтын ерекше қабілеттілік танытты. Альт партияларын орындаушылар арасында оның дауысы бөлек естіледін. Орындастырылған партияларының әуені мен ыргағын, угір-

нүктесіне дейін жетік біліп алғаны сондай, ол басқаларды соңынан ертіп, жетектеп отырады екен.

Хордың Бүкілодақтық микрофон алдындағы алғашқы концерті 1936 жылдың 7 қазанында болды. Мәскеу жұртшылығы алдында, ірі-ірі зауыттардың мәдениет үйлерінің сахнасында Алтынның да дауысы асқақ естілді. Мәскеуте екінші рет барған сапарында хордың бір концерті СССР халық артисі Құләш Байсейігованың қатысуымен отті. Алтын өзі ұстаз тұтын жүрген әйгілі әншінің сахнадағы өнерінен көп нәрсөні көңіліне түйген еді. Сол 1938 жылы грамофонға жазылған қазақ әндері Бүкілодақтық радиокомитетінің хабарлары мән концерттерінде орындалып, Одақ көлеміне тарады. Сол әндерге Алтынның әдемі дауысы өзіндік бояуымен үн қосып, әр бергені анық.

Б.Орлов өзінің бір естелігінде хорды демалысқа жіберіп, өзі көптен ойлап жүрген мақсатын іске асыру үшін ауылдарды аралауға шыққаны туралы жазады. Қасына әйелі В.С.Пирогованы ертіп, алыс ауылдарға барып, қазақтың халық әндерін жинайды. Сонда облыстық партия комитеті машина бөліп, қасына Асқар Әлиев деген жігітті қосып береді. Асқардың бастауымен олар Қаркаралыға жол тартады. Жол бойы ауылдарға тоқтап, ән жинайды. Сондағы алғашқы жазып алған әні «Жалғыз арша» еді деп жазған Б.Орлов. Сол Асқар Әлиев хорға жанашыр, Орловпен дос болып, араласып жүріп, келбеті келісті, үні бұлактай сыңғылаған әнші қызы Алтынмен танысады. Көп ұзамай екеудің қосылады. Екі жастың араларынан қыл өтпестей татулығына өзге жұрт қызығып та, қызғанып та қарайды. Өмірге Құмар деген ұл келеді. Алайда, сүйіспеншілік пен береке ұялаған отбасының куанышы ұзаққа бармайды. Үш жастан асканды Құмар қайтыс болады. Бір жылдан соң сүйікті жары Асқар дүниеден өтеді. Осы бір ауыр жылдары Алтынға әлкесі Базар, хор ұжымы және достары үлкен сүйеу болды.

Қарағанды хоры ишінше жетістіктерге жетіп, іргелі ұжымға айналды. Оның құрамындағы ересі биік

әншілер күрметті атақтармен маралатталды. Солардың қатарында Алтын Әлиева да Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылдың 17 ақпанындағы Жарлығымен Қазақ ССР-ның еңбек сінірген артисі атағына ие болды.

Облыстық радиокомитетінің хоры таратылғаннан кейін Алтын облыстық атқару комитеті жанындағы өнер бөліміне әнші болып тіркелді. Ал 1951 жылы облыстық филармонияға қабылданды. Мұнда келгенде де ол білімін жетілдірумен айналысты. Музыка училищесінің вокал сыныбының ұстазы Т.Шенейхтен сабак алғып,nota сауатын менгерді.

Филармония артистері топқа болініп, ауылдарға концерттерге шығады. Ол кезде қазіргідей машина жоқ. Жаздағы көлік - ат-арба, қыста - ат-шана. Лаумен журеді. Бір ауыл артистерді екінші ауылға жеткізіп салады. Өнерді қастерлең, халықты сыйлаған жандар қындықтарға төзе білген. Алғашқы жылдары Алтын Қ.Бабақов, И.Өкпелнов, Қ.Ешімов, А.Көпбаев, Ж.Қартабаева, Шор, Фензеляу, Популова, Богданов, Завьялов сияқты артистермен гастрольдерге барып жүрді. Кейін өзі жеке топпен шығатын болған. Ол өз тобындағыларды байсалды мінезімен, мейірімімен баурап алды. Жастарға ақылшы болды. Алтын концертке шыққанда аккордеоншы А.Завьялов пен баяншы В.Дворников екеуі сүйемелдейтін болған. Ал қалада өткен мерекелік концерттерде ол рояльмен айтқан. Сол жылдары қаламызда Александр Гуревич деген композитор болды. Алтының әнін рояльда сол сүйемелдейді екен.

Алтынның ән қоржыныңда қазақтың, орыстың, чех және поляк халықтарының әндері болған. Сонымен қатар, композиторлар М.Төлебаевтың «Бақыт вальсі», Е.Брусловскийдің «Алтай», А.Жұбановтың «Қарлығаш», Б.Байқадамовтың «Ақбидай», М.Қойшыбаевтың «Қалқамай, мен үндемей жүремін көп», Н.Тілендиевтің «Жан сәүле», т.б. әндері оның репертуарынан түслеген. Соңдай-ақ, орыс романстарын, Чайковскийдің, Дунаевскийдің, Фрадкиннің шығармаларын нақышына келтіре орындаған. Алтын әншілігімен зор күрметке бөленеді. Халықтың сүйіп

тыңдайтын әнипісіне айналады. Гастрольдік сапармен Қазақстанды түгелдей дерлік аралайды. Барған жерлерінде оны ерекше қошеметпен қарсы алғып отырған. Павлодар облысына барған бір сапарында аудандық газеттердің бірі: «Кезек Қазақ ССР-ына еңбегі сінген артистка Алтын Әлиеваға келген кезде көрермендер оны ду қол шапалақтап қарсы алды. Алтын апай озінің сызылта салған әсем әнімен жұрт көнілін бір серпілтіп таставады. Ол әсіресе композитор Шәмші Қалдаяқовтың «Ақманадай-лым», «Мениң Қазақстаным» атты әндерін тамаша орындал, көрермендердің ризашылығына бөленді» - десе, Баянауыл ауданының «Қызыл ту» газеті (18.VI.1960): «Сахнаға Алтын Әлиева шықты. Қазақ әндері бірінен соң бірі аққан бұлақтай сыңғырлап құйылады. Тыңдаушылар әрбір ән аяқталған сайын қол соғып, көтермелеп отырды» - деп тамсана жазды.

Әншінің Қызылордаға барған сапары жайында облыстық «Ленин жолы» газеті (28.01.1969): «Әр аймақтың өз сахнасының мақтанышы болады. Көмірлі қаланың бұлбұлы, Қазақ ССР-ына еңбегі сінген артист Алтын Әлиева еken. Жыр жолымен біраз асулады өтіп, халықтан өзінің лайықты бағасын алған әнші енді өз үнін Сыр бойының сауықшыл халқына есіттіре келіпті. Ол «Қарағанды вальсі», қазақтың халық әндері «Ләйлім», «Ауылың сенің іргелі» әндерін шалқыта да, тебірене жырлады» - деп әнніге жоғары баға берген еken. Мұндай сөздер таңданып, тамсанудан ғана емес, үлкен бір тебіреністен туады. Тыңдаушысын тебіренте білген әнші бұлбұл емей неменс? Өзіміз сипайылық жасап айта алмаған сөзді өзге жұрт айтып жатса, бал ұрттататын ауызға қақпақ болғанымыз жараспас. Бұлбұл десе, бұлбұл еді деп құптайық.

Алтынмен бірге қызметтес болғандар оның адамгершілігін жоғары бағалайды. Кезінде әншімен бірге гастрольге шығып жүрген, бүгінде белгілі домбырашы Тұңғышбай Игенбеков: «Алтын апайдың мінезі жайдары, бапты еді. Әншінің кәсіби деңгейі, орындаушылық қабілеті ете жоғары болатын. «Сырлы аяқтың сырлы кетсе де,

сыны кегпейді» деген той. Сол кездері жасы шамамен 54-55 – те болар. Үні кен, таза, дауысы тозбаған, сыңғырлап тұратын» - деп еске алады.

Әнші 1970 жылы зейнет демалысына шығады. Сонда да әншіліктен кол үзбеген. Өмірін өнерге арнаған жан қол қусырып отырмай, концерттерге шығып тұрған. Сүйікті әншісін халық оның жасына емес, тажайып өнеріне қарап сыйлаған. Зейнетке шықса да, оны сахнадан көрген жұрттың қуанышында шек болмайтын. Оған Шет ауданының «Ильич туы» (24.04.1971) газетінде шыққан мына бір мақала күә. «Алтын Әлиева апай өткен жылы құрметті демалысқа шықса да, әлі де коллективінен кол үзбей, қазақ совет композиторларының әндерін жұртшылыққа кеңінен насиҳаттауға еңбек сіңіріп жүргені қөңілге қуаныш отын жағады» - депті мақалада.

Софыстан кейінгі жылдары Алтын партия және кәсіподақ саласының қызыметкері Мұзафаров Қалкенге тұрмысқа шығады. Қалкен оның өнеріне қолдау көрсеткен жанкүйері, өмірде қолтығынан демеген жансерігі болды. Алтын - 1991 жылы, ал Қалкен - 1996 жылы өмірден өтті. Артында екеуі тәрбиелеп өсірген қызы қалды. Ол - Мұзафарова Алла, консерватория бітірген хор маманы. Алматыдағы П.И.Чайковский атындағы музыка училищесіндегі дәріс береді. Қашшама конкурс лауреаттарын - хор дирижерларын оқытып, тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.

Қазақстанның халық артисі Б.Орлов кейінрек Қарағанды хорында еңбек еткен жылдарын еске түсіріп, бірге істеген достарын ілтипатпен атай келіп: «Қали Байжанов, Қосымжан Бақағов, Кеншімбай Мұстафин, Зәбира Жұбатова, Алтын Әлиева есімдері қазақ халқының басқа да дарынды ұлдары мен қыздарының қатарында Қазақстанның музыкалық мәдениеті дамуының жылнамасына енуі тиіс» - деп жазған екен.

Иә, көмірлі қаланың бұлбұлы атанған дарынды әнші Алтын Әлиеваның әдемі дауысы туған халқының есінде, бейнесі жүрегінде сақталып, оның асыл мұрасы ел игілігіне жарайтыны анық.

Екінші боліл

Әңгәмәр сөйлегенде
жыңғыштың...



Әлем жұлдызы

*Қазақстаниң халық артисі, Әлем артисі
Айман Мұсақожаеваға*

Кеудесіне күмбір-күмбір үн біткен,
Қайран қазақ қарап жатып тұндіктен,
Таң алдында көрген Шолпан жұлдызының,
Арман етіп, талай айлы тұн күткен.

Таң Шолпаны аспан астын мекендей,
Қалар деген көңіліне секем кеп,
Атар таңдан тілең алған, жерде де
Айман деген жұлдыз туса екен деп.

Сол жұлдыз – сен, илан мейлің, иланба,
Атак-даңқың жер жүзіне сиган ба?
Сендей бір қыз – Никколага мұрагер,
Туа алмады Генуя да, Милан да.

Бұлбұл сайрап, тырна ұшқан тыраулап,
Дыбыстарды сөйлеткенде сыр аулап,
Аспабының үнін естіп ғажайыш,
Гварнери жатқан шығар бір аунап.

Саусактарың сым шектерді басты ма -
Сиқырлы үн жібітеді тасты да.
Паганини тірі болса, гүл шоғын
Тастар еді табаныңың астына.

Скрипкада сенен жүйрік асқан ба?
Дарыныңмен арқау болдың дастанға.
Әлем танып жердегі өнер жұлдызының,
Қазағымның даңқы шықты аспанға.

Ұстаздардың ұстазы

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери
Раиса Мұсақожаевага*

Сыйластықты, достықты бағалайтын,
Жүргіннің актығы маған айқын.
Сағалайтын толқын-күй көнілінді,
Әсем әуен жанынды жағалайтын.

Өнер менен білімнің ордасында,
Үйымың бар құйылған қорғасындей.
Саусактарың жүгірсе скрипкада,
Жетісудың жел жетпес жорғасындей.

Біліктілік байқалған әр ісіңнен,
Шәкіртерің білімнің нәрі сіңген –
Женімпаз боп әлемдік байқауларда,
Дарындылық дарытқан дәрісіңнен.

Жаның нәзік ән тұнып, күй сіңетін,
Адам сырын сезініп, түйсінетін.
Жылуың көп жүректен бөліп берер,
Қылығың көп адамзат сүйсінетін.

Қауға айналып жерімнің әр көдесі,
Тауға айналып даламның әр төбесі,
Ұстаздардың ұстазы - өзіңменен
Арта берер елімнің мәртебесі.



Сахнаның Ақансерісі

*Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкери
Назарбек Әмірғалиевке*

Береді тәңірі сүйген ұлға дарын,
Көрмеген жүз ұялтып, былғап арын.
Сол дарынмен сахнаға шығардыңыз,
Қазақтың небір асыл тұлғаларын.

Мүмкін бе шын асылды тот басуға,
Шалқыса шалқар шабыт тоқтасын ба?
Ақансері – Ақтоқты бақыт тапқан,
Қосылып сахнада, отбасында.

Қос шекті қолыңызға ап аспапты,
Бір шертіп, шырқағанда «Адасқақты»,
Елітіп, әнмен бірге қалықтаған,
Жас көңіл жаңылмапты, адаспапты.

Балғын шақта доп теуіп, асық атқан,
Туган жердің құмы мен тасы мақтан.
«Ақсу вальсін» ең алғаш естігендे,
Асаяу өзен кеудемде тасып аққан.

Сырлы саз сезім тілін сөйлеткенде,
Шарықтап шартарарапқа ой кеткенде,
«Қаракөз» әніңізді шырқап тұрыш,
Сөз айтқанмын қаракөз бойжеткенге.

Шошытпасын өмірдің күзі бізді,
Мұң шалмасын, Наз – аға, жүзіңізді.
Көп шиырдың ішінен келер ұрпақ
Таныш, тауып алады ізіңізді.

Күй толқыны

*Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, күйши
Рақым Тәжібайұлына*

Күй шертсөң, шабыт құсын қондырасың,
Көңілді шапағатқа толтырасың.
Әзіңсің болашаққа жеткізетін
Қазақтың күйі менен домбырасын.

Ағытсан қүйдің тасқын бұлағын да,
Толқын бол қосылады ұлы ағынға.
Әсері – көргендердің көңілінде,
Әуені – тыңдағанның құлағында.

Айнымай тұлпарлардың шабысынан,
Дүбірлеп, оң қолыңың қағысынан
Төгілсе күй толқыны, шабыт алдың
Ақсудың арындаған ағысынан.

Шанағы домбыраның дүбірлесін,
Екі шек безек қағып дірілдесін.
Күй болып күңіреніп кеткенінде,
Рухын бабалардың тірілтесің.

Әзіңдей дарындыны күйге зерек
Қадірлеп туған елің сүйген елең.
Аман жүр домбыранды күмбірлетіп,
Қазақтың кең даласын күйге бөлеп.



Қазақтың Шамғоны

(дастан)

Назға бөлеп, әдемі сазға бөлеп үй ішін,
Балбыратқан баланы, келгендерді күй үшін,
Үйден шыға Шоқат карт сүйей салған іргеге,
Сал домбыра балаға айтатындей бірдене,
Оңашада сыйырлап, сыр ашардай жасырын,
Шақырғандай болады, сыйлайтындей асылын.
Сонда бала ұмтылып, ұстайтындей күйді ізгі,
Сәл жасқанып, қос шекке саусақтарын тигізді.
Шашылғандай нотасы, күмбір етті домбыра,
Суық қарып, жотасы дір-дір етті тоңдыра.
Күйге тойған аспаптың қозы қарыны бұлтилып,
Құлағына баланың жібергендей үн құйып,
Салқын қөніл жылынып, оянды бір құштарлық,
Қалың қардың астынан көк шыққандай қылтилып.
Күмбір үннің сан қылышы сұрағы бар толғаса,
Естір ме еді елгезек құлағы бар болмаса.
Жетелер ме сол үнді өнерде үлкен жолға сап,
Кеудесінде күйдің бір бұлағы бар болмаса.
Төл өнерін халқының әлемдік бір деңгейге
Көтергенін мақтан ғып, таң қаламын мен кейде.
Танытар ма әлемге / биік деңгей ол да аса /
Өзінің де соған сай дарын қүші болмаса.

Асыл затты
өзгелерге қимаған,
Көрінгенге бермейді ғой сыйлы адам.
Жас Шамғонға үміт артқан Жұбанов
Дирижерлық таяқшасын сыйлаған.

Тарту ету талаптыға талпынған -
Жақсы ырым, қалған нышан салтымнан.

Күдіретті таяқшаны ертеде
Жасатыпты жез, күміс пен алтыннан.

Берлиоздың көніліндегі тәтті арман
Мендельсонмен кездескенде ақталған.
Маэстро сыйлапты оған таяқша -
Киттің мұртын, былғарымен қапталған.

Дей алмаймын ақыл-ойға кененмін,
Ізденгенге - табылады менен мін.
Жұбановтың сыйлағаны қәдімгі
Іілмейтін бұтағы екен еменнің.

Ахаң бейне бағбандай бақтағы,
Дарындарды аялады, баптады.
Шамғон талай өтеді оның үмітін,
Тұған елдің сенімін де ақтады.

Жігерлі еді, жібермеді мін істен,
Асқақ оның атақ-даңқы, үні үстем.
Ахаң берген қаралайым таяқша
Қымбат оған алтыннан да, күмістен.

Ұлттық өнер өр тұлғасы, жартасы,
Ол да - пенде, бар достары, бар қасы.
Жұбановтың алақанмен қаққанын
Әлі қүнге ұмытқан жоқ арқасы.

Тілі - садақ, боздататын жебені,
Сөз айтады, қаққандай ғыш шегені.
Құлағында - бұлбұл үнді Күләштің :
“Әй, жарайсың, сары бала” - дегені.

Елім десе - тер төгеді, төзеді,
Жерім десе - өртенеді өзегі.
Лемшевтің қатты қысқан қолдарын
Әлі күнге алақаны сезеді.

Нұрландаған шабыт тұнған өмірін
Екі шектен ағытылған қоңыр үн.
Хренников құшағының ыстығы
Әлі күнге жылдытады көңілін.

Көкшіл көздер - көл секілді тұнғиық.
Ол сейлесе, тыңдамайды кім ұйып?
Көз алдында - “оркестрдің құты” - деп,
Конаевтың қарағаны жымып.

Жүргегінде жарасы бар ол да анық,
Теніз болып тебіренеді, толғанып.
Жақсылықты ол ұмытқан жоқ, оны да
Туған елі ұмытпаса болғаны.

“Сарыарқа” / Құрманғазы /

Қимылын дирижердің бағып епті,
Оркестр танытады қабілетті.
Шамғонның сілтеп қалған таяқшасы
Аспанның сіріңкесін шағып өтті.

Шарт сынған нажағайдан жарылды аспан,
Адырда ақ бәкен бол сарын қашқан.
Шоқ түскен өзегіне адудын күй,
Жосады от сезімнен арылмастан.

Төрт дыбыс! - түсетіндей аспан құлап,
Керен де шыдай алмай басқан құлақ.
Жай оты бұрк еткізіп топырақты,
Бұлқынып сонда көзін ашқан бұлақ.

Өзен де арнасынан тасып ақты,
Білмейтін тосылуды, жасымақты.
Жер шарын жалт қаратып екпінімен,
Тұлпар-күй арындайды басы қатты.

Сүйдірсе - күйдірдердеги оты ерінді,
Тасқын күй ыргағынан от өрілді.
Далаңы дүсірлеткен тұяқтардан
Шаң емес, қазақ рухы көтерілді.

Ой салып, аңсарынды саралатты,
От салып, қан тамырды аралатты.
Жалына заулап аққан уақыттың
Ұлт намысы жармасып бара жатты.

Қыр бөгіп, күй-нөсерге малынды сай,
Кеткен жоқ ешкімге есе, алынды ұпай.
Қазақтың намысы мен рухы қозғап,
Орнынан көтерілді қалың қытай.

“Махамбет”

/ Тілендиев /

Ақтабан сойлегендей күбірлең құр,
Аңқытып изен иісін түбір жеп тұр.
Жарықтық кісінese азынатып,
Кетеді ереуілден, дұбірлең қыр.

Шоқ қоздап, адудынды үрлеген жыр,
Басталды лапылдаған дүрбелен өзі.
Тартыстың үш жолы бар : не жеңесін,
Өлесін, не шығасың түрмеден өзі.

Боларын өзі шайқастың білем бүгін,
Қысас көрмей майданға тіленді кім?
Қос шекті таяқ ұстап, дүрбеленге
Қосылды тентек ұлы Тілендінің.

Халық кегі жалтылдаған айбалтадай,
Сес - сұлтанға, сертінен тайған талай.
Өрлігі қыран болып саңқылдаса,
Қарға-құзғын қанатын жайды анталай.

Жалынды жыр жатталар қурандай-ды,
Өр дауысы ақынның ұрандайды :
“Халық болса - хан болар, ал халықты
Ойламаған - хан болып тұра алмайды!”

Ақын үні жаңғыртып құба белді,
Қара халық жанымен ұғады ерді.
Ертоқымы бауырында, Ақтабан ат
Қырға қарай шыңғырып шыға берді.

Еркіндік-ай! Алдың - жар, артың - қайғы,
Жасқанса да, батырлар тартынбайды...
Ақ таяқша Шамғонның қолындағы
Сілтесе, ақ алмастай жарқылдайды.

Шайқастан сол бір жеткен үн дүрмелі,
Оркестрде күй болып құмбірледі.
Қоңыраулы найза ұстаған батырлардың
Аруғы қоңырау бол құнгірледі.

“Ақсақ киік”

/ Құрманғазы /

Шамғонның қеудесін күй кернеп, керіп,
Қолдарын жібергенде сермеп келіп,
Жусанның иісі аңқып, мұрын жарыш,
Таңдайдың дәмі кетті кермектеніп.

Саусақтар пернелерге тиіп, басып,
Мұнды саз көңілдегі күйікті ашып,
Оқ тиген жамбасынан қан сорғалап,
Барады маң далада киік қашып.

Қашады жан үшыра, жанталасып,
Жан-жақтаң үрей қамап, анталасып.
Тынысы тарылады, оқпе қысып,
Жел де жок жіберердей аңқаны ашып.

Алғандай қыр еркесін өкпелетіп,
Күй-сарын екпіндегіп, тәкпелетіп,
Сезімін дирижердің ыргаққа сап,
Киікке жетіп қалды өкшелетіп.

Күй айтты : “аялдашы, ақсандаамай,
Көресің күтіп-балтап, бақсам қалай?
Тәніңе жара салған мерген оғы,
Жаныңа жарқылдаған дақ салғаны-ай”.

“Боз жусан артық шыққан бір түп анық
Нәсібің, таусылды ма?

Жұртың налып

Қала ма, ашық жараң асқынбасын,
Таңайын көйлегімді жыртып алыш”.

Киік айтты : “Қашамын, амал қанша,
Екі аяқты қасқыр кеп жан алғанша.

Алланың оғы тисе, арманым жоқ,
Алқымга қара пышақ қадалғанша”.

Күй айтты : “Мына сөздің ауырын-ай,
Айтылған адамзаттың қауымына-ай.
Өзінің даласында құғын көрген,
Қаракөз, айналайын бауырым-ай”.

Күй өксіп ырғағын да үзіп алды,
Көнілде өкініштің сызы қалды.
Тарихтың аударылған парагында
Киіктің қызыл жоса ізі қалды.

Ел намысын көтерген нардай жалғыз өркешті,
Күй сазына бөлеген халқымызды әр кеш бір.
Тұсауын да кестіріп, бата алған Шәкенен,
Бел баласы - Тәттімбет атындағы оркестр.

Жұрттан бұрын түсінген күйдің тілін күмбірлі,
Ағамыздың жан сырын кім түсінді, кім білді?
Мактай алмай дауыстап, міңгірлейді біреулер,
Күмбір болса бір сәрі, тыңдамайды ол міңгірді.

Көнілге мұңқірленде, сағыныш бол жатыр-ау,
Көкейінде көлбендеп Орал менен Атырау.
Әгейсінді демесін, қайырлатпай кемесін,
Желкеніне жел берсек болмас па еді, апырау.

Мүмкін емес сезінбеу, мүмкін емес көрмесу де,
Әл мензеген занғарға оркестр де өрлеуде.
Қиядағы қырандай көз салады биіктен,
Қолдан тұрса сүйікті ел, басылмайды өр кеуде.

Пері депті адамды - тасқындаған дарыны,
Сері депті адамды - басылмаған арыны.
Періліктің желісі, серіліктің жемісі -
Жетпістегі ағаның жетідегі Нарыны.

Селдірекен шаштары селеуіндей даламның,
Анау баста тұнып түр музыкасы ғаламның.
Сай : таңдайға - нақылы, аймандаға - ақылы,
Ордені де “Парасат”, парасатты ағамның.

Біреу үшін бәлкім, ол - қазақтың бір сары шалы,
Елестетем еңселі биік тауды аршалы.
Өрендерге Қолбасы, дарындының жолдасы,
Дирижерлік өнердің өресі зор Маршалы.

«Ертең кетем»

Әрбір күйі – жыр-дастан,
Қыр маңғазы атанған.
Күй шертуде кім асқан
Құрмангазы атамнан?!

Құрмангазы түрмеде
Біраз болды жатқалы.
Азық болып бүргеге,
Азабына батқалы.

Төрт бұрышты тас қамал,
Тас төсегі бар тағы.
Жоқ істейтін басқа амал,
Домбырасын тартады.

Бұғін отыр жадырап,
Қашанғы бұл ұтылмақ.
Түрме қалып адыра,
Ертең қашып құтылмақ.

Бұғін тіпті желпініп,
Домбыраны ап жігерлі,
Құлақ күйін келтіріп,
Қағып-қағып жіберді.

Күніне мың шертсөң де,
Қоймайтығын болдыра,
«Ертең кетем, ертең» деп,
Сөйлем кетті домбыра.

Домбыра үні – сүйіне
Күнде тыңдал жүрген үн.
Құлақ тосты күйіне
Күзетшісі түрменің.

Күй сәйледі:
«Қашамын.
Ертең кетем еліме.
Омырауды ашамын
Қырдың ерке желіне.

Кімің мені аяпты,
Мен де аяп не етемін?!

Кісендердің аяқты,
Кісеніңмен кетемін.

Ертең десең кешіктің,
Бұғін үйір бұлтыңды.
Құлының сал есіктің,
Бұзып шығам құлтыңды.

Күгүн бассын камшыға,
Жеткізбеймін, оқ болам.
Айналам да тамшыға,
Күмға сіңіп жоқ болам.

Бой тасалап төбесі,
Ши қалқалап жұзімді,
Туган жердің көдесі
Жасырады ізімді.

Кыр ауасы – сый құрлы,
Дей бер бойға күш енді.
Таспен емес, сиқырлы
Күймен ашам кісенді.

Бір төбенің астында
Ат тұрады тұсаулы.
Мініп алтың қаштым ба -
Арманда ма ұстауды.

Оятамын қырымды,
Тасырлатып тұяқты.
Айттым барлық сырымды» -
Деп күмбірлең күй акты.

Күзетші орыс жасамыс
Тұсінетін күй тілін.
Атыш тұрып, асығыс
Түймеленіп кителін,

«Қырсығынан осының
Мекендетер Сібірді» -
Деген ойдан шопынып,
Бастығына жүгірді.

«Жоғары мә - мәр – тебелім,
Болса егер түйсігім,
Түсіндім не дегенін
Анау тұтқын күшпінің.

Бәлкім, күзет қойылар, -
Деді тілі күрмелे, -
Ертең қашпақ ойы бар,
Калмақ емес түрмеде».

Асқақтатып шен тіптен,
Бастығы алда – арағы,
Күзетшіге ентіккен,
Қабақ шыта қарады.

Алтықпады, саспады,
Толқығанын жасырыш,
Жұз граммды таstadtы,
Көмейінен асырып.

Аузын сұртіп жеңімен,
Ыңза етіп жұтқынын,
Мысқылдады: «Сенімен
Сырласты ма тұтқының?!»

Сол мысқылмен бастығы
Қарады тас мұсіндей.
Әзілі, әлде мастығы,
Күзетші түк түсінбей,

Белгісі жоқ тіршілік
Алдында сол мұсіннің,
«Таксыр, - деді түршігіп, -
Музыкасын түсіндім».

Тастар еді бір шертіп,
Мысқылымен уытты,
Кекесінмен мырс етіп,
Бастық түсін сұйтты:

- Жоғал, қалмай мазакқа,
Не деп тұрсың мінгірлеп?!

Музыка жоқ қазақта,
Жай бір діңгір-діңгірлек!

Түсінбеудің сол құны:
Ертеңінде – дүрбелен.
Құрманғазы сол тұні
Қашып шықты тұрмаден...

... Үнінде бар жылдылық
Әуенде кім сүймеген.
Неткен ғажап ұлылық,
Сырын айтқан күйменен!

Неткен дарын кернеген,
Сана сезіп, ой жеткен.
Қос шек, тоғыз пернемен
Ку ағашты сөйлеткен.

Күйдің құны шамалы,
Бағаланбас ол да аса,
Ұғар сезім саналы,
Естір құлақ болмаса.

Сезем күйдің күшін мен,
Тартқан қырдың «бұзығы».
Қандай дана түсінген
Орыстың сол мұжығы.

«Сылқылдақ»

(дастан)

«Күйші кепті ауылға»,
Жатыр хабар таралып.
Өнер сүйер қауымға
Бұл бір үлкен жаңалық.

Келіп жатыр жан-жақтан,
Ақ боз үйдің алдында
Сапырылысқан аяқтан
Жапырылды шалғын да.

Сауықшылдау ел еді,
Алмағасын түрініп,
Бір атамыз келеді,
Етегіне сүрініп.

Күйді ішер ас ұғыш,
Үлкен санап ән жолын,
Бір әжеміз асығыш,
Теріс киді камзолын.

Ұмытқаны не тіпті,
Құнделікті өз ісін.
Балалар да кетіпті,
Жамыратып қозысын.

Қыздар бұрын жетіпті,
Желкілдетіп желегін.
Суга тастап кетіпті,
Ала барған шелегін.

Бір женгеміз асыға
Жүгіріпті сол шақта,

Қазандағы тасыған
Сүті қалып ошақта.

Күнгө жұзі тотығып,
Жетегінде қиялдың,
Жұрт жайғасты отырып,
Сахнағып үй алдын.

Қызығатын достары,
Қызғанатын жат күндең,
Барлығының тосқаны –
Сырбаз күйші Тәттімбет.

Басып жүрек лұпілін,
Ақ боз үйден толғанып
Күйші шықты, үкілі
Домбырасын қолға альп.

Белгісіндей серілік,
Өн бойында сән-көрік.
Қою қасы керіліп,
Қара көзін төңкеріп.

Біледі екен мұртты да
Әдемілең қоюды.
Қызығады жұрт мына
Тақиясына оюлы.

Қазыбектей атаның
Ұланы ғой жоталы.
Жамылышты шапанын
Алтын зерлі, оқалы.

Домбырасын бір қағып,
Құлақ күйін келтірді.

Әр қимылын бір бағып,
Құлактарын ел түрді.

«Ал, агайын, әуелі
Өнерін көр аттың» - деп,
Лепілдеген әуені
Бастап кетті Тәттімбет.

Жұрт қалайша болмас таң,
Теккенде күй бұлағын,
Оқыранып торы қасқан,
Қайшылады құлағын.

Желгені ме, жорта ма,
Көргендерге ой тастап,
Шыға келді ортаға,
Торы қасқа ойқастап.

Елестетті елікті,
Ойнақтаған қырдағы.
Күй әуені желікті,
Мың құбылып ырғагы.

Күй аумалы-тәкпелі,
Сэтте өзгеріп қасқағым.
Жатты ырғаққа дөп келіп,
Әр адымы қасқаның.

Желе беріп бөгеліп,
Қойғандай-ақ арқандап.
Тигендей бір бөгелек,
Басын шүлғып, тарпаңдал.

Одан сайын байқалып,
Ат сымбаты келісті,

Бір орында тайпалып,
Салды жорға желісті.

Атылардай екпіндеп,
Қайырғандай саяқты,
Тұяқпен жер тепкілеп,
Бірде сылтып аяқты.

Байқағанға анықтап,
Желпілдетіп кекілді,
Ауада сәл қалықтап,
Тұрып қалған секілді.

Қалың қауым көзінше
Торы қасқа биледі.
Өрнек тауып өзінше
Әр ыргаққа күйдегі.

Шырман сиқыр торына,
Үзілгендे баяу үн,
Басын иді торы да,
Бүгіп екі аяғын.

«Бәрекелді, - десті ел, -
Садағаң бол кетелік!»
Қошеметті кешкі жел
Жатты аспанға көтеріп.

Самал болыш желіген,
Құлағына тәтті үн кеп,
Қошеметке елтіген,
Елең етті Тәттімбет.

Күйдің сазы әуенди
Жанын баурап барады.

Болып соған тәуелді,
Жан-жағына қарады.

Тал шыбықтай мұсіні,
Үкі таққан бөркіне,
Ыңтық етер кісіні,
Өнері сай көркіне.

Топтан озған жүйріктей,
Шертіп отыр бойжеткен.
Саусақтары сүйріктей,
Әдемі еді, ой, неткен!

Бір қараган адамын
Ететіндегі жараплы.
Нәркес көздің жанарын
Тәттімбетке қадады.

Күй қанатын ескенде,
Дегендейін қалыспа,
Атағынан сескенбей,
Шақыргандай жарысқа.

Қырдың қызыл тулкісі
Кездесті ме аңшыға.
Сыңғырлаған құлкісі
Осып өткен қамшы ма?

Шыдамады, мұндайда
Күйші деген ат – міндет.
Екі шектен үн майда
Төгілдірді Тәттімбет.

Бірде теріс, он бұрап,
Тасытқанда шабытты,

Қыз қолында домбыра
Сезім сырын ағытты.

Күмбірледі толқынды
Талай күйлер кезеклен.
Уақытты сол күнгі
Байқамады ел тез өткен.

Отыр бойын тік ұстап,
Қарттары да жастары.
Таң білініп, шығыс жақ
Арайлана бастады.

Сазды әуендер тартылды,
Қалар барын бүгіп кім?
Қыз өнері сарқылды,
Бітті күйі жігіттің.

Тартпай қыздың ажары,
Бастаған бұл сауықты,
Тыңдаушылар назары
Тәттімбетке ауышты.

Кім ұтылар, кім ұтыш,
Шертсе тағы бір күйді.
Жұрт сенімі, үміті
Көніліне нұр күйді.

Кеудесін үн кернеді,
Ұшырып күй-кептерді,
Басып тұрып пернені,
Қағыл қалды шектерді.

Сылқ-сылқ етіп күй ақты,
Лебі бар бір жылудың.

Су сылдыры сияқты,
Не құлкісі сұлудың.

Су бетінен бөліне
Көтеріліп ақ бу боп,
Қайта қонып көліне,
Сұнқылдады аққу боп.

Ұмыттылды қайғың да,
От сезімге еріді үн.
Сол бір аққу айдында
Тапты өзінің серігін.

Саусақтары бойлады,
Пернелерді сағалап.
Қанатымен ойнады,
Қос аққу су сабалап.

Тағы да қыз күлкісі,
Қытықтап бір кетеді.
Бұлғақтайды үкісі,
Көлбендейді етегі.

Еппен басып пернені,
Екі шектен үн тыңдал,
Әсем саздың өрнегі
Төгіледі сылқылдап.

Оң қолының соққаны
Күй ырғағын мәнді етіп,
Саусақтары тоқтады,
Баяу ғана әндетіп.

Женілерін ақ таңнаң
Мойындармай тұн жатты

Күйші көңілі шаттанған,
Қызға қарап үн қатты:

- «Сылқылдақ» - бұл күй аты,
Қалқам, саған арнадым.
Көңілімнің мұраты,
Осы күйде арманым»

Караса да ерікті,
Кейбіреулер қызғана.
Күйші жігіт көрікті
Үнап қалды қызға да.

Күлімсіреп қарайды,
Бейне балғын бал құрак.
Таң нұрымен арайлы
Екі беті албырап...

... Жаз жылыстап, күз жетті,
Бұлт үйіріп жатты аспан.
Ұзатылыш қыз кетті
Жігітіне атасқан.

Сонда жанын от ұрып,
Қыз күйшіні ойлапты.
Шымылдықта отырып,
«Сылқылдақты» ойнапты.

Сол сезімін альштың
Жаныңмен үқ, күйші інім.
«Сылқылдақта» қалышты
Жүрек сыры күйшінің.

Ән еркесі

Алатауым асқаңтайды,
Ұлылығын ұқтырып.
Қарагайлар қас қақпайды,
Сақшылардай тік тұрып.

Бауырындағы шыршалары
Барлық қызық өрде деп,
Келгенінше мұршалары
Бара жатыр өрмелеп.

Ереуілді жаны аңсай ма,
Тау өзені «аттандай»,
Дүбірлетіп анау сайда,
Қиқу салып жатқандай.

Тастан ыргыш бала бұлақ,
Қалмайын деп дүбірден,
Қоңырауды балағына
Байлад алыш жүгірген.

Көрсеткендей биші талдар,
Өрнегін би тілінің.
Бұрқыраған иісі қандай
Алма ағаштың гүлінің.

Ағаштарды жағасынан
Тентек самал сілкілеп,
Күн шуағы арасынан
Жауып жатыр сіркіреп.

Күннің ұзын сәулелері
Шектеріндей арфаның,
Шертсөң әннің мәуелері,
Төгілердей дархан үн.

Қайқаңдарға тік атылып,
Ширатылмай, тарқалмай -
Бір жол жатыр шұбатылып,
Ат сүйреткен арқандай.

Жол жиегін сүйсіндіріп,
Келеді ағып бір сарын.
Тастақ жолды исіндіріп,
Жарып шығып құрсағын:

Жегілген бір тарантасқа
Қос ат бұлк-бұлк желеді.
Тық-тық етіп таға тасқа,
Әнгे басып келеді.

Салғанында тұяқ дұбір,
Тастақ жол да жырлады.
Таға үні – сияқты бір
Әсем әннің ыргагы.

Екі жігіт тарантаста,
Сұлу отыр тотыдай.
Шырқатады «Қаламқасқа»,
Көздерінің отын-ай.

Шабыттанып алған екен,
Қастарына жанап ек:
Бірі – Күләш, қалған екеу -
Евгений мен Қанабек.

Сезімдерін аялайды ән,
Көніл толқып кетеді.
Үшеуінің саяжайдан
Келе жатқан беті еді.

Ән тербеткен бесігінде,
Сәби кезден емген күй,
«Қыз Жібекті» осы күнде
Жазып жүрген Евгений.

Әнге құмар жаңа лепті,
Келгеніне жыл асты.
Тыңдауға әуес Қанабекті,
Бұлбұл үнді Күләшті.

Қанабек кеп боздатады,
Мұнды әннің ботасын.
Ал Евгений ол жатады,
Түсіріп ап нотасын.

Күләш болса, құлатады
Көмейдегі бұлағын.
Ал Евгений гүл атады,
Әнге тосып құлағын.

Талай әуен сұрыпталды,
Бір-біріне жалтақтай,
Дағдарысып түрып қалды,
Қыз Жібекке ән таппай.

Тамшыдай бір жанаардағы,
Лұпіліндей жүректің,
Болса деген ән ардағы,
Ариясы Жібектің.

Ән біткеннің білгірі еді
Күләш пenen Қанабек.
Шарасыздық білдіреді,
«Әзірge осы ғана» - деп.

Арияға жарап әнді
Түсіре алмай есіне,
Көңілдері жарапанды,
«Әншіміз – деп, - несіне».

Сезімдерін аялайды ән,
Тербеп ойдың жетегі.
Үшеуінің саяжайдан
Келе жатқан беті еді.

Дүсірлетіш тұяқтарды,
Откенде аула тұсынан,
Көтерілген сияқтанды,
Кептер болыш үшіш ән.

Кенет, Құләш белгі берді,
Тоқтады аттар заулаған.
Естіген жан елжірелік,
Ән шығады ауладан.

Сол бір үнмен нұрланады
Ауладағы бау іші.
Нәзік әуен ұрланады,
Сызылым қыз дауысы.

Үні неткен мәнерлі еді,
Сезім от боп барады.
Құйқылжыған ән өрнегі
Бойға шым-шым тарады.

Тыңдаған жан жалықпайтын,
Бөленіп от сезімге,
Әсем әннің қалықтайтын,
Шарықтайтын кезінде -

«Гәкку, гәкку, гәккуледі»,
Күләш сонда қосылып.
Ауладағы бақ гуледі,
Қыз дауысы тосылып.

Дарыны бір гүл ашқандай,
Бағына сол «Гәккудің»,
Үніменен ұласқандай,
Аспандағы аққудың,

Күләш даусы шарықтады,
Өз биігін тапқандай.
Су сылдыры арықтағы
Сүйемелдеп жатқандай.

Тілдесетін көкпен тегі
Алатаудың шыңдары,
Қалың ағаш бектердегі
Тебіреніп тыңдады.

Бардай осы өлеңде арай,
Күн де күліп қарады.
Тарантас та төмен қарай
Ән боп ағып барады.

Tay ішінде той ма, қалай?
Білдіргендей пәк тілек,
Бұлақ біткен ойға қарай
Шапқылайды «гәккулеп».

Евгений де үйшіп қалды,
Болып әнге тәуелді.
Зердесіне құйып та алды
Композитор әуенді.

«Құс төресі – тұғыры айдын –
Көлдің кербез аққуы.
Ән еркесі – Ыбырайдың
Өсем сазды «Гәккуі».

Ал, Евгений, осыны жаз,
Жібек әнін тапты анық» -
Деп, айтқанда досына наз,
Тұрды Күләш шаттанып.

Тамшыдай бір жанаңдағы,
Лұпіліндей жүректің,
Туган солай ән ардагы,
Ариясы Жібектің...

... Күләш әннің бағын ашты,
Әнге махаббатымен.
Бір асудан тағы да асты,
Достық шапағатымен.

Талай дарын сөнерме еді,
Қоштамаса танып шын.
Нағыз достық өнердегі -
Аласармас алым шың.

Біржанның ариясы

Тұған жердің ауасы да шипалы,
Бойы сергек, қанбаса да үйқы әлі.
Кеткендей ме самал желтіп оятып,
Жеткендей ме әлде қайдан күй талы

Таңғы дала секілді бір жыр елі
Сағындырар алыстасаң бір елі

Шакырады шегірткенің шырылы,
Су бойында бұлбұл құстың трельі.

Думанға бар, бозторғайға ән салдыр,
Ән салдыр да, таңдай қағып тамсан бір.
Жетекшісі жетіспейді, әйтпесе,
Бәрін қосса керемет бір ансамбль.

Сауысқандар үшіп жүрген секектеп,
Байқамасын, шырқын бұзбай жет ептеп.
Аяқ өзі-ақ адымдайды ерінсен,
Көніл өзі-ақ әкетеді жетектеп.

Өзен бойы – табиғаттың мүйісі,
Тал-шіліктің тұнып тұрған күй іші.
Әтір дерлік жидесінің жұпары,
Қымыз дерлік қышқыл жусан иісі.

Жүзі әлі тимеген соң шалғының,
Мұлгіп тұрған, шұлғып тұрған шалғының
Самал желліп, шайқап өтсе болғаны,
Оянардай жатқан әлі қалғыш үн.

Құлағына күмбір жетіп сан қылышы,
Бағыт алыш, шабыт әлі шалқиды.
Жүргегін де серілікті сезініп,
Көнілін де ағытады сан күйді.

Тек бәріне қарау керек сағынып!
Лепсінің сол байсалды ағыны.
Иірімдер терендікті білдіріп,
Жетелейді терен ойдың ағымы.

Ентелеп кеп шайып өтсе толқыны,
Сусындайды жағадағы мол құмы.

Сол толқынға қарап тұрып Мұқан да
Асқақ әнші Біржан болып толқыды.

Әні менен жаны тапқан жарасым,
Қайда кетті сүйіктісі – Сарасы?
Көз алдында - қалды сұлу бейнесі,
Жүрегінде - ғашықтықтың жарасы.

Оқжетпестің * аясында табысып,
Откір сөзбен алған біраз қағысып.
Соны ойласа лүпілдейді жүрегі,
Бір сұныш, әнші жаны тағы ысып.

Бір шекісіп бірін-бірі түсінген,
О, махаббат, айналайын күшінен!
Жүрек сыры көрінеді көзінен,
Жан жылуы сезіледі пішиінен.

Ғашықтарды сор айырып, қосқан бақ,
Өңшең әнші, жыршылардан дос тандап,
Думан күрүп баурайында Көкшешінің,
Армансыз бір шырқап еді қос саңлақ.

Тағдыр бірақ тығырыққа тықсырды,
Тәнмен сезіп, жаныңменен үқ сырды.
Қаршығаға алдырмаймын дегенде,
Құзғын келіп бүріп кетті сұқсырды.

Көңілдері тапқан кезде жарасым,
Озбырлық кеп бөліп кетті арасын.
Жазатын сол жүрегінің жарасын,
Енді қайтып көрер ме екен Сарасын?!

Ажыратып қос ғашықты табысқан,
Сансыз оймен қақтығысып, қағысқан,

Арпалысып отыр Мұқан жағада,
Көзін алмай іірімнен, ағыстан.

Рояльда төгілсе де күнде өрнек,
Толғанумен өткен талай түндер көп.
Біржан болып тебіренген Мұқанның
Кекірегін кереметтей үн кернеп,

Көмейінен қоңыр дауыс баяулап,
Құйылады сезім аулап, ой аулап.
Іірімнен шығып жатқан сияқты,
Әсем сазды гармония, бояу нақ.

Қоңыр дауыс бара жатыр биіктеп,
Іірімдер, бояуынды үйіп төк.
Жас тілекті көктейінен қызып тек,
Жас жүректі тілгілейді күйік, кек.

«Дариға-ай, толқын ұрған асав жаным,
Жиынның көрем қашан атқан таңын.
Ақтоты, аяулы ерке түсті торға,
Не шара, босатуға бар ма амалым?

Мен мәңгі, сүйген сәулем, айрылдым ба?
Ақкуым, қос қанатың қайрылды ма?
Тас кескен тауға салса ақ семсер ем,
Мұқалып мен де бүгін майрылдым ба?

Опасыз алды-артың жоқ дүние жалған,
Жазылмас көкірекке қайғы салған.
Бездірдің, бездім бүгін, кеттім қаңғып,
Басқаны іздемеймін Саражаннан!
Көкшетау, құшағынды аш, едің анам ...» **

Шарықта, эн, биігіне Көкшенің,
Құса болған Біржан салдың төк шерін.

Тағдыр тепкен көкіректен әншінің
Кеудесінен ізін өшір окшениң.

Таңып бер сен жүргінің жарасын,
Тауып бер сен сүйіктісін – Сарасын.
Ұлыларын құдіктеніп қарамай,
Болашаққа үміттеніп қарасын.

Арқаның сал, ақының, тарлан-ай,
О дарига, орындалмас арман-ай.
Мұқан даусы үзілгенде талықсып,
Әнге үйіп қалған екен бар маңай.

Күй көмкеріп Лепсінің жағасын,
Толқып жатты.
Бергендей өз бағасын,
«Браво» - деп арт жағынан дауыстап,
Әбікен кеп құшақтады ағасын:

«Апам отыр шейін сенсіз құя алмай,
Асықсам да, сезімінді қия алмай,
Құлақ түрдім жақын келіп тасадан,
Жылап түрдым көздің жасын тия алмай.

Шабыт беріп туған далаң, Лепсің,
Жатқан болар тілеуінді тілеп шын.
Осы операң мақтаны боп халқынның,
Осы арияң қадамыңа гүл ексін».

... Кейін болған елге әйгілі, жария,
Туды осылай Біржан салған ария.
Шабытынды ететін сел- дария,
Туған жерде қасиет бар!
Бар иә!!!

- опера либреттосы бойынша. Тарихи айтыс Жетісуда Ешкіөлмestің баурайында өткен.
- опера либреттосынан алғынды.



Мазмұны

Бірінші бөлім

Өнер өлкесінде

1. Мұқан және оның туған топырағы 4
2. «Қазақ вальсінің» авторы 30
3. Шалқар шабыт иесі 38
4. Шамғон және қазақ музыка өнери 44
5. Жұлдыздың жарығы 61
6. Қали Байжанов және оның ортасы 68
7. Күйші Мұхит 79
8. «Дала академиясының» соңғы түлегі 88
9. Көмірлі қаланың бүлбұлы 95

Екінші бөлім

Әуендер сөйлегендеге жыр тілімен ...

1. Элем жұлдызы 102
2. Ұстаздардың ұстазы 103
3. Сахнаның Ақансерісі 104
4. Күй толқыны 105
5. Қазақтың Шамфоны 106
6. «Ертең кетем» 113
7. «Сылқылдақ» 118
8. Эн еркесі 126
9. Біржанның ариясы 131

Тілеуғазы Бейсембек

ӨНЕР САНЛАҚТАРЫ

Сарашы - Дәния Омашева
Техникалық сарашылар - Т. Ахметов,
Б. Сериков.

Теруге 10.05.2007 жіберілді. Басуға 28.06.2007 ж. кол қойылды. Пішімі
84x90 1/32. Қағазы оффсеттік. Қаріп түрі Таймс. Шартты баспа табак 7,24.
Гаралымы 1000 дана. Тапсырыс 21. «Баспагер» баспасы, Қарағанды-2007

